



ЖОҒАРЫ ҚҰРМЕТ ПЕН СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Тәжікстан Президентімен келіссөз жүргізді.

Тәжікстан Президентінің Астанаға сапары шағын құрамдағы келіссөздерден басталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықты нығайту үшін бұл сапардың маңызы зор екенін атап өтті.

— Сіздің сапарыңыз біздің бауырлас елдеріміз арасындағы шынайы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайту тұрғысынан зор маңызға ие. Елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік, одақтастық қарым-қатынас туралы айтуға толық негіз бар. Астанадағы тәжік мәдениеті күндерінің ашылуына Сіздің арнайы келуіңіздің өзі көп нәрсені аңғартады, — деді Президент.

Өз кезегінде Эмомали Рахмон көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

— Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, шақыртуыңызға, ілтипатыңызға, қонақжайлық көрсеткеніңізге көп рақмет! Ең алдымен, бүгін Сізбен екі ел арасындағы қарым-қатынастың ахуалы мен перспективаларын, сондай-ақ халықаралық және аймақтық мәселелерді талқылағым келеді, — деді Тәжікстан Президенті.

Одан кейін келіссөздер екі елдің делегация мүшелерінің қатысуымен өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда Тәжікстанмен арадағы достық қарым-қатынасты жоғары бағалайтынын жеткізді.

— Бауырлас тәжік халқына қазақ жерінде айрықша құрметпен қарайды. Отандастарымыз қазіргі Тәжікстан туралы көбірек біліп, тәжік халқының бай мәдениетімен тереңірек танысқысы келеді. Осы орайда сіздің осындай ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру туралы бастаманызды Қазақстан халқы мен еліміздің қонақтары ерекше ықыласпен қабыл алды. Бұл айтулы шара екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толған кезеңде өткізілуінің ерекше символдық мәні бар, — деді Президент.

Мемлекет басшысы барлық саладағы екіжақты ынтымақтастықтың, соның ішінде су және энерге-

тика кешеніндегі өзара іс-әрекеттің қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

— Су және энергетика салаларындағы міндеттемелерді орындауға, атап айтқанда, Қазақстанға су және электр энергиясын жеткізуге байланысты шешімді уақытылы қабылдағаныңыз үшін Сізге және барша тәжік тарапына алғысымыз шексіз. Қазақстан өз тарапынан Сіздің алдыңғы сапарыңыз кезінде өзара келіскен барлық міндеттемені орындап жатыр, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның мамыр айында Қазақстанға сапары кезінде қол қойылған Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияның сәтті жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Президенттің айтуынша, биыл 6 айда тауар айналымы 500 миллион доллардан асқан. Бұл ретте өзара сауда-саттық көлемін 2 миллиард долларға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Тәжікстан Президенті де екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайына жоғары баға берді.

— Тәжікстанның мәдениет күндерін және көрмесін, сондай-ақ еліміздің ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп секторы өнімдерінің жәрменкесін Астана, Алматы және Шымкент қалаларында өткізуге қолдау көрсеткеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұл шараларды Тәжікстан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың, стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың үздіксіз дамуының бір белгісі деп бағалаймыз. Бұл шаралар екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 30 жыл толған кезеңде өтуінің өзіндік мәні бар. Бүгінде елдеріміз арасындағы қарым-қатынастың өзара түсіністік, жоғары құрмет пен сенімге негізделгені қуантады. Байланыстарымызды одан әрі нығайту Тәжікстанның сыртқы саясатының негізгі басымдығы болып қала береді, — деді Тәжікстан Президенті.

Әңгімелесу барысында сауда-экономика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, қаржы және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-әрекетті одан әрі дамыту перспективалары талқыланды.

ҰРЛАНҒАН ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУ ҰҰМЫТ ҚАЛМАСЫН!



Бытыр 21 қаңтарда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ірі бизнес өкілдерінің басын қосқан жиында ұлттық байлықтың тең жартысы 162 адамның қолына өтіп кеткенін жеткізіп, отыз жыл бойы «қалыптасқан олигополия еркін нарықтың дамуын салмақты шектегенін және елдің бәсекеге қабілеттілігін құлдыратқанын» жариялаған болатын. Осыған орай шетелге заңсыз кеткен және еліміздегі активтерді қайтару жөніндегі комиссия да құрылды. Президенттің соңғы шыққан Жарлығында бас-аяғы 115 адам жұмыс істейтіні көрсетілген. Үкіметке осы жылдың 31 наурызына дейін активтерді қайтару туралы арнайы заң жобасын әзірлеп, Парламентке өткізуді тапсырды. Ал 12 шілде күні Мемлекет басшысы «Заңсыз алынған активтерді қайтару туралы» жаңа заңға қол қойды. Осы ретте «жаңа заң жобасының негізінде қандай ауқымды істер атқарылып жатыр, бүгінге дейін нақты қанша қаржы қайтарылды?» деген сауалдар туындауы заңды. Осыған жауап іздеп көрдік.

(Жалғасы 4-бетте)



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӘЖІКСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ АШЫЛДЫ

Мемлекеттер басшылары Тәжікстан-ның Қазақстандағы мәдениет күндерінің ашылу рәсіміне қатысты. Шара екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр.

Шара аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон «Астана Опера» театрында ұйымдастырылған Тәжікстанның халық шығармашылығы көрмесін аралап көрді.

Экспозицияға тастан, ағаштан, қыштан және бағалы металдардан жасалған 200-ден астам қол-өнер бұйымы, сондай-ақ дәстүрлі өрнектермен

нақышталған ұлттық киімдер, белгілі тәжік суретшілерінің картиналары және Тәжікстанның көрікті жерлерінің фотосуреттері қойылған.

Содан кейін екі ел басшылары Тәжікстан өнерпаздарының концертін тамашалады. Көрермендерге тәжіктің «Зебо», «Гулрез», «Парасту» би ансамбльдері, сондай-ақ Амирджон Рузи, Шарофат Усмонзода, Ситораи Кароматулло, Тахмина Ниезова, Рахматулло Хошим, Фотимаи Худойберди және тағы басқа әншілер өнер көрсетті.

Тәжікстанның Қазақстандағы мәдениет күндері 23-26 тамыз аралығында өтеді. Шара аясында тәжік кинематографиясының жауһары саналатын «Рустам мен Сухроб» көркем фильмі көрсетілді.

ШҚО-дағы САЯСИ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ 63%-ға ЖАҢАРДЫ

Өңірлерде «AMANAT» партиясы филиалдарының есеп беру-сайлау конференциялары жалғасып жатыр. Осы аптада партияның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының XXXI конференциясы өтті.

Іс-шараға аймақтағы Саяси кеңестің мүшелері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңестердің мүшелері, бастауыш партия ұйымдары мен «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері қатысты.

Делегаттар партияның аудандық және облыстық филиалдарындағы Саяси кеңестердің жаңа құрамын бекітті. Осылайша, 1 қалалық және 10 аудандық филиалдардағы Саяси кеңестердің құрамына 82 адам кірді. Был аталған кеңестердің құрамы 63%-ға жаңарды. Оның 16%-ы — жас-



тар, 34%-ы — әйелдер. Өз кезегінде, «AMANAT»-тың Шығыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Сайрангүл Жұмаділова партиялық жобалардың жүзеге асырылу барысына тоқталды. Кейінгі екі жылда «Ардагерлерді

ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бакытты отбасы» және «Жастар Отанға» жобалары аясында 70 мыңнан астам адамды қамти отырып, 1 150-ден астам іс-шара өткізілді.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨМІР ҚЫМБАТТАСА, ӨМІР ДЕ ҚЫМБАТТАЙДЫ

«Қыстың қамын жаз ойла» демекші, күздің қоңырсалқыны басталғанда қыстың қақаған аязы еске түскені рас. Еліміздің басым бөлігі газдандырылмағанын ескерсек, көмір отыны әлеуметтік маңызға ие бола түсуде. Егер мұндағы бағаны уақытылы реттемесе, ол да қымбатшылық қармағына іліккелі тұр.

(Жалғасы 4-бетте)



АҚШ СЕНАТЫ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев АҚШ Сенаты Ұлттық қауіпсіздік және үкімет істері жөніндегі комитетінің төрағасы Гэри Питерспен кездесті. Кездесу барысында екіжақты парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

Сенат Төрағасы Қазақстан Парламентінің АҚШ Конгресімен тиімді өзара іс-қимылының атқаратын рөлі маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ ол мұндай ынтымақтастық Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынасының әрі қарай дамуына ықпал ететінін тілге тиек етті.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды заңнамалық тұрғыдан

қамтамасыз ету үшін Парламенттің атқарған жұмыстарына тоқталды.

Өз кезегінде АҚШ Сенатының Комитет төрағасы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен елде іске асырылып жатқан кешенді өзгерістердің нәтижелерін жоғары бағалады. Сондай-ақ Гэри Питерс негізгі бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс істеудің маңызына назар аударып, парламентаралық қатынастарды нығайтуға дайын екенін білдірді.

Кездесу кезінде сұхбаттасушылар сауда, қауіпсіздік, орнықты даму және энергетика салаларына қатысты өзекті мәселелер бойынша депутаттардың бірлескен өзара іс-қимылы туралы да сөз қозғады.

КЕНТАУ ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛМАУҒА ТИІС

Кентау қаласының тұрғындарымен кездесу барысында «АМАНАТ» партиясының фракция жетекшісі, Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев жылыту маусымы басталғанға дейін аяқталуға тиіс жөндеу жұмысының барысымен танысты.

«Елімізде өнірлердегі энергетикалық инфрақұрылымның тозығы жеткені жасырын емес. Бұл туралы Мемлекет басшысы бірнеше рет айтқан болатын. Қыстағы Екібастұз, Риддер және Теміртау қалаларында жарық пен жылудың сөнуіне әкеп соққан апатты ұмытқан жоқпыз. Кентау ЖЭО-де дәл осындай жағдай қайталануы мүмкін. Стансадағы жылу қазандықтары әбден тозығы жетіп, үнемі істен шығып тұрады. Бірнеше жыл бұрын қала тұрғындары қыста жылусыз қалған еді», — деді ол.

Халық қалаулысының айтуынша, ЖЭО-ны жөндеу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады және ол 2025 жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс.

«Сайлау науқаны барысында партия Төрағасы Ерлан Қошанов жергілікті жылу электр орталығына жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін шешуге уәде берген еді. Бұл уәде партияның сайлауалды бағдарламасына енгізіліп, жаз мезгілінде нысанда жөндеу жұмысы басталды», — деді Е.Бейсенбаев.



МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ШАРУАЛАРДЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ



Маңғыстаулық фермерлер мемлекеттің қаржылай қолдауына зәру. Дикандарды Парламент Мәжілісінің депутаты, «АМАНАТ» фракциясының мүшесі Еділ Жаңбыршин тыңдап, мәселенің шешілуіне атсалысатынын жеткізді.

Қарақия ауданында 416 шаруашылық болса, оның 41-і егінмен айналысады. Маңғыстаулық егіншілер бәрін өсіруге дайын, тек мемлекеттен қолдау керек дейді. Бүгінгі кездесуге келген егіншілер осындай ұсыныстарын жеткізді. Егін шаруашылығында тамшылатып суару әдісіне субсидия қарастырылған. Алайда қарақиялық дикандар оны алмаған. Егін өсіру үшін құнарлы жер, тұщы су, электр энергиясы және түрлі тынайтқыш керек. Егіншілер осыған да субсидия бөлулі сұрап отыр.

«Субсидия мәселесін басқаша қарау керек. Беріліп жатқан субсидиялар аздық етуі, кейбір мәселелерге байланысты субсидия жок болуы да мүмкін. Екінші мәселе — шығарған өнімді жинайтын жұмыс қолы жетіспейді. Басқа елдердің азаматтарын әкелуге шектеу бар. Сосын сату механизмін мына делдалдар алса да оның бағасын азғантай қосуы немесе өздері тіке сататындай бір мүмкіндік беруі керек әкімдіктер», — деді Еділ Жаңбыршин.

ЕЛІМІЗДЕ KIA ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ



Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр ТМД елдеріндегі Kia корпорациясының президенті Санг Гвон Джонгпен Қазақстан-Корея өнеркәсіптік ынтымақтастығын нығайту мәселелері бойынша кездесу өткізді.

Кездесу барысында елімізде Kia Qazaqstan бірлескен кәсіпорнын құру бойынша құрылтай құжаттарына қол қойылды, ол Қостанай қаласында брендтің жаңа зауытының құрылысына, еліміздегі автоөнеркәсіптің жергілікті орталығының пайда болуына және жаңа форматтағы техникалық мамандарды даярлауға жетекшілік ететін болады. Инвесторлар жобаға 90 млрд тенге салады.

«Қазақстанда Kia зауытын құру туралы шешім Республика Президенті мен Үкіметінің жоғары деңгейде назар аударуының арқасында қабылданды. Біз өз тарапымыздан барынша күш-жігерімізді саламыз және алғашқы қадам ретінде құрылысты осы жылдың қазан айында бастаймыз», — деді Санг Гвон Джонг.

Жаңа Kia зауытында өндірістің толық кезеңі 2025 жылы ашылады деп хабарланды. Оның өндірістік алаңы 85 мың шаршы метрден асады, 1 500-ге жуық жұмыс орнын құру жоспарлануда.



СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ МАМЫРДА СОҒЫЛАДЫ

Бытыр мектептегі оқу 36 аптаға созылып, сәйкесінше соңғы қоңырау салтанаты да 1 маусымда өткізілді. Оқу-ағарту министрлігінің бұл бастамасын қоғам қабылдай қойған жоқ. Ата-аналар тарапынан да көптеген наразылықтар айтылды. Кеше Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова жаңа 2023–2024 оқу жылы 25 мамырда аяқталатынын мәлімдеді. Осылайша, соңғы қоңырау рәсімі бұрынғыдай мамыр айына қайта оралды.

ӘДІЛЕТТІЛІК САЛТАНАТ ҚҰРДЫ

Аманжол ӘЛТАЙ,

Мәжіліс депутаты:

— Алдыңғы жылы Оқу-ағарту министрлігіне депутаттық сауал жолдадым. Себебі министрлік бастапқыда соңғы қоңырауды 31 мамыр күніне белгілеген. Тереңірек үнілсек, 31 мамыр — халқымыздың тарихындағы маңызды, ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алатын күн. Сондықтан 31 мамырға соңғы қоңырау мерекесін қоюға болмайтынны айтып, депутаттық сауал жолдағанмын. Оның алдында министрлікке «Неге оқу мерзімін 36 аптаға создыңыздар?» деп хат жібердім. Оқу-ағарту министрлігі: «Зерттеу жүргізіп, сараптаудың нәтижесінде оқу жылын 36 аптаға созулы ұйғардық» деп жауап берген. Бірақ бүгінгі күн көрсеткендей, олардың бұл шешімі асығыстық болды. Біріншіден, нәтижемен алып қарасак та, 25 мамыр мен 1 маусым аралығында мектептерде мардымды оқу процесі жүргізілген жоқ. Екіншіден, «халық қаласа, хан түйесін сояр» дегендей, ата-аналар да қалыптасып қалған жүйе бойынша соңғы қоңыраудың 25 мамырда өткенін талап етті. Мен де үйренген дәстүрімізбен соңғы қоңыраудың 25 мамырда болғанын дұрыс деп есептеймін. Үшіншіден, 1 маусымдағы соңғы қоңырау Балалар күнімен қабаттасып кетті. Оқу жылының 5 күнге созылып кеткені оқушылардың да психологиялық көңіл күйіне әсер етті. Мектеп бітіріп кеткен түлектер 20, 30 жылдыктарын 25 мамырда атап өтті. Ал оқушыларға 1 маусым күні соңғы қоңырау соғылды. Осылайша, бір мерекелік шара екіге бөлініп қалды. Бұл жауапты министрліктің саралап үлгермей, болашақтағы салдарларына толық көз жеткізіп алмай, асығыс шешім қабылдау керек екенін тағы да көрсетті. Сондықтан өз басым, соңғы қоңыраудың 25 мамырға қайта белгіленгеніне қуаныштымын. Ата-аналар мен оқушылар үшін де бұл көптен күткен жаналық болды. Әділеттілік қайтадан салтанат құрды деп есептеймін.

ҚАЛЫПТАСКАН ОҚУ ПРОЦЕСІ ҚАЙТА БҰЗЫЛАДЫ

Дана РАУ,

педагог, қоғам белсендісі:

— Оқу жылын созу туралы шешім қабылдарда талқылауларға қатыспадым. Бірақ сөз болғанда өз пікірімді жеткізіп, қарсылығымды білдірген болатынымын. Көпшілігіміз куә болғандай, 36 апта бекітілді де, оқу жылы басталғанда күшіне еніп, барлық білім беру процесі осы шешімге бейімделіп, мектептер мен педагогикалық ұжымдар жұмыс ретін толықтай өзгертті. Өткен оқу жылының соңында бұл мәселе қайта көтеріліп, орынды-орынсыз жан-жақты сөз болды. Осыған байланысты 2023 жылдың маусым айында ҰБА жанынан тағы жұмыс тобы құрылып, қызу талқыға түсті. Жұмыс тобының мүшесі ретінде отырысына 2-ақ рет қатыстым. Басқаларының пікірінде жұмысым жоқ. Әркім өз ойын еркін білдіруге құқылы. Қолдағандар да, қарсы болғандар да бар. Өз басым әуел бастан оқу жылын ұзартуға қарсы болдым. Бірақ осы жолы жұмыс тобының дауыс беруінде қолдадым. Неге?!

Өйткені аптаны 34 не 35-ке қысқартқан болса, онда министрлік (орта білім беру комитеті) пен ҰБА-ның бүкіл уақыты оқу процесін ұйымдастыру мен реттеу құжаттарын жөндеумен өткізеді де, оқу жылының басында қайта бірінен соң бірі құжаттар мектептерге жіберіледі. Әрине, мектептің қалыптасып қалған оқу процесі қайта бұзылады. Мұғалімдер күнтізбелік жоспарын қайта жасайды, тағысын тағы. 36 аптаны қолдаған себептеріміздің бірі де осы. Сондай-ақ процесі ұйымдастыру мәселелерін талқылап уақыт өткізу жалықтырып жіберді. Бұдан да маңызды мәселелер бар. Бұл — білім беру мазмұнын түзету мен ресурстарының сапасын жетілдіру. Былай қарасаң, оқу жылының ұзақтығы бізде онсыз да 38 апта. Өйткені оқу жылын 11-сыныптан емтихан алып, түлектерді шығарып салумен аяқтаймыз. Ал ұзартылғаны — оқу апталары. Оның өзі, 36 апта болғанмен күнтізбелік 5-ақ күн қосылды. Иә, каникул күндері қысқарды. Ештеңе етпейді. Есесіне сенбі күндері балалар өзінің жеке дамуына мүмкіндік алды.

Сонда бізде оқу жылының ұзақтығы онсызда 38 апта — 190 күн. Ал оқу апталары — 36, 180 күн. 3 айдан аса уақыт демалыс уақыттары, мереке күндерімен қоса жарты жылға жуық.

Біріншіден, осы даудың туғаны басқару менеджментінің де әлсіздігі.

Оқудың алдыңғы және соңғы апталарының ұйымдас-тырылуы да мектептің ішкі жоспары. Нақты жоспарлар құрылмағасын, ата-аналар оқу процесін ұйымдастырылуынан хабардар болмағасын, мектептің ішкі жұмыс тәртібіне араласып, қайтсе де бір кемшілік іздеп тұрады. Жарайды, 34 аптаны қайтарды деп, бөріктерін көкке атып қуанып жатыр. Құба-құп. Бірақ қазір заңға өзгеріс енгізгенше, заң негізінде оқу бағдарламаларын реттегенше, оларға сүйеніп мұғалім күнтізбелік жоспарын жасағанша, кем дегенде бір ай уақыт зая кетуі мүмкін. Әрине, ӨНХ уақытымен жетіп, қолдарына тисе мектеп ұжымын басқарушы әкімшіліктің жоғары және тапқыр құзыреттілігі кез келген тығырықтан шығу жолын табады.

Екіншіден, басқару менеджменті бұл жерде тағы бір өзінің табандылығы жоқтығын көрсетті. Мемлекеттік уәкілетті ұйым ретінде, стратегиялық жоспарлау орталық ретінде табандылық білдіргені дұрыс па еді деп ойлаймын?! Өйткені бұл жағдайдан кейін жүз жерден озық болса да жаңалықтар енгізу қиынға түсуі мүмкін. Себебі үнемі наразы қауым көңіліне, жеке мүддесіне жақпағанын дәл осылай «шулатып» шешіп отырады. Дегенмен шешім қабылданды. Қалай болса да ең әуелі білім алушы балалардың игілігіне жазсын.

Дайындаған Көктем ҚАРҚЫН

ШҚО-дағы САЯСИ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ 63%-ға ЖАҢАРДЫ

(Басы 1-бетте)

«Быттыр облыстық комиссия «Жер аманаты» жобасы аясында 100 мың гектардан астам пайдаланылмай жатқан жерді мемлекет меншігіне қайтарса, жыл басынан бері тағы 61,3 мың гектар жерді қайтарып алды. Биыл Ұлан ауданы Пагарино ауылы мен Алтай ауданы Северное ауылы тұрғындарының өтініші бойынша партияның араласуымен жайылымдық және шабындық жерлерді қайтару мәселесі оң шешімін тапты», — деді ол.

Ал Шығыс Қазақстан облысының мәслихатындағы «AMANAT» депутаттарының атқарып жатқан жұмысы жөнінде партияның депутаттық фракциясының жетекшісі Тұрарбек Әзекенов баяндады. Халық қалаулылары азаматтарды қабылдап, партиядағы қоғамдық кеңестердің жұмысына қатысады және «AMANAT»-тың өңірлік сайлауды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалайды.

«2027 жылға дейін 6,8 мың оқушыға арналған 17 мектеп салу жоспарлануда. Бүгінде Өскемен қаласында 600 орындық, Зайсан қаласында 300 орындық, Шемонаиха қаласында 300 орындық және Шенгелді ауылында 100 орындық мектеп құрылысы жүргізіліп жатыр. Депутаттық



бақылаудың нәтижесінде «Омбы — Майқапшағай» жолы жөнделді», — деді ол.

Жалпы, 2021-2022 жылдар аралығында өңірде 4 мектеп пайдалануға беріліп, мұражай-археологиялық кешен, 2 ауылдық клуб, 5 спорт нысаны салынды. Сонымен

қатар әлеуметтік саладағы 69 нысан жөнделіп, 600 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Осы күні «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек өңірдегі белсенді жастармен, жас спортшы-

лармен кездесті. Балалар мен ересектерді салауатты өмір салтын ұстануға баулу мақсатында «AMANAT»-тың өңірлік сайлауды бағдарламасы аясында 13 спорт нысанын, оның ішінде 3 GYM орталығын, 3 спорт модулін және 6 дене шынықтыру-

сауықтыру кешенін салу көзделді. Сонымен қатар 100 мыңнан астам бала спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге тегін қатыса алады.

Атқарушы хатшы бастауыш партия ұйымдарының төрағаларымен әңгімелесіп, БПҰ саяси белсенділіктің өзегі әрі қозғаушы күші саналатынын атап өтті.

«Бүгінде «AMANAT»-тың 800 мыңнан астам мүшесі 4 мың бастауыш партия ұйымына біріктірілген. Шын мәнінде, олар — саяси ұйымымыздың негізі. Дәл сол ортада азаматтар партия қатарына қабылданады және қоғамда партияның құндылықтарын ілгерілетуге қабілетті жана көшбасшылар қалыптасады. Екі жыл сайын қоғам белсенділерін анықтап, оның нәтижесінде партияның кадрлық резервін қалыптастыруды күн тәртібінен түсірмеу керектіз. Партиялық ұйымдардың маңызды функцияларының бірі — жергілікті көшбасшыларды қолдау. Біздің партия олар үшін өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретін алаңға айналуы шарт», — деді Дәулет Кәрібек.

Айта кетейік, Шығыс Қазақстан облысында 155 бастауыш партия ұйымына біріктірілген 28 мыңнан астам «AMANAT» мүшесі бар.

БИЗНЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстандағы фармацевтика өнеркәсібін қолдау, отандық жиһаз фабрикаларына тапсырыс беру, ұзақмерзімді келісімшарттар жасау және фермерлерді субсидиялау. Осы және өзге де өзекті мәселелер 18 тамызда «AMANAT» филиалдары жанындағы экономиканы, кәсіпкерлікті және аграрлық секторды дамыту жөніндегі өңірлік кеңестердің кеңейтілген отырысында талқыланды.



Жиында Қарағанды, Павлодар және Ұлытау облыстарының кәсіпкерлері мемлекеттік органдарға өз мәселелерін жеткізді.

«Қарағанды облысының кәсіпкерлері этил спиртінге акцизді енгізу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауды бағдарламасын жүзеге асыруға кедергісін келтіреді деп есептейді. «Президент ішкі нарықтағы отандық өндірілетін дәрілердің үлесін 50%-ға дейін арттыруды тапсырды. Алайда акциздің пайда болуы белгілі антисептиктер мен йод, зеленка, шөптен жасалған дәрілер бағасының өсуіне әкеледі. Осы және өзге де дәрі-дәрмектердің 75%-ға қымбаттауына әкеп соғалды», — дейді олар.

«Фармация 2010» ЖШС директоры Серік Қуанышевтің айтуынша, бұл отандық дәрі-дәрмекке деген сұраныстың төмендеуіне және соның салдарынан олардың нарықтан жойылып, Мемлекет басшысының тапсырмасының орындалмауына әкеп келеді.

«2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап сатылған немесе медициналық және фармацевтикалық препараттарды дайындау үшін пайдаланылатын денатуратылған этил спиртінге 600 теңге көлемінде акциз енгізілмек. Қазір бұл спиртті 25 қазақстандық дәрі өндіруші пайдаланады. Бұл арзан дәрілерді өндіруге мүмкіндік береді: валерианын тұнбалары, қырмызы, долана, корвалол, салицил спирті, камфора спирті және т.б. күнделікті өмірде қолданылатын дәрілер. Осы акцизді енгізу арқылы қазақстандық құрамында алкоголь бар өнімдер 75 пайызға қымбаттайды, оны алып тастауды сұраймыз», — деді ол.

Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасары Мирас Зерипбаев бұл мәселеде Қазақстанда алкогольдің барлық түрлеріне акциздік салық салынатынын атап өтті.

«Фармацевтика саласының пайдасы көп. Заннама денгейінде олар импортқа қосылған күнға салықтан босатылған. Акциздер мәселесі одан әрі зерделеуді және талқылауды қажет етеді», — деді ол. «AMANAT» партиясы Хатшысы Эльдар Жұмағазиев бұл мәселе Үкіметтің назарына ұсынылатынын, партия мәселені шешуге күш салатынын айтты.

«Мәселені шешуге ескі көрсеткіштермен қарауға болмайды. Себебі біз бір орында тұрмай, дамып келеміз. Жана

тауарлар мен қызметтер, жана препараттар пайда болуда, нарықтағы «ойын ережелері» де күн сайын өзгереді. Ал біздің фармацевтика өнеркәсібіміз шетелдік өндірушілермен тең емес екендігі белгілі. Мәселені Ұлттық экономика министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен талқылаймыз», — деді ол.

Ал Ұлытау өңіріндегі кәсіпкерлер пайдасы қазбаларды өндіретін корпорацияларға шағымданды. Олар жер қойнауын пайдаланушылар көбінесе қазақстандық компанияларға жеткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуде қысқартымды келісімшарттар жасайтын айтады. Бұл туралы «АнМарк» ЖШС директоры Думан Жаманов мәлімдеді. Оның айтуынша, жер қойнауын пайдаланушылар келісімшарттарға қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілерді банкроттыққа жасын жағдайға әкеліп отыр.

«Осы ретте бізде мынадай сұрақ туындап отыр. Жер қойнауын пайдаланушылар шағын бизнеске қолдау көрсете ме, әлде шағын бизнес жер қойнауын пайдаланушыларға қолдау көрсете ме? Мысалы, наурыз айында орындалған жұмыс үшін төлем мамыр айының басында ғана алынады. Бізде барлығы тек Қазақмыс арқылы жүзеге асады. Жергілікті кәсіпкерлер 3-5 жылға тауар жеткізуге, жұмыс істеуге және қызмет көрсетуге ұзақмерзімді келісімшарттар алғылары келеді. Бизнесің жол картасы бойынша біз 3-5 жылға несие аламыз, бірақ жоба өзін-өзі ақтағанша көп уақыт қажет. Сондықтан ұзақмерзімді келісімшарттар қажет. Жер қойнауын пайдаланушыларды үш және бес жылға дейінгі мерзімге келісімшарт жасау туралы заңнамалық норманы қолдануға міндеттеуді сұраймыз», — деді ол.

Жауап ретінде, QazIndustry АҚ жергілікті қамтуды дамыту және мониторингілеу дирекциясы басшысының орынбасары Гузалия Сыздықова «Индустриялық саясат туралы» заң аясында ұзақмерзімді шарттар жасау мәселесін пысықталып жатқанын, мұнда «көпілдендірілген сатып алу» сияқты келісімшарт түрін енгізу жоспарланып жатқанын айтты.

«Жер қойнауын пайдаланушылар импортталатын тауарлардың тізбесін жасақтауда, ал оларды сатып алуға басымдық отандық өндірушілерге беріледі», — деді ол.

Сондай-ақ Ұлытау өңірінің кәсіпкерлері жер қойнауын пайдаланушыларға

тауар жеткізу және қызмет көрсету келісімшарттарын біржақты тәртіппен бұзуға тыйым салуды және келісімшарттағы бағаларды валюта бағамына байланыстыру шартын қолдануды сұрайды. Өз кезегінде Индустрия министрлігі бұл бастамаларды қарастыруға уәде берді.

Сонымен қатар Қазақстандық жиһаз өндірушілер де өзекті мәселелерін айтты. Жиһаз жасаушылар гильдиясының президенті Карлығаш Байбоченованың айтуынша, отандық кәсіпорындар «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына қатысуға үлкен қызығушылық танытып отыр. Бірақ әзірге мектептерден де, жобаның үйлестірушісі Samruk-Kazyna Construction АҚ-тан да тапсырыс түспеген.

«Жүйелілік пен кадрлардың болмауы бұл жобаны әзірлеуді қиындатады. Жиһазды шетелден сатып алу қаупі бар. Қазір жиһаз шығаратын фирмалардың бәрі тым-тырыс станоктарды сатып алып, өндірісті кеңейтіп жатыр. Бірақ жиһазды кессек те, оны құрастыратын ешкім жоқ. Қазақстанда құрастырушы, механизатор, жиһаз жасаушы мамандар даярланбайды. Біз жиһаз өндірісінің стандарттарын дайындап жатырмыз. Өйткені олар қазір Қазақстанда жоқ. Ұлттық жобаның техникалық ерекшелігі жоқ. Сондай-ақ «Жайлы мектеп» жобасын жүзеге асыру бойынша өңірлік комиссиялардың құрамына біздің өкілдер де әлі күнге кірген жоқ», — деді ол.

«AMANAT» Хатшысы Эльдар Жұмағазиев Білім министрлігіне отандық жиһаз өндірушілерді қолдау мақсатында «Жайлы мектеп» жобасы бойынша комиссиялардың құрамына Гильдия өкілдерін енгізу қажеттігі туралы облыс әкімдіктеріне хат дайындауды ұсынды. Сонымен қатар Білім вице-министрі Еділ Оспан колледждерде жана «жиһаз» мамандықтарын ашу мәселесін пысықтайтынына сендірді.

Қарағанды облысындағы «Шанс» шаруа қожалығының басшысы Игорь Жабяк бүгінде облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мемлекеттік қолдау шараларымен толық қамтамасыз етілмегендігіне, төленбеген өтінімдер қорының бар екеніне назар аударды.

«Пестицидтердің құнын субсидиялау бағдарламасы бойынша 520 млн теңгеге 370 өтінім, минералды тыңайтқыштар құны бойынша 463 млн теңгеге 111 өтінім, ауылшаруашылық жануарлары мен құрал-жабдықтарын сатып алуға лизингке 111 өтінім төленбеген, тапшылық шамамен 1,5 млрд теңге. Барлық шаруаларға субсидия жеткілікті болуы үшін республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлуі сұраймыз», — деді ол.

Осы ретте Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков тек Қарағанды облысы ғана емес, әр облыста осындай қарыздар бар екенін атап өтті.

«Жалпы субсидиялар бойынша шаруалардың жалпы қарызы шамамен 165 млрд теңгені құрайды. Бөлшектеп өтейміз. Осы жылдың соңына дейін қарыздың басымы бөлігін жабуға тырысамыз», — деді ол.

Сондай-ақ отырыс барысында салық кодексінің жетілдіру, жер телімдерін тіркеудегі мәселелер, сәулет-жобалау ұйымдарының қызметін реттеу және басқа да бірқатар өзекті мәселелер көтерілді. Атап өтейік, «Халықпен бірге» сайлауды бағдарламасы аясында партия бизнес үшін ұзақмерзімді және қолжетімді несие ресурстары мәселелерін шешуге ұмтылатын болады. Өндірістік бизнес өнеркәсіптік, көліктік және коммуналдық инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы қолдау көрсетілетін болады. Ал аграрлық кешен мен жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін жеңілдетілген салық ставкалары енгізіледі. 2027 жылға дейін «AMANAT» шағын және орта бизнес үшін кем дегенде 15 000-нан артық кедергілерді жоюды көздеп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ УӘДЕЛЕР — МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

«AMANAT» партиясының Қостанай облыстық филиалының XXXV есеп беру-сайлау конференциясы өтіп, оған партия Хатшысы Руслан Әлішев, Парламент Мәжілісінің депутаты Еркін Әбіл, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, бастауыш партия ұйымдары мен жастар қанатының өкілдері қатысты.

Конференция қорытындысы бойынша Қостанай облысының 4 қалалық және 17 аудандық филиалдарының Саяси кеңестерінің құрамына 259 адам кірді. Кеңестер құрамы 65%-ға қайта жаңарды. Оның ішінде әйелдер — 45%, жастар — 31%-ды құрады. Солай бола тұра, мол тәжірибесі бар партия мүшелері Саяси кеңестердің құрамында қалды.



Партия Хатшысы Руслан Әлішев Саяси кеңестердің жана мүшелерімен кездесу барысында «AMANAT» сайлауды бағдарламасының негізгі бағыттарына тоқталып өтті.

«AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының әрбір қала, аудан, ауылдағы әр отбасының өмірін жақсарту жөніндегі әлеуметтік-экономикалық реформалар бағытын жалғастыруда. Біз парламенттік көпшілік дауысқа ие партия ретінде бюджетті бекітеміз және Үкіметтен республикалық Жол картасының барлық тармағының қажетті және жеткілікті қаржыландырумен қамтамасыз етілуін талап етеміз. Мәслихат депутаттары өңірлік Жол карталарының орындалуын бақылайды. Партия белгілі бір әлеуметтік нысанның құрылысын қамтамасыз еткенін немесе белгілі бір заңға бастамашысы болғанын айтып қана қоймайды. Біз сондай-ақ сайлау алдындағы уәделерді іске асыру сапасы мен заңдардың тиімділігі үшін жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз», — деді ол.

Өз сөзінде Парламент Мәжілісінің депутаты Еркін Әбіл аманаттықтарды белсенді болуға және өңірдің дамуына айрықша үлес қосуға шақырды.

«Бүгінде Үкімет пен әкімдердің халық тұрмысын жақсарту бойынша атқарып жатқан жұмысының барлығы біздің партиялық бағдарламамызда қамтылғанын әрбір сайлаушыға жеткізу үшін партия мүшелері жұмыс істеуі қажет. Үкімет пен әкімдердің өздерінің сайлауды бағдарламалары жоқ, олар «AMANAT» партиясының бағдарламасын және Президенттің сайлауды бағдарламасын жүзеге асырады. Бүгінде елімізде салынып немесе жөнделіп жатқан әрбір дене шынықтыру-сауықтыру кешені, фельдшерлік-акушерлік пункт, мектеп, жол — «AMANAT» партиясы атқарған жұмыстың нақты нәтижесі, — деді Еркін Әбіл.

Партияның Қостанай облыстық филиалының төрағасы Бибігүл Аққужина партияның 2022-2023 жылдар аралығында атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

«Облыста 67 инвестициялық жоба іске қосылды. Оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласында 658 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берген, жалпы сомасы 26,7 млрд теңге болатын 52 жоба жүзеге асырылды. Ал индустрия саласында 1,5 мың тұрақты жұмыс орны қарастырылған, жалпы сомасы 74,4 млрд теңге қаржыға 15 жоба қолға алынды.

«Жер аманаты» және «Ауыл аманаты» партиялық жобаларының ерекше маңыздылығын атап өткен Бибігүл Аққужина 2023 жылдың 7 айында жобалардың қол жеткізген нәтижелеріне тоқталды. «Жер аманаты» комиссиясының жұмысы аясында жоспар бойынша 330 мың гектар жердің 231 мың гектары (70%) мемлекет меншігіне қайтарылды. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 227 өтінім мақұлданып, 1,2 млрд теңге қаржыға 193 несие берілді. Осы күні партия Хатшысы Руслан Әлішев Рудный қаласында жылу желілерін қайта жаңарту жұмысымен танысып, партиялық бақылау бекеттері мен Саяси кеңестің жана сайланған мүшелерінің өңірдегі құрылыстың уақытылы және сапалы аяқталуын бақылау жөніндегі қызметіне ерекше назар аударды. Одан кейін аманаттықтар БПҰ басшылары және өкілдерімен кездесуде партияның сайлауды міндеттерін жүзеге асыру бойынша бастауыш ұйымдардың жұмысы мен әдістерін талқылады.

«AMANAT» әрқашан қоғамдық-саяси процестердің ортасында болады. Біздің партия еліміздің басты саяси күші және Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі. Белсенді жұмыс істейтін және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды жалғастыратын көптеген жобамыз бар. Біз осы істердің басы-қасында жүргенімізге қуаныштымыз», — деді жиыңға қатысушы Жаксылық Көкенов.

Айта кетейік, Қостанай облысында 262 бастауыш партия ұйымына біріктірілген 44 мыңнан астам «AMANAT» мүшесі бар.

(Басы 1-бетте)

**837,4 МИЛЛИАРД ТЕНГЕ
МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛҒАН**

Күні кеше Астананың қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алкасы белгілі кәсіпкер Қайрат Боранбаевқа қатысты істі қарады. Сот отырысында Боранбаевтың адвокаты Данияр Қанафин мемлекеттік айыптаушымен процестік келісімге келу туралы өтінішхат жолдады. Боранбаевқа қатысты сот үкімінің қашан шығатыны әлі белгісіз. Енді тергеу тарапы мен сотталушылардың адвокаттары процестік келісім талаптарын талқылайтын болады. Осы ретте активтерді қайтарумен айналысатын Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ресми өкілі Зейін Әліпбекке аталған мәселе төңірегінде сауал жолдаған болатынбыз.

Ол Боранбаев ісіне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етуге жатпайтынын алға тартты. Сонымен қатар ол кейбір тұлғалар заңсыз шығарған немесе жылыстатылған активтерін ерікті түрде қайтаруға кіріскенін атап өтті. Сондай-ақ күні бүгінге дейін заңсыз иемденген 837,4 млрд теңгенің активі мемлекетке қайтарылғанын, оның ішінде шетелден 589 млн доллар өкелінгенін айтқан ресми өкіл қайтарылған қаражаттың 100 млрд теңгесі еліміз бойынша заманауи мектептер салуға жұмсалып жатқанын жеткізді. Зейін Әліпбек негізсіз берілген немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған жерлерді де қайтару бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

«Қабылданған шаралар олигополия субъектілеріне бұрын негізсіз берілген 460 мың гектардан астам жерді қайтарды. Атап өтсек, KazBeef ЖШС-нің Ақмола облысындағы ауданы 62 мың гектар, 5 жылдан астам нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған жер телімі (жайылым), Әлия Назарбаеваға үлестес серіктестікке берілген Алматы облысы Жамбыл ауданындағы ауданы 445 гектар жер учаскесі (конкурсыз, жерге орналастыру жобасы болмаған жағдайда, жер комиссиясының қорытындысы), Алматы облысы Карасай ауданындағы 1485 гектар жер учаскесі (бенефициар Б.Назарбаев), Алматы қаласы, ҚазҰУ аумағындағы 0,8 гектар жер учаскесі Т.Құлыбаевқа қарасты серіктестіктерге берілген», — дейді Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ресми өкілі.

**ЖАҢА ЗАҢНЫҢ
МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?**

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заннама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі, депутат Жаркынбек Амантайұлы:

«Заңсыз алынған активтерді қайтару туралы» күшіне енген жаңа заң енді жұмыс-

ҰРЛАҢҒАН ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУ ҰМЫТ ҚАЛМАСЫН!



Елшір ҚАБА (қолжазба)

ты біршама жеңілдететінін атап өтті. «Құлқынның қамымен заңсыз жолмен сатып алынған активтер тиісті деңгейде қайтарылмай келгені рас. Заң осал еді. Тіпті, кей тұста жемқорлардың пайдасына жұмыс істейтін. Салыстырмалы түрде айтайық... Ескі заң бойынша заңсыз мүлкті қылмыстық процестік және әкімшілік процестік тәртіппен ғана қайтаруға болатын. Бұл — тым ұзақ процесс. Өкінішке қарай, ол әдіс көп жағдайда нәтижесіз аяқталатын. Енді жаңа заң жобасына сәйкес, мүлкті тәркілеу құқығы бар. Яғни, құзырлы органдар заңсыз активтерді әй-шөйге қаратпай, тартып ала алады. Бұрынғыдай «қылмыстық, әкімшілік іс ескірді, уақыты өтіп кетті» деген сылтау айтылмайды. Немесе тәркілеудің алдын алғысы келген адам өз еркімен активтерді мемлекетке қайтара алады. Онда ол заңдық қудалаудан босатылады. Бұл заң жобасын әзірлеуде үздік халықаралық тәжірибелер ескерілгенін атап өткен жөн. Заң жобасын дайындау кезінде АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Аустралия сияқты мемлекеттердің сот шеңберінде мүлкті азаматтық тәркілеу тәсілдері зерттелді. Шын мәнінде заң жұмыс істесе, мемлекетті майшөлшек қылғандардың мүліктері тәркілене бастаса, «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасына халықтың сенімі күшейеді», — дейді ол.

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи кәсіпкер Қайрат Боранбаевтың заңсыз шетел асқан қаражаттары көрсетілген сомадан әлдеқайда көп болуы мүмкін деген пікір айтады.

«Күні кеше Қайрат Боранбаевтың айыптаушымен келісімге келу туралы ақпаратын оқыдық. Одан бөлек, 1,5 миллиард доллар көлемінде қаражат беретіндігі туралы ақпаратты тағы да көзіміз шалды. Оның Forbes тізіміндегі жалпы байлығы 500 млн доллар көлемінде деп көрсетілсе, ол қалайша 1,5 млрд долларды өтемек. Яғни, оның бізге белгісіз шетелде сақталған одан да көп қаржылары бары анық. Кем дегенде тағы да 1,5 млрд доллар көлемінде болуы мүмкін. Мен өз басым оның барлық заңсыз активтерін елге түгілімен қайтарады дегенге сенбеймін», — дейді ол.

Қоғамда занның ерікті қайтаруға қатысты нормасына сын айтушылар да бар. Себебі активтерді өз еркімен қайтарған адам жауапкершіліктен босатылады. Бұл мәселеге кезінде Әділет министрі Азамат Ескараев жауап берген болатын. Оның айтуынша, біздің заннамамыздағы қылмыстық процесте процессуалдық келісім институты бар. Ал негізі мұндай мүмкіндік активтерді өз еркімен қайтаратындар үшін де, мемлекет үшін де тиімді. Себебі бұл ұзақ сот процестері мен арбитраждық дауларға

кететін үлкен шығындардың алдын алатын көрінеді.

**ҚАРЖЫНЫ ҚАЙТАРУ —
КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ**

Экономист, Казак технология және бизнес университетінің аға оқытушысы Сапарбай Жобаевтың айтуынша, заңсыз иемденген ақшаны қайтару — күрделі процесс.

«Күні бүгінге дейін заңсыз иемденген 837,4 млрд теңгенің активі мемлекетке қайтарылғанын есептесек, бұл бар болғаны — 1,5 млрд доллар. Бізден сыртқа шығарылған қаражат көлемін еліміздегі ақпарат көздері 70-80 млрд доллар десе, кейбір шетелдік сараптама қорлары 120-140 млрд доллар деп бағалауда. Мейлі, 60 млрд болғанның өзінде қазіргі қайтқан қаржымен есептесек, бар болғаны 2 пайызы ғана қайтты деген сөз. Шетке шығарылған қаражаттар заңды түрде шығарылған болуы да мүмкін. Мәселен, қазақстандықтардың көбісі өз үйлерін сатып, Түркияның туристік аймақтарынан үй алып жатады. Оларға ешқандай кедергілер жоқ. Кезінде монополист, олигарх, билік басындағы министрлер, әкімдер,

депутаттар да ақшаны шетелге көп шығарғаны рас. Төлем балансы деген құжат бар, сонда қанша ақша шетке кетіп жатқаны Ұлттық банк жүйесі арқылы анық көрініп тұрады. Әр жылы 20-25 млрд АҚШ доллары сыртқа кетіп тұрған. Оның қаншасы заңды-заңсыз екенін біздегі сот жүйесі шешуі керек. Екіншіден, шетелден қайтаратын активтерді қайратын комиссия мүшелері — қазіргі билікте отырған адамдар. Осындай жағдайда сот әділ шешім шығара ма, жоқ па — мәселе сонда. Біз Астана Қаржы орталығына англо-сакстық сот жүйесін кіргізген болатынбыз. Себебі шетелдік инвесторлар біздің сот жүйесіне сенбейді. Мысалы, Өзбекстанның бұрынғы президенті Ислам Каримовтың қызы Гүлнар да кезінде өте көп мөлшерде шетелге қаражат шығарған болатын. Ақпаратқа сенсек, активтері, үйлері, байлығы бар шамамен 1,5-2 млрд доллар ақшасы сыртта сақталған. Соның бүгінде білуіміше, бар болғаны 100 млн-ы ғана қайтарылған. Сот процесінің басталуына 7-8 жыл өтсе де, қалғаны әлі күнге дейін қайтарылмаған. Сондықтан шетелден ақша қайтару — өте күрделі мәселе», — дейді экономист.

баға түзу процедурасына киілігіп, оны қымбаттатып отыр.

БІР ҚЫСТА 220 МЫҢ ТЕНГЕ

Елімізде соңғы үш-төрт жылдықта көмір тапшылығы мәселесі жоқ екен. Мәселен, елорда іргесіндегі Қосшы қаласында көмір әрдайым бар. Жеткізушілерге хабарлассан болды, өздері әкеліп береді. Өйтсе де, бағасы қымбаттау. Былтыр қосшылықтар 1 тонна көмірді 20 мың теңгеге алыпты. Жеткізу ақысы осы соманың ішінде.

«Біз бір қыста 10-11 тонна көмір жағамыз. Сонда бір қысқа 220 мың теңгелей ақшамыз кетеді. Бұл әрине қымбаттау. Айталық, менің үйім 100 шаршы метр. Ал одан үлкен үйлер бар, екі қабатты коттедждер бар. Олар бір қыста 20-30 тонна көмір жағайды. Сонда қанша шығын жұмсайтынын ойлана беріңіз. Көмірлердің ішінде ең сапалысы — Шұбаркөлдің көмірі. Одан бөлек Астанаға Қаражар және Майкөбе қарьерлерінен көмір келеді. Олардың бағасы 1-2 мың теңгеге арзандау. Бұрындары сәуір-мамыр айларында келесі қысқа көмір алып қоятынбыз. Өйткені тапшылық қатты сезілетін. Жұрт таласып жататын. Ал соңғы жылдары ондай емес. Қазірдің өзінде базарда көмір сатылып жатыр», — дейді Қосшы қаласының тұрғыны Ескендір Тасболатов.

Келімізде соңғы жылдары ішкі нарықтағы сұраныс та арта түскен. Мәселен, былтыр көмір тұтыну көлемі 81,4 млн тоннаны құрапты. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 5,7%-ға көп. Оның 11,03 млн-ы коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы көмір. Ол да болса алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,1%-ға артық. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бұл динамиканы бірінші кезекте қыстың қатты болғандығымен байланыстырады. Еліміздің солтүстігі мен орталығы газдандырылмағандықтан, көмірді көбірек тұтынған. Десе де, олар халыққа арналған көмірдің шетінен сыртқа тасу деректері болғанын да жоққа шығармайды. Өйткені бізде тоннасы 15-20 мың теңге тұратын көмірдің экспорттық бағасы одан 700-900%-ға жоғары. Сол себептен Үкімет ішкі нарықта тапшылық туындамау үшін экспортқа штектеу қойған болатын.

«Осы реттен алғанда 2022 жылы елімізде 113,9 млн тонна көмір өндірілген болса, бұл 2021 жылғы 111,7 млн тоннадан 2%-ға артық, соның ішінде экспорт 32,5 млн тонна құрады. Ал ішкі нарықа арналған 81,4 млн тоннаның 64,4 млн-ы энергетикалық кешенге, 5,97 млн-ы өнеркәсіптік кәсіпорындарға жөнелтілді», — дейді ИИДМ Көмір өнеркәсібі басқармасының басшысы Жанат Игісінов.

**ҚАРЖЫЛАР БАСҚАРУШЫ
КОМПАНИЯНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА
БОЛМАҚ**

Жалпы, Бас прокуратураның мәліметінше, заңсыз алынған активтердің көп бөлігі АҚШ, Швейцария, Англия, Франция, Испания, Біріккен Араб Әмірліктері, Сингапур және Гонконг сияқты елдерде шоғырланған. Сондай-ақ Сейшел аралдары мен Панама сияқты оффшор аймақтар бар. Қайтқан қаржының да дені осы мемлекеттерден. Жоғарыда аталған үш елде де шетелдік салымшылар үшін салық мөлшері өзге мемлекеттерге қарағанда, едәуір аз. Яғни, аталған елдерде оффшорлар үшін барынша жағдай жасалған. Мысалы, сыртқы қарызы жоқ, халықтың өмір сүру деңгейі бойынша әлемде екінші орында тұрған, тұрғындарының саны 50 мыңға да жетпейтін Лихтенштейнде қазір 100-ге жуық шетелдік компания тіркелген екен. Ал Біріккен Араб Әмірліктері банктерінің бірінде шот ашу аса қиындық тудырмайды. Керісінше, бұл компанияларды үнемдеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ақша алу ресімін едәуір жеделдетеді. Сондай-ақ кез келген шетелдік халықаралық карталарды пайдалана алады және банкоматтан қолма-қол ақша алуға да болады. Бұл дегеніңіз — Әмірліктерде қаржы ұйымдарына қол жеткізу аса күрделі іс емес деген сөз.

Жалпы, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жобаларын қаржыландыру мақсатында Арнаулы мемлекеттік қор құрылып, қайтарылған қаражат пен активтер сонда аударылмақ. Қайтарылған активтердің қаражаты қазынашылықтағы шотқа түсіп отырады. Дегенмен барлығы ақша түрінде қайтпайды. Мысалы, Қазақстаннан тыс жерде орналасқан жылжымайтын мүлік те болуы мүмкін. Міне, сол үшін де басқарушы компания құрылады. Оның жалғыз құрылтайшысы Үкімет болады. Басқарушы компанияның қызметі, оның жұмысын регламенттеу нормативтік-құқықтық акт деңгейінде айқындалмақ. Басқарушы компания мемлекетке қайтарылған активтерді оның атынан меншігіне қабылдау, мемлекет кірісіне айналдырылған активтердің сактауын және ұстауын қамтамасыз ету, активтерге билік ету, активтерді өткізуден түскен қаражатты арнаулы мемлекеттік қорға аударуды қамтамасыз ету секілді міндеттерді атқарады. Осы тапсырманы орындап болғаннан кейін компания жабылатын болады.

Түйін:

Тәуелсіздік жылдары елімізден 160 млрд доллар сыртқа шығып кеткені айтылады. Бұл дегеніміз — Ұлттық қордың қаржысынан үш есе көп, республикалық бюджеттен тіпті төрт есе жоғары екен. Бір қызығы, Халықаралық рейтингтер бойынша, Қазақстан капиталдағы тұрақты түрде шетелге жылыстатылуы жөнінен әлемдегі 20 елдің қатарына кіреді екен. «Тістегеніңің аузында, ұстағаның қолыңда» шетел асып кеткен бюджет қаржысы мен жалпыұлттық байлықтың тағдыры енді жаңа заң мен комиссия шешек. Президент тапсырмасына сәйкес, «Әділетті Қазақстан» құру жолында жауапкершілікті мойнына алған комиссия нақты нәтиже көрсетеді деп сенеміз.

**ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАСА,
ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ТА ЖОҚ**

Экспорт дегеннен шығанды, қымбатшылықтың бір себебі — делдалдар болса, ендігі бір себебі — сыртқы нарыққа тасу. Өйткені онда қымбат. Елдегі көмірді сыпырып шетелге сатып жіберсек, өзімізде тапшылық туады. Ал тапшылық соны — қымбатшылық. Осы тұрғыдан келгенде, экспорт деген құбыжық болып тұр. Сол себепті де Үкімет өзінің көмір қарберлері немесе шахталары бар немесе көмірді байытумен айналысатын тек 26 қазақстандық компанияға ғана көмірді экспорттауға рұқсат беріп отыр. Олар тас көмірді, оның брикеттелген түрін, жентектелген түрін және қара көмірді (лигнит) шетелге саудалау бойынша айрықша құқыққа ие бомақ. Мұндай шараны Үкімет энергетикалық қауіпсіздікті сақтау үшін және ішкі көмір нарығын тұрақтандыру үшін барып отыр. Өйткені былтыр көмірді сыртқа тасу қалдағалаудан шығып кеткен. Соның салдарынан шекара маңындағы елді мекендерде көмір тапшылығы туындаған. Алыпсатарлар сол жаққа тасып жатырмыз деген желеумен көмірді шекара асырған. Мұндағы басты себеп: Ресей көміріне эмбарго салынғандықтан еуропа елдері тарапынан Қазақстан көміріне сұраныстың есеслеп арта түскені. Соның ішінде біздің көмірді ең көп сатып алған Швейцария екен. 11 айдың ішінде олар 132,1 млн долларға 4,4 млн тоннаға жуық көмір сатып алыпты. Нәтижесінде, экспорттан түсетін кіріс те көбейген. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, былтырғы 11 айда біз алдыңғы жылмен салыстырғанда 87,6%-ға артық табыс тауыппыз. Мәселен, 2021 жылы бұл көрсеткіш 446 млн доллар болса, былтыр 837 млн доллар. Бұл тұрғыдан келгенде, әрине, экспорт дегеніміз — табыс көзі. Десе де, «Таяқтың екі үшы бар» демекші, сырттан түсетін табыс ішкі тапшылыққа алып келмеуге тиіс. Өйткені тапшылық болмаса, қымбатшылық та жоқ.

Ал жалпы, қара есеппен алсақ, былтырдан бері елімізде көмір өндірісі қарқынды жүруде. Тіпті, екінші жарты жылдықта «дүмпу» болды деуге болады. Сондықтан да тапшылық болмауы тиіс. Мәселен, былтығы 7 айдың өзінде бұл қарқын бәсеңдемей, 67,6 млн тонна көмір өндірілген. Осы көмірдің 16,3 млн-ы ендігісі еліміздегі Жылу-электр орталықтарына жеткізіліпті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 250 мың тоннаға артық. Ал қалғаны елді мекендерге, өнеркәсіп ошақтарына жеткізіледі. Ендеше былтығы қыстан қысылмай-ақ шығар ретіміз бар. Тек Үкіметтің қадағалау тетігі мүлтіксіз жұмыс істеп, биыл да үлей түскелі тұрған экспорттың ырқына кетіп қалмаса болғаны. Әйтпесе, көмірмен бірге өміріміз де қымбаттағалы тұр.

КӨМІР ҚЫМБАТТАСА, ӨМІР ДЕ ҚЫМБАТТАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ**БИРЖА ДЕГЕН БІР ДЕЛДАЛ**

Нарықтық экономикаға көштік дегелі сауда қатынасында жеткен бір «жетістігіміз» — тауарларды биржада саудалау. Еліміздегі көмір бағасының мезгіл-мезгіл қымбаттауына осы делдалдық механизмдер әсер етіп отыр. Мұнда орасан үлкен көлемде сауда-саттық жүретіндіктен, оның баға түзу процесінде әсері зор. Бұл жерде әңгіме коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы көмір туралы боп тұр. Өйткені энергия өндіретін немесе өнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған энергетикалық көмір өндірушіден тікелей жеткізіледі. Мысалға, жыл сайын жыр болатын «Шұбаркөл көмір» АҚ-ын алатын болсақ, еліміздің коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға арналған көмірді өткізу нарығының 35%-ына ие алпауыт компания биыл сауда-саттыққа Modern Trading Solutions тауар биржасы арқылы шығуға шешім қабылдапты. Ал бұл биржаға біржолғы кіру жарнасы оның жарғылық капиталының 4%-на тең. Кейін қайтарылмайтын, біржолғы төленетін бұл төлем бүгінгі есеппен шамамен 95 млн теңгені құрайды. Ендеше, бұл сома түптеп келгенде соңғы тұтынушының, яки қарпайым азаматтар мен мектеп, аурухана сияқты мемлекеттік ұйымдардың немесе кәсіпкерлердің қалтасына салмақ боп түседі деген сөз. Осыған байланысты Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзуға жол бермеу туралы алдын ала ескерту жолданған екен. Жалпы, көмір сааласындағы мұндай дерек жалғыз бұл емес. Бұған дейін Агенттіктің Астана қаласы бойынша департаменті 2021 жылдан 2023 жылға дейін «Шұбаркөл көмір» АҚ өндірген көмірмен биржалық сауда-саттықты өткізген «Астана» Тауар биржасы» АҚ-на қатысты аккредиттеудің жоғары құнына байланысты тергеу бастаған болатын. Өйткені коммуналдық-тұрмыстық көмірді сату бойынша электрондық алаңдардың қызметтерін ұсыну нарығында үстем жағдайға ие бұл ұйымнан монополиялық жоғары бағаларды белгілеу белгілері анықталған.



Бір сөзбен айтқанда осындай араптамақ делдалдардың кесірінен Қазақстан халқы үшін көмір бағасы орташа есеппен 40-45%-ға қымбат түсіп отыр.

«Көмір өндірушілерімен байланысы бар делдалдар арқылы көмір сату тәжірибесі әлі де жалғасуда. Өндіруші компаниялар биржалық сауда-саттықты пайдаланады. Онда ірі көлемдегі (3 млн тоннаға дейін немесе жылдық жөнелтілім көлемінің 71%-ына дейін) көмір тауары бірнеше жыл бойы өзгермейтін әрі саны шектеулі жеткізушілерге ғана (2-ден 17-ге дейін) бірнеше минут ішінде сатылып кетіп жатыр. Мәселен, «Шұбаркөл көмір» АҚ саудаға 3,2 млн тонна көмір шығарған кезінде оның 26%-ын 16 өңірлік оператор және 74%-ын 10 делдал компания санаулы минуттарда талапайлап дымын қалдырмай алып кеткен. Мұндай делдалдардың арнайы инфрақұрылымдары да, қоймалары, тиеу-түсіру техникалары да жоқ. Ал саудалау кезінде олар 100%-ға дейін үстеме ақы қосып сатады. Мысалы, 2022 жылғы желтоқсанда «Халық Көмір» ЖШС «Қаражыра» АҚ-ның «Каспий» «ТБ» АҚ тауар биржасы арқылы 120 мың тонна көлемінде көмірді орташа өлшенген бағасы — тоннасына 6 500 теңгеге сатып алып, 12 595 теңгеге қайта сатқан. Осындай тауар биржалары туралы заңнаманың бұзылуына байланысты БҚДА былтыр әкімшілік құқықбұзушылық туралы 19 іс козады, 6 тауар биржасы өз қызметін

тоқтатты, оның төртеуі тексеру алдында ерікті негізде және екеуі сот шешімі бойынша жұмысын тоқтатты» делінген БҚДА хабарламасында.

Осыған байланысты, БҚДА 2022 жылдың желтоқсан айында ИИДМ және СИМ-мен бірлесіп Көмір сату нарығындағы бәсекелестікті дамыту жөніндегі Жол картасын қабылдаған екен. Мұндағы негізгі проблемаларды шешуге арналған бұл құжат сатып алу процедурасын ашық ете түсуді көздейді. Мәселен, биржалық сауда-саттықта өңірлік операторлардың үлесін 50%-ға дейін ұлғайту көзделген. Бұл мұндай мөлшердегі тауар делдалдарға емес, тікелей тиісті инфрақұрылымды бар көмір өндірушілеріне сатылады деген сөз. Осылайша, тиімсіз делдалдар жойылмақ. Ал энергетикалық мақсаттағы көмірлер қоғамдық маңызы бар нарық санатына көшіріліп, ондағы бағаны реттеуге мемлекет араласатын болады. Сондай-ақ ірі бизнеске бағдарланған және делдалдарға көмір өткізуді қамтамасыз ететін «ыңғайлы» биржаларды жою мақсатында БҚДА биржалық саудамен айналысуға арналған лицензиядан айыру бойынша жұмыс жүргізуде. Делдалдарда инфрақұрылымдарының болуына да баса талап қойылатын болады. Енді көмірді орта жолдан сатып алып, одан соң қоймасымен техникасы бар компанияларды жалдауға немесе соларға сатып жіберуге тыйым салынады. Мұндай «көлектен көк аттылар»

Өнер жүгін өрге сүйреп, қазақ әдебиетінің шығармашылық мәртебесін көркейту жолында өзінің саналы өмірін түгелдей руханиятқа арнаған Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері – жазушы, драматург Әкім Тарази туралы бір үзік сыр

Әкім Ұртайұлының әдебиеттен бұрын киноға келуінің бірден-бір себебі: 1964 жылы Мәжит Бегалиннің режиссура-сымен жарыққа шыққан «Тұлпардың ізі» фильмінің сценарийі еді. Ол Әкім ағаның 1962 жылы Мәскеуде оқу бітірерде жазған дипломдық жұмысы. Көркемдік ләззаты көрерменге мол әсер әкелген аталмыш кино бүгінгі күн үшін де аса бағалы. Экранға шыққанына 60 жылға жакындаса да, оның көркемдік құпиялары енді ашылып келе жатқандай. «Бүл-кілбай» деп еркелетер Мәжит ағасын бүгінгі күндерде аса сағынышпен еске алады. Кейін «Қазақфильм» киностудиясының басшысы болған жұмсақ мінезді Камал Смайыловтың тұсына Ә.Тарази сол киностудияның бас редакторы, Киногерлер одағының он жылдан астам бірінші хатшысы ретінде жұртшылыққа танылды. Саналы ғұмырын ашы бейнетпен өткізуге аса бейім сол кезгі талантты режиссерлер Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Қожықовтармен бірлесе жұмыс істеудің нәтижесінде қазақ киносының нағыз классикалық туындылары дүниеге келді. Бұл – әсіресеіз шындық.

Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов сияқты көркемсөз алыптарының көзі тірісінде қазақ әдебиетінің ахуалы өзгеше еді. Сол кезде шыққан шығармаларымен жарты ғасырдан бері талай ұрпақ тәрбиеленді. Әкім ағаның кинодағы тұңғыш туындысы «Тұлпардың ізі» болса, ал әдебиетте алғашқы прозалық шығармасы «Құйрықты жұлдыз» 1966 жылы жарық көрді. Биыл өнерге енгеніне 57 жыл толып отырған аталмыш шығарма оқырман қауымның жалында. Жазушы үшін де бұл өте-мөте рухани қымбат дүние болып қалмақ. Жазушы кейде өзiл-шынның араластырып: «Әкім Таразидің iзiнен қалмай үнемі Әкім Әшімов ерiп жүреді» дейді. Қосатасып жүретін бұл екi мiнез-құлық та бiр адамның құзырында. Бұл, әрине екiжүзділікті көрсетпесе керек. Бұл – өзiнiң шығармашылық жұмыстарына зерделей қарау, тану, талдау, баға беру. Әшімов ешкімнің көңіліне қарамайтын қатал сыншы болса, ал Тарази өзiнiң де, өзгенің де жұмыстарына жылы қабак танытып, оң бағасын берiп отырар жүрегі жұмсақ, жайдарлы жан. Яғни, Ә.Таразиде екi таразы бар: біріншісі – сыртқы көз таразысы, екіншісі – ішкі көңіл таразысы. Бірінші көз таразысынан сүрініп кетуін әбден мүмкін. Ал екінші таразыға барынша мән бере тебіренбесен, өмірмен өлшемдес шынай тұжырым жасай алмайсың. Киносценарийлер, пьесалар, яғни көркем шығармалар бет қаратпас әшімовтік сын көзімен оқылады. Иә, «Құйрықты жұлдызға» қанша жерден сын көзбен қарағанымен де, ол бәрібір барлық шығармасының төл бастауы болып қала беретінін жазушы еш жасырмайды. Әкім Тарази кәсіби сыншы емес, бірақ талай үлкенді-кішілі қаламгер өз еңбегіне рецензия жазып беруін өтінген кездері көп болды. Жазушы олардың бірінін ұсынысын құп алса, көбінің өтінішін орындауға аса құлықты емес. Әкім үнемі өзіне сын көзбен қарайды, өзін ешқашан аяған емес. Кезінде ұнатпай жыртып-құртып тастаған шығармалары қаншама десенізіші?.. Оған қапаланып отырар қаламгер де жоқ. Жазушыны өз шығармаларының саны емес, сапасы қатты толғандырады.

Қазір еліміздегі Жазушылар одағы мүшесінің тізімінде барлардың көбі газет пен журналдарда істейтін қызметкерлер болғандықтан, олардың біріл-жарым әңгімесін оқи қалсаң, журналистік сарынмен жазылған жеңіл дүниелер екенін бірден байқай қоятынын айтады аға жазушы. Және де Жазушылар одағы мүшелігіне – бірді-екілі өлең жазып, пышактың жүзіндей жұқа жинақ шығарғандар, тіпті, кітабы шықпағандар да өтіп жатыр. Әлдебіреудің жарық көрген кітабын бүге-шүгесіне дейін баяндап шығып, кішкене оны сынаған болып, мүшелікке өтуіне сынай танытқандардың барлығы жазушы емес деп өзінiң орынды пікірін ортаға салады Әкім аға. Бұл жерде Тарази өзiн солардың ішіндегі кереметі менің деп кеуде керуден аулақ. Тек бүгінде әдебиет дамымай, бүк түсіп жатып қалғанын, нағыз жазушылардың жоғын ашы да болса тіке айтып отыр. Иә, шын әдебиет туындату үшін қажымайтын жігерлілік пен талмай ізденетін жанкештілік қажет. Бірақ Тұңғыш Президенттің тапсырмасы бойынша Мұстафа Шоқай туралы киносценарий жазды. Мұстафа – тағдыры өте күрделі болғандықтан, бұл тақырыпқа келуге басында сескенді де. Сондықтан тым болмаса, киносценарий жазуға бір жылдай уақыт сұрап еді, бірақ Нұрсұлтан Назарбаев үш айда бітіріп беруін өтінді. Терен ойларға батқаны сонша, бір күні таңертен төсегінен «Мұстафа, Мұстафа» деп шошып оянағаны бар. Содан кейін үш ай онаша

пәтер жалдап, шығарманы бас алмастан жазып шықты. Ал оны романға айналдыру үшін 8-9 жылдай ізденді. Мұрағаттардан тапқандарын ғана қанағат тұтпады. Күрделі дүниеге қай тұрғыдан келуді ұзақ ойланды, тың бейнелер табуға тырысты. Ұзақмерзімдік қажырлы еңбектің арқасында 2008 жылы «Жазушы» баспасынан Мұстафа Шоқай туралы романы жарық көрді. Иә, жазу өнері онай емес. Қашанда жақсы ойлар тапшы. Ал басындағы құжынаған ой сілемдерін көңілдегідей жазып шыға алмасаң, оның жүйкеңе әсер етері тағы бар. Сондықтан жазушы аға көкейге тұнған өзекті ойларды мұқият ұстап, өте төзімділікпен жазуға кіреседі. Жазғандарым құнды болмаса да, кейінгілерге ой тастап, көңілдерін жұбататын бір нәрселерім есте қалар деген ниетпен жазып жүргенін айтады. Жазушының әрбір шығармасының көркемдігі мен құндылығы оның шынайылығында. Шынайы жазылған жұмыстың жарқын тағы мысалы әкім Таразидың «Қызыл сиырдың құны» деген әңгімесі бар. Осы әңгіменің бас кейіпкері – обкомның бірінші секретары. Былайша айтқанда, «ірі» адам. Оның үйіне басқа облыста тұратын шешесі келіп жатады. Ол аз күннен соң ауылында қалған қызыл сиырын ойлайды, абысын-ажынын

АДАЛДЫҚТЫ АРҚА ТҰТҚАН ҚАЛАМГЕР

сағынады. Қысқасы, секретарьдың тұрмысына төзбей, ауылына қайтқысы келеді. Осы орайда секретарьдың да сол облысқа жолы түсе қалып, шешесін өзі отырған ұшақпен ала қайтады. Мұны әуежайдан әріптестері келіп күтіп алады. Қошеметке еліккен секретарь алды-артына қарамай кете барады. Шешесі тұп-тура дастарқан басында отырғанда есіне түсіп, секретарьдың өңі бозарып кетеді...

Сұмдық қой. Жазушы кейіпкерінің кем-кетігін, асыл-артықтығын тәптіштеп көрсетіп жатпай-ақ үлкен қызметтегі «қайраткер» адамның бейнесін осындай пенделілігі арқылы ашып берген. Адамды адастыратын бір қауіпті нәрсе – қошемет екенін бірден түсіндіреді. Егер қошеметке еліге берсең, тапқан шешенді де ұмытып кетесің дегенді мензеп отыр автор. Қандай астарлы, ауыр ой.

Жазушы Әкім Таразидің «ТӘЖ» атты кітабы – әрбір қазақ баласының таным-түйсігін кеңейте түсетін мазмұнды оқулық. Тарихи тұлғалардан бастап көркем әдебиеттің кірпіші боп нық қаланған ірі қайраткерлердің тың ойлары және нұрлы тұжырымдарымен ары қарай тараулармен жалғасатын табысты еңбек. Әкім ағаның тек өнер саласына енебей сінген мықты майталмандар мен тау тұлғалы маркасқалар туралы естеліктермен бірге, әдебиет, кино төңірегіне білдірген он көзқарастары да оқырмандарына ой салады.

Түрік халқының тарихын зерттеген ұлы ғалымдар: Бичурин, Бартольд, Гумилевтер қазақ тілін жетік білген бол-

бек етуді, талмай қарекет қылуды талап ететін жауапты жұмыстарға баруға олардың жүректері дауаламай ма деймін?! Әлбетте, бұл онай жұмыс емес. Дегенмен тамыры тереңге кеткен тарих қоймасына қомағайлана түсіп, түбін қопсытып, қопарып, шыңдыққа жанасатын деректерді тауып, қалың оқырманға саныту – тарихшыларымыздың зертханалық жұмысы.

Есте жоқ ескі заманға көз жібертіп, көне шежіреден сыр шерткен Әкім аға тарих зерттеушісі болмаса да қазақ халқының намысы үшін бар білгенін баршаға баяндайды. Т.Ахметжанға берген сыралғы сұхбаттың тақырыбы да «Егер Гумилев қазақша білсе...» деп бекер аталмаса керек. Әкім Таразиді білмейтін пенде кемде-кем. Жазушы, драматург – әрбір адамзатқа ауадай керек бұл құнарлы сұхбатында астын сызып нықтап айтатыны, өзін тарихшылардың санатынан емес екенін. Тек қазақ болып туылған соң қазақ елінің, жерінің сыр-сипаттары халықтың назарынан тыс қалмай, ұмыт бола бастаған тарихи тұстары көпшілік үшін құпия болып қалмай, мен сияқты жүрегі қазақ деп соғатын әрбір намысты азамат өзінің қазақ тарихын, шыққан тегін білуге міндетті болғандықтан да көрген, білгенін, оқығанын, дәлелімен көкейге тоқығанын өз оқырмандарымен бөлісуді адамшылық борышым деп есептейді.

Қарымды қаламгер Шыңғыс ханға дейінгі бабалардың атын тізіп, олардың



са, онда көпшілікке әлі беймәлім (Әкім Таразидің жазбаларынан ғана хабардар болып отырмыз) хандардың азан шақырып қойған есімі, олардың рулары, мекен еткен жер-су атаулары нақты қазақ еліне жетер еді. Ғасырдан-ғасырға әріптері біртіндеп өзгеріп, тек қытай жылнамаларының тарихында қала берген. Сол ұмыт болып бара жатқан бұрынғы қазақ хандарын, батырларын қайта жаңғырту үшін тарих зерттеушілердің төл міндетіне жатса керек. Бірақ ұзақ жыл бойы үздіксіз ізденуді, жалықпай жанкешті ең-

қоныс тепкен жерлері, жер-су атаулары ауыздан-ауызға ауысып, ұрпақтан-ұрпаққа бұрмаланып жеткен көп тұсына түзету енгізген. Сол атаулардың түп-төркінін, төл мағынасын табуға күш салған. Шыңғыс ханның кезінде өмір сүрген кісі аттарымен бірге олардың руларын да тәптіштей түскен. Бота хан, Киелі хан, Қаблан хан, Бағлан хан, Бұлан хандардың туған кездерінен бастап олардың таққа қандай жолдармен қол жеткізгендері жайында кенінен сөз етіледі. Олардың жекелеген мінездаралықтарына



тоқталып, кейбір хандар мансап-даңқтың салмағын көтере алмай қалай масайрағандары я болмаса дұшпандарымен беріспей шекісіп, әділетсіздіктерді жою жолындағы аяусыз қан төгістері мен билік басында қабылдаған оңды-солды шешімдері турасында, сонымен қатар ішкі-сыртқы жауларымен күресудегі күш-қайраттары, білектерімен бірге жүректері, ақыл-парасаттылықтары да түгелдей тегіс қамтылған.

Әкім аға қиял құбылыстарына арқа сүйеп, құрғақ сөзбен ғана ауыз кептіруді емес, Л.Гумилев, Н.Бичуриндердің зерттеу жұмыстарына сүйене отырып сілтеме келтіріп, дәлелді түрде ой қорытқан. Ең бастысы, еңбектің сапасын арттырып тұрғаны – «Гумилев ананы айтқан», «Бичурин мынаны айтқан» деген ойларымен ғана шектеліп қалмай, олардың пікірлерімен не келісетінін, не келіспейтінін айтып, өзінің ұтымды тұжырымын жасағандығында. Тіпті, өздеріне дейін бұрын жазылған қытай жылнамаларында – тоның айналдырып, өңін өзгертіп, өздеріне ыңғайлап алған кейбір олқылықтарына да сын көзбен қарап, оң көзқарасын білдірткені еңбектің мазмұнын тереңдете түскен.

Үшінші тарауында әдебиет мұхитындағы алып кіт тектес ірі тұлғалардың бүгінгі жас ұрпақ біле бермейтін шығармашылықтарынан тыс жан сырларын жазады. Шығармашылықтарынан тыс дейтіндей жеке өмірлеріне, жеке бастарының қайсыбір кемшіліктерін қаз-балау емес. Өнердегі ізденістері мен ұтымды өзiл-қалжындары, кісілік қасиеттері қамтылған. Ұлы кісілердің табанын турашылдан тайдыруға талпынған базбіреулердің бықсық ойлары, жымсысқа саясаттарын сезе қойып, одан ондай сытылып шыққандарын немесе тығырыққа тірелген шарасыз жандардың жанабайқайларын қысқаша ашық жазады. Қазақша еске алуында (Б.Момышұлы туралы...) Мәуіті қалпақ атаның әңгімесі де өте қызық. Мен оқып күтіп отырдым. Батыр Бауыржан атамыз туралы бір керемет естелік айтатын шығар деп. Сөйтсем, ол әпенді кісі Б.Момышұлын мүлдем танымайтын болып шықты. Көріші ауылға келіп қалған батыр атамызға арнайы сәлем бермекші болған ана шал, жол-жөнекей кездескен кедергілердің кесірінен онымен жүздесе алмай өкініште қалады. Бауыржанды ұлы ақсақалдың қолын ала алмай қапыда қалған қарттың ебедейсіз тірліктерін Әкім аға өзiлмен әдемі көмкері білген. Нағыз анекдот.

Әкім Ұртайұлы «өмірімде екі-ақ рет көз жасыма ерік бердім» дейді. Оның бірі – асқар таудай әкесінен айырылғанда, тауы шағылып, беттің жүзін жасы шайғанын ешбір жанға байқатпады. Тек сұм соғыстан жаны аман қалған Мәжит ағасына ғана ағыл-тегіл болып енгігіп жылағаны бар. Сол кезде ішінде қалған шерін бір шығарғаны бар. Жазушы ыстық сағынышпен еске алған Мәжит ағасының ерлігін, кеңдігін, алатын бетінен қайтпайтын қайсарлығын кеңінен айтады. Мәжит Бегалиннің атқарған жақсы жұмыстарын бағалап, мақтап мадақтаса, бірде өркімнің басынан өтер әлдебір жайттардың түндігін түреді...

Негізінде, автор не жазам десе де ол өзеркінде. Нұсқаумен жазған қаламгердің

ой кеңістігіне нұқсан келуі мүмкін. Әкім аға көбіне ой, сезім, жүрек қалауына жол беріп, көңілі тартқан тақырыптарға ғана қалам тербейді.

Әлі толық танылмаған, ашылмаған, зерттелмеген әлемдік құбылыс. Адам табиғатына терең үңілуге тырысады. Ақылды – ақымақ, кішіпейіл – тәкаппар, момын – бұзық, тағы басқа толып жатқан мінез-құлықтар жиынтығы тек повесть, романдар арқылы оқырман қауымына жетіп отырған жоқ, олар сонымен қатар театр сахнасында да көрініс тауып, көрермендер жүрегіне жол тартуда. Кеңестік жылдарда Қолмерген Кейкі батыр туралы жазылған пьесасын Аркалық театрының ұжымы ұнатып, бірден дайындыққа кірісіп кеткен-ді. Кейін белгісіз себептермен облыстық партия комитетінің екінші хатшысы театрға арнайы келіп жаптырып тастапты. Бірақ Әкім аға бұл кедергіге түк те өкінін жоқ. Тек сол пьесасының із-түзсіз жоғалып кеткеніне өкініш білдіреді. Драматургтің қолында қолжазбасы да қалмағандықтан, екі рет шығарылған оның пьесалар жинағына ене алмады. Жалпы, мұндай тосқауылдар жазушының жолында көптеп кездесті. 1989 жылы идеологиялық қысым күшейіп тұрған тұстарда, драманың не екенін біле бермейтін базбіреу: «Қазақстанның он екі театрында, Ә.Таразидің сегіз пьесасы жүріп жатыр, одан басқа драматургтер құрып қалған ба?» деп соңғы бір пленумда. Содан Әкімнің пьесалары екі-үш премьералардан кейін жабылып қалып жатты. Театр актерлері, көрермендер жылы қабылдаса да, пьесалары театр репертуарынан не себептен түсіп қалып жатқаны түсініксіз күйде қала берді. 1970 жылы Семей театры сахнасында режиссер Б.Омаров қойған «Жаксы кісі» спектаклінің де ғұмыры ұзақ болмады. Алайда мұндай тосқауылдарға Әкім аға мойымады. Керісінше, сол шымшыма әрекеттер оның шығармашылық тұрғыда ширай түсуіне, қатай түсуіне үлкен себепші болды. Және тәуір дүние түптің түбінде қылт етіп жарық көреріне көмілгенді. Ол сенімді ақталды да. «Жаксы кісі» араға 24 жыл салып, талантты режиссер Ж.Хажиевтың режиссурасымен Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры сахнасына қайта шықты. Иә, шыдамды кісінің ой тұқпірінде ғаламат ғажап сырлар мен сенім жатады. Алдағы уақытта да «Күлмейтін комедия», «Жолы болғыш жігіт», «Қос боздақ» т.б. пьесалардың сахнаға жол тартатынына еш күмәні жоқ.

Қазақ деген халықтың ұлы болып келгенін мақтан тұтатын Әкім аға ұлтымыздың бас бірлігінің берік болуын және тірнектеп жиған қазынамызды көбейтіп, өрістетіп, өрісімізді ұзартатын өрелі жастардың көп болуын армандайды. Жаманшылық жойылып, көреалмаушылық кеміп, күнделістік кетіп, орнына адамдардың біріне-бірі көрсетер жақсылығы молайып, қуанышпен құшақ жаы қарсы алар асыл адамзаттардың қатары молая түсуін тілеуде. Жаратқаннан адамдықтың белгісі ретінде үйде де, түзде де келеті болмай жомарт болуға, жоқ болмай бар болуға, тар болмай кең болуға, кем болмай мол болуға өзін тынымсыз, толассыз тәрбиелеумен келеді. Өмірде болмай тұрмайтын түрлі күйзеліске кезіксе де, өзінiң ішкі дүниесімен үздіксіз кеңесуін бір сәтке де тоқтатпақ емес. Арсыз болып өмір сүру тіршіліктің тауқыметі екенін ерте түсініп, інге кірген андай арам болуға емес, ағарып атқан тандай адал болуға ниеттенуде. Қолында қола болса да, оны алтынға балап, еңбек құшағында, еркін шалқып рақаттана, рухтанып жүруді жөн көреді.

Әдебиет – ұлан-асыр бәйге. Шығармаң – сол бәйгеге қосқан жүйрік сәйгүлігін. Кім болса да атының бәйгеден озып келгенін қалайды. Алайда Әкім аға қайтсе де өзгеден оза шабу үшін адамшылық шеңберден шығып кететіндердің қатарынан емес. Атақ-даңқ үшін емес, оқырманның есінде ұзақ сақталу үшін қаламы сенік етуді жөн санаған жан. Бірінші, (Әуезовтің шығармасы бойынша жазылған) Әкім ағаның сценарийімен, режиссер Б.Шәмшиев түсірген «Қараш-қараш оқиғасымен» қырғыз әртісі мен операторды және сценарий авторын мемлекеттік сыйлыққа ұсынған, бірақ Әкім Ұртайұлы ондай құрметке әлі лайық емесің деп тізімнен өзін сындыртып тастаған. Ал авторы болмаған жерде фильмге сыйлық берілмейтінін кейін біліп, екі жігіттің обалына қалғанын кеш түсінді. Дегенмен жазушының бар арманы мансап қуып, құрғақ құрметке ие болу емес, өмірдің, өнердің мәнін біліп, бақытты болу ғана еді. Жазушылар одағының хатшысы кезінде, сыйлықтың түр-түрін алуға талай мүмкіндік болса да, екі рет өз еркімен бастап тартып, өнердегі ағаларынан аттап кете алмай өз жолын берді. Адам болған соң үлкенді ардақтап, кішілік ілтипатын көрсете білуі, бұл Әкім ағаға ата-бабасынан боршыты болып, бойына сінген ұлттық қасиет болса керек. Адамның тула бойында тұрақталып қала бермейтін осынау ұлы қасиет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасса нұр үстіне нұр.

Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА,
театртанушы

Еліміз көптеген саяси және қоғамдық үрдісті басынан кешіріп жатқаны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Екінші Республика: Жаңа Қазақстан» деген биік межені алдымызға қойып, бағындыруға тиісті жаңа белестерді көрсетті. Сонымен қатар сабақтастықтың алтын жібін үзбей, мемлекетшілдік дәстүрімізді жалғастыруды тапсырды. Мұндай күрделі кезеңде қоғамда мемлекетшілдік болмысы басым тұлғаларды іздейтінімізді жасырмаймын. Кешегі мен бүгінгі байланыстырып, басшылық көрсеткен бағытқа адастырмай алып барар алып тұлғалардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігі мол. Мұндай тұлғаларды бірден нұсқап көрсету оңай емес. Өйткені олар менмұндалап алға шықпайды. Тек ізгілікті істері мен азаматтық ұстанымдары арқылы өздерін дәлелдеп келеді. Сондай азаматтардың қатарында менің бұрынғы әріптесім, өмірлік рухани ағам Бақтықожа Ізмұхамбетов бар.

Мемлекетшіл ТҮЛҒА



ша жұмысқа кіріседі. Кара алтынды өндіру саласын бес саусағындай біліп алды. Бұрғылаушының көмекшісінен бастап бұрғылаушы, инженер, аға инженер болып саланың сырын ұғды. Жұмыста жүріп білім-ғылымын қол үзген емес. Бес монография жазды, оның біреуі шетелдік басылымда жарық көрді. 30 ғылыми мақала иесі, өзінің оқыған институтында кандидаттығын қорғады. Араға біраз уақыт салып, докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Ойлап шығарған бірнеше құрылғысы өнеркәсіпте қолданыс тапты. 1983 жылы озат маман ретінде Йемен еліне қызметтік сапарға жіберіледі. 1991 жылы еліміз егемендігін алғанда Геология министрлігіне қызметке шақырылады. Маңдайалды маман ретінде мұнай және газ саласын басқаруға кіріседі. Осындай қарағайға қарсы кеңдік адамгершілігі мол, пейілі ақ, көңілі дарқан адамдарға ғана тән қа-

іші жылып қалады. Жас сарбаздар, келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілер мен офицерлер және ардагерлер қауымының әлеуметтік жағдайын жақсартуға келгенде жарғақ құлағы жастыққа тимей қызмет атқаратын. Әрине, мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктері таусылмайтын қайнар көз емес. Республикалық бюджетпен жұмыс істейтін азаматтар мұны жақсы біледі. Соған қарамастан көптеген әскери жабық қалашыққа барғанда әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша көптеген ұсынысын айтып. Солардың біразы жүзеге асты. Тек қызмет бабымен жүретін шендінің аузынан мұндай сөз шығуы екіталай, біздің кейіпкеріміз секілді мемлекетшіл ірі тұлға ғана осындай ұсыныстарды айта алады. Бұл замандасымыздың қаншалықты мейірімді екенін көрсетіп тұрғандай. Жалпы, депутаттық кезеңде осындай мысалдар жетіп артылады.

Әріптестерін тағы бір таңғалдыратыны — оның кәсіби шеберлігі. Мұнай саласының маманы бола тұра, оның заң шығармашылығына келгендегі кәсібилігі бізді шын мәнінде тәнті етті. Ол қай жұмыс болмасын, қай іске кіріспесін соңына дейін жеткізбей қоймайтын. Ол үшін күн тәртібінде және жиналыстарда екінші қатарлы мәселелер болмайтын, кез келген заң жобасын сондай тиянақтылықпен жүзеге асыратын. Одан кейін шикі, жетілмеген, екіұшты заңдар болмайтын. Оның сараптамалық қыры республикалық бюджетті қалыптастыруға оң ықпалын тигізетін. Қандай мәселе болмасын мемлекетшілдік тұрғысынан ойлайтын. Біз оның қайтпас қайсар мінезіне тәнті болатынбыз. Бір ұстанымды тандады ма, соған соңына дейін адал болады. Бұл қасиеті оның облыс әкімі, министр болған кезде де байқалды.

ӨНЕГЕЛІ ӨНІР БАСШЫСЫ

Сондай-ақ тағы бір байқалған қыры — Бақтықожа Салахатдинұлының күрескерлік тұлғасы. Ол қоғамда қатып қалған қасаң стереотиптерді бұзу керегін тілге тиек етіп келеді. Мысалы, Энергетика министрі болып тұрғанда Италияға іссапармен барды. Сонда сүтті ешкі шаруашылығын көріп, таңғалды. «Мынадай жобаны Қазақстанда да қолға алуға болады ғой» деп қатты қызыққан екен. Ақыры Атырау облысының әкімі болған жылдары осы жобаны жүзеге асырды.

Сол секілді Атырауда талшықты-оптикалық кабель өндірісін жолға қойды. Отандық зауыт кезінде «Қазак-телеком» компаниясының 30 пайыздық қажеттілігін өтеп тұрды. Қазір бұдан да көбейген болуы мүмкін. Мақтағаным емес, әңгіменің ретіне қарай бір мысал келтірсек болады. Атырау облысына әкім болып барғанда жергілікті халық тұтастай шекараның арғы бетіндегі Астрахань өңірінің жұмыртқасын тұтынады екен. Шетелдің өніміне бұлайша иек артуға болмайтынын түйсінген ол өңірде құс фабрикасын салуды қолға алады. Аталған фабрикада жылына 100 млн жұмыртқа өндіреді. Бұл бір ғана мысал. Ондай мысалдар Бақтықожа Салахатдинұлының өмірінде жетіп артылады. Солай десе де, әңгіменің тіні оның іскерлігінде ғана емес, оның ішкі

пейілінде. Қанша өңірге басшылық жасамасын жоғарыда айтып өткен мемлекетшілдік принципінен тайған емес. Ол жершілдік, рушылдық дейтін рухани дертке шалдықпай, ондай құбылыстардан бойын аулақ ұстады. Басшылықта жүргенде қасына туыстарын емес, тек елім, жерім дейтін кәсіби мамандарды топтастыра білді. Оның санасы қаншалықты жоғары екенін пайымдай беріңіз.

Тілге тиек етер тағы бір қыры — оның тазалығы. Бүгінде жоғары лауазымды тұлғалардың байлығы қоғамда күмән туғызатыны заңдылық. «Бұл қалайша осындай игілікке ие болды?» деп айтатын ағайындар аз емес. Кейіпкеріміз 35 жыл мұнай саласында жұмыс істеді. Есеп-қисапсыз дүниесі мол байлардың қатарында болмаса да, көңілі дарқан жандардың арасында жүр.

Оның мәрттігі туралы да айтып өткен жөн. Өңір басшысы болған жылдары шалғайдағы бір отбасы алдына келеді. Кішкентай балалары қайнаған суға құлап, бет-аузын түгелдей күйдіріп алыпты. Амалы таусылған отбасы облыс әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетовтің алдына келіпті. Сонда кейіпкеріміз қомақты қаржы беріп, баланы шетелге емдетуге жіберіпті. Ешкімге дабыра қылып айтқан жоқ. Арада жиырма жылға жуық уақыт өткенде аталған отбасы қайтадан кейіпкеріміздің кабинетіне келіпті. Сонда Бақтықожа Салахатдинұлы «баланы маған көрсетіңіз» деп, дені сау жігітті көріп қатты қуанған екен. Байқасаныз, ол үшін материалдық құндылықтар емес, адамның саулығы, жалпы адам баласы бірінші кезекте тұр. Одан бөлек, оның Ақтөбедегі бір сазгерге өз қаржысына пианино алып бергені бар. Сонда әлгі сазгердің қуанғанын көрсеніз. Өнер адамы үшін ондай сыйлықтың құны қаражаттан да құндырақ. Мұндай мысалдарды көптеп айтуға болады. Ең маңыздысы — оның жанының жомарттығы және осыған қарамастан кішіпейілдігі. Ата-бабамыз: «Ұлық болсаң, кішік бол» деп бекер айтпаса керек.

ӨНЕР МЕН СПОРТ — ҚОС ҚАНАТЫ

Өз басым әскери салаға көп жылдымыз берген адаммын. Жауынгерлік және дене дайындығы өмірімнің бір бөлігі болды. Курсанттық кезден бастап бүгінгі күнге дейін спортты өміріме серік етіп келемін. Бақтықожа Салахатдинұлы да спортты бір адым өзінен тастамай, осы уақытқа

нын талай естігенмін. Бақтықожа ағамыздың домбыра шерткені бір төбе. Сонау көне жыраулардың нақышына салып, күй мен жырдың табиғи бояуын сіңдіре орындайды. Ондай болу үшін шын мәнінде талант қажет. Өзінің жазып шығарған жыр шумақтары мен өлеңдер жинағы жарық көрді. Әр өлеңі терең пәлсапалық түсініктерді қозғайды. Ақындығы сол бір ойшылдығымен ұштасып келеді. Жуырда демалыста жүрген кезінде бірнеше өлең жазыпты, соның ішінде «Айтарым бар» атты өлеңдерін маған жіберді.

«Өтпегін өзге жанның жолын кесіп, Жетем деп өз межеңе өліп-өшіп. Ілеспейді артына қаңқу сөздер, Жүргенге жалтақтамай өмір кешіп», — дейтін шумақтар кездеседі.

Қандай терең мағыналы сөздер де сеніңші. Өнер мен спорт оның қос қанатындай тұлғалық тұрпатын жоғарыға көтеріп тұр.

ДОСТЫҚҚА АДАЛДЫҚ

Саясат сахнасында жүрген адам үшін достықты сақтап қалу оңай емес. Ол тұрмақ қарапайым өмірде тағдырдың сынағынан сүрінбей өтіп, достықты сақтап қалу — күрделі мәселе. Адамның көңіліне кірбен түсіру де оңай. Ал достықтың ақ туын жықпау азаматтың азаматына лайықты іс. Бір таңғаларлығы, сонау бала кезден өскен достарымен қол үзбей араласып келеді. Солардың бірі 4-сыныптан танысқан жақын досы — Мұрат Сақтайұлы. Екеуі жиі кездесіп тұрады. Кейде өз досымен ақылдасып, кеңес сұрайды. Әлі күнге дейін достығына адал болып келе жатқанына көз жеткіздім. Содан кейін қызмет барысында танысқан досы Қазақстанның «Еңбек Ері» Ұзақбай Қарабалин, мұнайшы Қайырғелді Қабылдин және тағы басқалары бар. Жоғарыда айтып өткендей, жершілдікке, ұлтқа бөлінбейді. Еліміздің барлық өңірінде досы жеткілікті. Сондай-ақ өзі оқыған Уфа институтынан бері келе жатқан студенттік достары да бар. Барлық атаулы даталарды бірге өткізеді. Өзі де елімізге келген достарын қарсы алады. Жүрген жерінде көмектесіп, таныстырып, араласып тұрады. Достарымен таныстырайын деген ниетпен мені де Уфа қаласына талай шақырды. Парламенттен бері келе жатқан достары да жеткілікті. Барлығына уақыт тауып, араласып, ажырамас достығын танытып жүреді. Тыста жүрсе адал дос, қызметінде сенімді әріптес, үйінде өнегелі аке, адал жар. Жан жары Ырысты жеңгей екеуі бір күнде туған. Осы уақытқа дейін жұптары жазылмай келеді. Достыққа, Отанға, жан-жарына деген адалдықтың үлгісін іздейтін жастар болса, онда бүгінгі кейіпкеріміз Бақтықожа Ізмұхамбетовтің өмірімен жіті



“*Қай жерде болмасын жас мамандарға атүсті қарамай, өзімен терезесі тең, керегесі кең тұлғадай сөйлесе білген. Мұндай кеңдік адамгершілігі мол, пейілі ақ, көңілі дарқан адамдарға ғана тән қасиет. Жас отбасылар мәселесін қаперінен шығарған емес. Парламент демекші, сол бір халық қалаулыларының қатарында жүріп бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған кейіпкерімізбен жақынырақ танысудың мүмкіндігі туды.*

кейіпкеріміздің өмір жолымен тамтұмдап танысқанымыз абзал.

Бақтықожа Ізмұхамбетов 1948 жылдың 1 қыркүйегінде Атырау облысында дүниеге келді. Әкесі Салахатдин ақсақал мамандығы бойынша филолог болған, мектепте әдебиет пәнінен сабақ берген. Анасы Әсима апай үй шаруашылығын атқарып, бала тәрбиесімен айналысқан жан. Өз өңірінде атақты күй орындаушысы, ақындық қасиеттерімен елге танылған тұлға болыпты. Жас Бақтықожа өз айтуы бойынша, мектепті аяқтағаннан кейін журналист болуды армандапты. Өйткені ата-анасы шығармашылыққа жаны жақын адамдар еді. «Ұяда не көрсен, ұшарда соны ілерсін» демекші, жас баланың қарымды қалам иегері болғысы келгені де түсінікті. Солай десек те, кейіпкеріміз басқа мамандықты тандауға мәжбүр болды. Ағасы Камалитдин де журналист еді, сол кезде «бір әулетке, бір журналист жеткілікті» деп жас өренді техникалық мамандыққа баулауға көндірді. Сол кезде Мәскеу қаласындағы Бауман атындағы училищеге түсуге барады. Алайда ол жақта әскерден немесе екі жыл өндірісте жұмыс істегеннен кейін ғана қабылдайтын болғандықтан, ол Уфа мұнай институтына оқуға түседі. Аталмыш жоғары оқу орнында өзін жақсы қырынан көрсеткені соншалық, оны аспирантураға оқуға шақырады. Әкесі сырқаттанып қалғанына байланысты туған еліне оралып, мұнайшы мамандығы бойын-

сиет. Жас отбасылар мәселесін қаперінен шығарған емес. Парламент демекші, сол бір халық қалаулыларының қатарында жүріп бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған кейіпкерімізбен жақынырақ танысудың мүмкіндігі туды.

ЗАҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Осындай көпшіл азаматпен қызметтес боп, кейін шынайы дос тапқаным үшін тағдырыма айтар алғысым шексіз. Сонымен, артқа сәл шегініс жасап, сонау депутаттық кезде бірге жұмыс істеген шақтарға оралатын болсақ, кейіпкеріміздің болмысы туралы бір мысал есімде қалып қойыпты.

Біз Парламент Мәжілісі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің бір топ депутаттары еліміздің күш-бұйымдарын, шалғайдағы әскери бөлімдерін көп аралайтынбыз. Әскери ұжымдардың тыныс-тіршілігі, күн тәртібі және тағы басқа қызмет тұстарымен таныстық. Сонда Бақтықожа Салахатдинұлы жас сарбаздардың ортасына барып, әкелік қамқорлығымен «қалдарыңыз қалай, тамақтануларыңыз қалай, сіздерді мазаппа жатқан сұрақтар бар ма?» дейтін біраз сауал қойып, сұхбат өткізді. Олармен ашық-жарқын әңгімелесті. Өзім әскери азамат болғандықтан, мұндай тұстарды бірден байқаймын. Бұл жас ұрпаққа деген қамқорлық, болашағына аландаушылық десем, артық айтқандық болмас. Халық қалаулысының осындай қарым-қатынасына сарбаздардың да

Абай ТАСБОЛАТОВ,
«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрақа мүшесі

Жер бетіндегі 8 млрд адамның 1,5 млрд-ы азық-түлік жетіспеушілігін қатты сезініп отыр. БҰҰ таратқан мәлімет бойынша, 2025 жылы Жер шарын мекендеген халық саны 8,6 млрд-тан асып жығылмақ. Демек, халық санының күрт өсуі салдарынан адамзаттың азық-түлікпен қамтамасыз етілуі мәселесі күн санап шиеленісе береді деген сөз.

Бердібек ХАБАЙ

Арнайы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде, 2019 жылы әлемде 928 млн адам аштық жағдайында өмір сүріп жатқан болса, қазіргі ахуал бойынша күндіз тамағын таба алмай отырғандардың саны тағы 148 млн-ға артып кеткен.

Мәселенің күрделене түсуіне байланысты әлем қазір азық-түлік қауіпсіздігіне аса үлкен мән беріп жатыр. Бірақ мәселенің мәнін ашып, түйінді түбегейлі шешіп тастауға ешбір елдің не ұйымның қауқары жетпей жатқан сынайлы.

Әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз — барлық адамның ұдайы белсенді және саламатты өмір сүруі үшін ас-ауқатқа физикалық және экономикалық тұрғыдан жеткілікті мөлшерде қолжетімділіктің болуы. Сонғы он жылда өткір болып отырған әлем алдындағы азық тапшылығы жер бетіндегі адамдардың барлығына бірдей тиісті деңгейде өз әсерін тигізбей қоймасы анық. XX ғасырда халық санының айрықша жылдам артуы XXI ғасырда қалай болмақ? Мысалы, 1930 жылы жер бетіндегі адам саны 2 млрд болса, 1962 жылы — 3 млрд, 1976 жылы — 4 млрд, 1987 жылы — 5 млрд, ал 1999 жылы 6 млрд адамға жетті. Жер шары тұрғындарының саны өскен сайын халықты азықпен қамтамасыз ету мәселесі де ушығып отыр. 2050 жылы адам саны 8,6 млрд-қа дейін жетеді деген болжам бар. Сондықтан да азық-түлік дағдарысы және оның алдын алу әлем жұртшылығын алаңдатып отырғаны рас. Бүгінде дүние жүзіндегі созылмалы аштық дертіне шалдыққандардың саны 928 млн адамнан асып барады. Бұл жер жүзі тұрғындарының 14 пайызына тең келеді екен. Міне, осы статистикалық мәліметтерге қарап шынымен де әлемдік аштық жайлауы мүмкін деп үрейленесіз.

БҰҰ мәліметінше, өркениеті мешеу елдер мен соғыс зардабын тартып жатқан мемлекеттерде адам санының ұдайы өсуі байқалады. Керісінше, экономикасы тұрақтаған дамыған елдерде халық тоқ болғанымен адам саны күрт азаюда.

2020 жылғы санақ бойынша, АҚШ-та халық санының өсу қарқыны соңғы 10 жыл ішінде 1930 жылдардан бері қарайғы ең төменгі деңгейге түскен. Ал Қытайдың «бір отбасы — бір бала» саясаты 2016 жылы тоқтағанымен, елдегі бала туу деңгейі нәтиже көрсетпеген. Екі ел халқының болашақта қартайып кетуі ықтимал. Осыған байланысты мұндай елдер «жақын уақытта өзі алдына бөлек ахуал туындайды» деп дабыл қағуда. Зерттеушілердің пікірінше, әлем бала туу деңгейінің күрт төмендеуіне дайын емес. Жалпы, жағдай осылай жалғасса, ғасыр соңына дейін жер шары тұрғындар саны күрт азаймақ. 2100 жылға қарай Испания мен Жапонияны қосқанда, 23 елдің халқы екі есе азаюы мүмкін. Мәселен, тұрғындар саны екі есе азаятын 23 елдің қатарында Жапония, Италияда, Испания, Португалия, Таиланд және Оңтүстік Корея да бар екен. Бірақ бұған қарамастан жер бетіндегі адам санының өсуі тоқтамай-тыны шын.

«Әлемдегі ең үлкен 13 азық-түлік дағдарысының 10-ы елдер арасындағы түрлі қактығыстардан туындаған. Тамактанудан зардап шегетін адамдардың 60 пайызы қактығыс аймақтарында



ҚАУІПСІЗ азық-түлік —

“*Әлемнің тек 7 елі өзін-өзі таза әрі сапалы азық-түлікпен 100%-ға қамтамасыз етіп отыр. 75 елде бұл көрсеткіш — 70-80%. 50 ел өзін азық-түлікпен 50-60%-ға ғана қамтамасыз етуге қауқары әрең жетеді екен. Қалған мемлекеттерде жағдай күрделі деген сөз.*

тұрады», — деп жазды БҰҰ-ның Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының атқарушы директоры Дэвид Бисли өз мақаласында.

БҰҰ-ның мәлімдеуінше, климаттың өзгеруі мен Украинадағы ахуалдан көп елдің ауыл шаруашылығы саласы қатты зардап шегіп отыр. Дағдарысты еңсеру үшін мемлекеттер саланы дамытудың дәстүрлі амалдарынан бөлек, түрлі тын шараларын қабылдау керек.

Аталмыш ұйым 2021—2022 жылдардағы азықтану есебін жариялады. Жаһандық рейтингте тұрғындардың азықтануы бойынша Беларусь 36-шы, Қазақстан 41-ші, Ресей 23-ші орынды иеленді екен. COVID-19 пандемиясы адамзаттың тамактану жағдайына да кері әсер еткен. Егер мұндай жағдай қайталанса беретін болса, аштық қаупі шындап төнетіні белгілі.

Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясында азық-түлік қауіпсіздігінің тиісті доктриналары бар. Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері «Ұлттық қауіпсіздік туралы» және «Агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңдармен реттеледі. Ал Қырғыз Республикасында азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң, сондай-ақ

ҚОРДАЛЫ МАСЕЛЕ

2019—2023 жылдарға арналған азық-түлік қауіпсіздігі және тамактану бағдарламасы жұмыс істеп жатыр.

Әлемде БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), Ауыл шаруашылығын дамытудың халықаралық қоры (IFAD), БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), БҰҰ Дүниежүзілік Азық-түлік бағдарламасы (WFP), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және өзге де ірі ұйымдар тізе қосып жаһанның аш құрсақ қалмауының қамын ойлап, түрлі бағдарламалар әзірлеп жатыр. Бірақ бүгінге дейін бұл ұйымдардың дені аш құрсақ отырғандар мен ауруға шалдыққандарға гуманитарлық көмек көрсетуден ары аспай келеді. Әрине, бірігіп түрлі жағдайлардың алдын алуға байланысты келелі келіссөздер де ұйымдастыратыны шын.

Азық-түлік қауіпсіздігінің Ислам ұйымы мемлекеттер арасында «Азық-түлік тапшылығын жою мен баға тұрақтылығын сақтау үшін азық-түлік қауіпсіздігі резервін құруды» стратегиялық мақсат етіп отыр. Бұл жөнінде аталмыш ұйымның Бағдарламалар мен жобалар департаментінің Бағдарлама менеджері Бақытжан Арыстанбек былай дейді:

«Қазақстанның әлеуетті мүмкіндіктерінің болашағы зор деген болжам бар. Біріншіден, бұл — ауыл шаруашылығына жарамды орасан зор жер ресурстарының болуы. Ұйымға мүше көптеген елдер үшін ауыл шаруашылығы өндірісін тежейтін фактор жер көлемінің шекеулі болуы. Әлем халқының азық-түлікке деген сұранысының өсуіне байланысты Қазақстан әлемдік нарықта ықпалды ойыншы бола алады. Бұл өз кезегінде экспортты едәуір ұлғайтады. Ал азық-түлік қауіпсіздігінің резервін құру тек Қазақстанда ғана емес, түгел Орта Азия елдерінде өңірлік резерв құру мақсаты бар. Оның стратегиялық маңыздылығы, өңірдегі халықтардың тұрақты азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі имунитетін арттыру болып отыр. Мұндай резервтер азық-түлік өнімдерін өндіру, тарату немесе сыртқы нарықтағы ауытқушылықты реттеуде шешуші рөл атқарады. Осылайша, ең қажетті әрі маңызды азық-түлік тауарларының қорын сақтай отырып, Қазақстан төтенше жағдайлардың, табиғи апаттардың және әлемдік нарықтың құбылмалылығының азық-түлік қауіпсіздігіне өзінің өз әсерін көрсете алады», — дейді.

Оңтүстік азық-түлік қауіпсіздігінің резерві дағдарыс кезінде көмектесіп қана қоймай, ішкі нарықтағы баға тұрақтылығын сақтауға да ықпал етеді. Азық-түлік бағасының ауытқуы, әсіресе халықтың осал топтары үшін елеулі әлеуметтік-экономикалық соққы болмақ. Үкімет қиын жағдайда тығырықтан шығудың жолын қарастырып, 2021—2025 Ұлт жобасын әзірледі. Осылайша, импортты азайтып, өзімізде өндірілетін азық-түлік өнімдерінің өсі-



мін арттыруды жоспарлап отыр. Расында, Үкіметтің алдында тұрған үлкен міндеттің бірі — ауыл шаруашылығы азық-түлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, инвестиция тартып, жұмыссыздықты қысқарту.

Осыған байланысты 2022 жылдың соңында Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Үкімет отырысы өткен болатын. Мұнда елдегі Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары талқыланып, ауыл шаруашылығы саласын оңтайландыруға байланысты бірқатар тапсырма жүктелген.

«Мемлекет басшысы ағымдағы сынқатерлер мен тәуекелдерді ескере отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын бірнеше рет атап көрсетті. Осыған байланысты тиісті Жоспар әзірленген болатын. Қазіргі жағдайда бұл құжаттың маңыздылығы одан сайын арта түскенін көріп отырмыз», — деді Ә.Смайылов аталмыш жиында.

Ауыл шаруашылығы министрлігі келтірілген статистикалық мәліметке сүйенсек, Қазақстан арнайы тауарлармен толық қамтамасыз етілген. Быыл тамақ өнімдерінің өндірісі капиталына құйылған инвестиция — 27,6%-ға артқан. Бұл шамамен 88,8 млрд теңгені құрап отыр. Сөйкесінше, азық-түлік бағасының өсімі өндіріс өсімінен бірнеше есе жоғары болып шыға келген. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 22,2%-ға көтеріліп отыр.

Қазіргімізде ауыл шаруашылығында өнімділікті ұлғайту мен қайта терендете өңдеу бағыттарында жаңа жобалар жасалып жатыр.

«Бағаны реттеудің қолданыстағы механизмдерінің тиімділігін бағалау керек. Бағаларды әкімшілік механизмдермен ұстап тұру нарықтық тәсілдерге жатпайтынын білеміз, сондықтан бағаларды тұрақтандырудың басқа да әдістерін қолдану қажет», — деді алқалы жиында Премьер-Министр.

Биология ғылымдарының докторы, профессор Балғабай Майқанов білім мен ғылымдағы азық-түлік қауіпсіздігі мен тағам қауіпсіздігіне байланысты Қазақстанда Тағам қауіпсіздігі жөнінде арнайы Агенттік құруды ұсынып отыр.

«ДДСҰ дерегі бойынша, жыл сайын 600 млн-ға жуық адам (бұл шамамен әлемдегі он адамның бірі) 200 түрлі тағамнан болатын аурумен ауырады. Ал жыл сайын 420 мың адам зиянды астан көз жұмады. Әсіресе, балалар көп зардап шегіп жатыр. Залалды тағамды тұтыну салдарынан денсаулығына нұқсан келтіретіндердің 40%-ы — 5 жасқа дейінгі балалар. Оның ішінде жыл сайын дұрыс азықтанбау салдарынан 125 000 бала қайтыс болады. Бұл деректердің Қазақстанға да қатысы бар екенін ескеруіміз керек», — дейді Балғабай Майқанов.

Ғалымның айтуынша, қазіргі кезде адамдар арнаулы емес орындарда және шағын дүкендерде сатылатын тағамдар қауіпсіз деп ойлайды. Негізінде оларды да ауыл шаруашылығы тағамдарын өндіретін өндірушілер әкеледі. Ал ол арнайы бақылаудан өте ме, өтпей ме? Ол жағы беймәлім. Сондықтан ғалым азық-түліктің сапасына бақылауды күшейту керектігін айтады ғалым.

Мәселен, әлемнің тек 7 елі өзін-өзі таза әрі сапалы азық-түлікпен 100%-ға қамтамасыз етіп отыр. 75 елде бұл көрсеткіш — 70-80%. 50 ел өзін азық-түлікпен 50-60%-ға ғана қамтамасыз етуге қауқары әрең жетеді екен. Қалған мемлекеттерде жағдай күрделі деген сөз. Ал Қазақстанның азық-түлік нарығының жағдайы сыртқы нарыққа тәуел-

діліктің шекті деңгейімен сипатталады. Отандық өндіріс халықтың аз ғана бөлігін қамтамасыз етеді.

«Әрине, біздің ел сыртқы нарыққа тәуелді, оның өзіндік экономикалық сипаттары бар. Ең алдымен дұрыс тамактану — адамзат үшін басты имунитет. Сол үшін елдің ауылшаруашылығы саласын дамытып жастарды ғылымға тартуымыз керек. Егер ауыл шаруашылығын екінші орынға қойсақ, болашақта күрделі жағдайға тап боламыз. Әлемнің дамыған елдері бүгінде түгелдей азық-түлік қауіпсіздігі мен тағам қауіпсіздігін бірінші орынға шығарып отыр. Сол үшін де азық-түлік қауіпсіздігі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігімен тең тұруы тиіс», — дейді PhD Лаура Аутелеева.

«Ветеринарлық азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері қазір өзекті әрі өте маңызды. Мемлекеттік тұрғыдан қалағалауды күшейтпесе, қауіпті инфекциялардың көбеюіне, жаһандық азық-түлік алаяқтықтарының таралуына және әлемдік ауқымда сапасыз азық-түлік өнімдерінің өтіп кетуі қаупі басым. Дүниежүзініңдегі жануарлар мен өсімдіктерден алынатын тағам өнімдерінің 40%-ы бөгде заттармен ластанған, ал балық пен балық өнімдерінің 34%-ы сапасыз өндірілген. Құрамында патогенді бактериялар, вирустар, паразиттер немесе зиянды химиялық заттар бар қауіпті тағамдар диареядан онкологияға дейінгі 200-ден астам ауруға себеп болып жатады», — дейді ветеринарлық микробиолог Өркен Сұлтанхамитұлы.

Азық-түлік қауіпсіздігі — бұл ұлттық, экономикалық, қорғаныс қауіпсіздігінің бір бөлігі, оның қамтамасыз етілуі халық денсаулығы мен демографиясының жақсаруына тікелей әсер етеді. Сондықтан да азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін кешенді проблема ретінде қарау қажет. Бұл жерде мемлекет пен түрлі ұйымдардан бөлек, құрылымдар да өз ұсыныстарын беруі тиіс.





Айтыс өнері ерекше қарқынмен дамып, қайта тұғырына қона бастаған жылдарда, яғни өткен ғасырдың соңында Жетісу жерінің намысын қорғаған жаркенттік қос жампоз Айтақын Бұлғақов пен Жандарбек Бегімбетовтің, ақсулық Ханыша Райысованың өнерлері өзіндік ерекшеліктерімен өрнектелді. Олар өз дәуірінде Жетісу өңірінен шыққан, ел мойындаған ақын-жыршылардың лайықты ізбасарлары бар екенін елге паш етті. Ақын Сараның, Бақтыбай мен Сүйінбайдың, Құлмамбет пен Қалқаның және тағы басқалардың жалғасы ретінде жұртшылықты сүйсінткен сол ақындардың ішінде Жандарбек тым ерте жанып кетті.

Айтақын бертінге дейін додаға түсіп, олжа салып жүрді. Шәкірттер тәрбиеледі. Олардың арасынан суырылып алға шыққандар, елге есімі танылғандар көптеп саналады. Бірақ Жетісу өңірінде дәл қазіргі кезде дүбірлі додаларда облыс намысын қорғайтын айтыскерлер жок деуге тура келеді. Айтақындардың жалғасы сынды болған Балғынбек, Жандарбек Бұлғаков, Аякөздер бүгінде басқа аймақтарда. Биылғыны білмеймін, былтыр республикалық деңгейде өткен мәртебелі айтыстарда біздің облыстың аты мүлде шықпай қалды. Дәл қазір ұлттық өнерді қадір тұтатын жандардан Жетісу облысында үзенгі үзердей жұтқын-нып, додаға қатысуға құлшынып тұрған қандай ақын бар деп сұрасаң, жауап таппай қиналатыны анық. Осыған орай Жетісудың бас ақыны Айтақын Мұхаммадиұлына бірер сауалды көлденең тартқан едік.

— Бір кездегі біртұтас Алматы облысы түгелімен Жетісу өңірі деп аталғанда, өздерің айтыстың ақберені атанып, Жетісудың жезтандай айтыскерлері небір аламанда олжа салатын. Сол кездерге оралып, қысқаша шолу жасай кетсеңіз дұрыс болар еді.

— Иә, ол бір дәурен еді ғой! Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында наурыз мерекесі қайта оралып, қазақ тілінің қадірі арта бастады. Ұлттық өнерге баса назар аударылып, жылдар бойы құндылықтарымызға сусап қалған жұрттың айтыс сияқты бекзат өнер түрлеріне сұранысы қарыштап артқан еді. Сол жылдары Жетісудан, оның ішінде Жаркенттен таңдау қатар жүрген Жандарбек Бегімбетов екеуімізге түсті. Бағасын сол уақыттағы халық берді. Мәртебемізді асырып, мерейімізді тасытты. Өзім ойлаймын, екеуіміздің айтыс мәнеріміз басқалардан бөлектену еді. Біреулер дұрыс қабылдамады. Дегенмен қалың көпшіліктің көңілінен шықты.

1989 жылы, сол кездегі астанамыз — Алматыда аламан айтыс өтті. Сол жолы біразымыздың тұсауымыз республикалық деңгейде кесілді десем де болады. Ішінде Жандарбек марқұм екеуіміз бар, Абаш Көкенов, Серік Құсанбаев, Қуаныш Мақсұтов секілді ақындар осы жолы топ жарып, көзге түстік. Содан айтыстағы даңғыл жолымыз ашылды. 90-жылдары өткізілген телевизиялық айтыс адымымызды аршындатып, қарқынымызды арттыра түсті. Сол жылдары Жетісу өңірінен есімі жалпак жұртқа танылған ақындар шоғыры шықты. Өйткені бұған дейін елге аты шыққан айтыскерлердің жасы келіп қалған болатын, біздер солардың тәлім-тәрбиесін көрдік, өнегесін үйрендік. Айтыс мектебінің жұлгесі үзілмеуі үшін алыс ауылдардағы жас

дарындарды іздеп тауып, баулуға ден қойылды.

Одан кейін 1997 жылы Талдықорған облысы тарқап, Алматы облысымен біріктірілді. Жетісу деп аталатын аймақтың керегесі кеңіп, қанаты кенге жайылды. Өнердің барлық түрінен атымыз оза бастады. Соның ішінде айтыстан екі аймақты қосқандағы команда мықты еді. Талай-талай дүбірлі додада топ жардық.

Алайда екі облыс бөлек болып тұрғанда, одан кейінгі жылдарда да айтысқа зор көңіл бөлініп, қолдау жасалып тұрды дей алмаймын. Басшылар «Осындай айтыс болғалы жатыр. Қатысу керек» деп жоғарыдан команда түскенде ғана барып қимылдайтын. Талдықорған облысында Хайдар Маманов деген ақынды қызылша суарып, Әбікен Сарыбаевты автоклуб жүргізіп жүрген жерінен жеткізіп, асығыс-үсігіс дайындап, додаға қоса салатын. Оларға жағдай жасау, қолдау көрсету деген мүлде жок болатын. Жүлде алса, азын-аулақ сый-сияпатын береді де, қайтадан жұмысына жөнелтеді. Өкінішке қарай, сондай немқұрайдылық дәл қазіргі Жетісу облысына да тән десем, ешкім артық айттың дей қоймас.

Сол кенестік кездің өзінде басқа облыстарда айтыскер ақындарын ардақтап, өзіндік мектебін қалыптастырып отырды. Мәселен, Семей жакта Қалихан Алтынбаев, қызылордалық Манап Көкенов, көкшетаулық Көкен Шәкеев, шымкенттік Көкбай Омаров сияқты ақын ағаларымыздың өзіндік мектебі болды. Білік тарапынан үнемі қолдау көріп тұрды. Оларға өнерден қол үзбейтіндей жағдай жасап, лайықты жұмыс тауып беріп дегендей қолдау көрсетілетін. Біздің өңірде сол кездің өзінде айтысқа қырын қарайтын, сол кері кеткен пиғыл әлі де өзгерген жок. Қажет кезде, жандары қысылғанда ғана бізді іздейді.

Айтақын БҰЛҒАҚОВ, айтыскер ақын:

ЖЕТІСУ

АЙТЫС МЕКТЕБІН

ҮЗІП АЛДЫҚ

Былайғы уақытта ешкімге керегіміз жоқ.

— Жаркент аймағынан дүбірлетіп Жандарбек Бегімбетов екеуіңіз шыққан едіңіздер. Ол кезден де есте қалған елеулі оқиғалар бар болар?

— Жаңа айтып өткенімдей, біз сол 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында айтыскерлер арасынан көрініп, елге кеңінен танылдық. Сол жылдары Алакөден, Ақсудан айтыскерлер шоғыры шықты. Ханыша Райысова да елге танылды. Алдыңғы толқын ағалардан көп нәрсе үйрендік. Десек те, өзіміздің ерекшелігімізді де сақтап қалдық. Жалпы, Жандарбектің ақындығы қанында бар еді. Оның анасы атақты Кабан жыраудың ұрпағы болса, әкесінің жұртынан Дөнеш Рақышов сияқты өнші, Асыл-ақын Қалиев, Әсет Керімбаев, Токбай Исабеков сынды мықты ақындар шыққан. Сондай-ақ ол жоғары білімді Тараз жакта алды. Сол жакта жүріп жергілікті ақындар-жыршылар мектебінен сусын-нын барынша қандырды. Шыққан тегі мен ұстаздары мықты Жандарбек ақындық пен өншілікті қатар алып жүрді.

Өткен, қатар шапқан қос жүйріктей жұбымыз жарасып, үлкен додаларда топ жарып, дер шағымызға енді жеттік пе деп жүргенде асылдостан қапияда айырылып қалдым. Қасында болсам, қайғылы оқиға болмас па еді деп те ойлаймын кейде. Менің қолымнан келгені, ұлыма онын есімін беріп, айтысқа баулып, елге танытқаным. Сол арқылы айтыстағы Жандарбектің есімін елге ұмыттырмауға тырыстым.

— Оразалы марқұммен сапарлас, бәсекелес болған шақтарыңыз да болды...

— Оразалының ұстазы — Хасен Самылыров деген ағамыз. Жалпы, Хан тәңірінің баурайын мекен еткен елде ақынға кенделік жоқ. Сонын ішінде бір күнде тоғыз ақынды жеңген Құланаян Құлмамбет пен осы алдағы қыркүйекте 130 жылдығы тойланғалы отырған Көлек Байшығанұлының орны басқалардан бөлек. «Құлмамбеттен қалған құлынмын» деп жырлаған Оразалы ақын осынау қазақтың қаймағы бұзылмаған, тілі мен ділі сол қалпында сақталған, сөзі шұрайлы, жері шырайлы өлкесінде дүниеге келіп, қазақтың ауыз әдебиеті мен құндылықтарына қанығып өскен. Содан да болар, жырлағанда айтарының әр жолы қорғасындай салмақты, тиген жерін ойып түсердей өткірлігімен айрықшаланатын. Біздің қатарға кейінірек қосылғанымен, талай рет сапарлас болдық, көптеген елдің, жердің дәмін бірге таттық. Өзара айтыстық та. Сыйластығымызға сызат түскен жок. Оразалы да жұлдызды шағы жанар тұста жарк етті де, ел-жұртын аныратып өмірден өтті де кетті. Кішіпейілдіктен айнымайтын, алайда айтары бар кезде тосылмайтын. Жас та болса, бізге де үйретері көп болатын.

— Айтыскер ақындықты журналистікке ұштастырып, аймақтық «Алатау» газетінің тізгінін ұстағалы Жетісу өңірінде журналист ретінде елмен араласып жүргенсіз. Бұрын осы аймақтың айтыскерлері ел көлемінде оза шауып, алдыңғы шептен көрініп

жүретін. Соңғы жылдары ел аумағында небір додалар өтіп жатыр, Жетісу өңірінен суырылып шыққандарды байқай алмай, бармақ тістеп жүргендейміз... Here?

— Оның рас, шынымен бармақ тістеп жүрміз. Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ. «Дәрмен жоқ» дегенім артықтау да болар, бірақ сол айтқаныңды тындап, жүзеге асыруға атсалысатындар жоқтың қасы. Қолында билігі, қалтасында қаржысы барларға айтыс мүлде қажет емес сияқты. Ел көлемінде солай деуден аулақпын. Алайда дәл біздің Жетісу өңіріндегі жағдай өте нашар. Бүгінде: «Міне, мынау Жетісу облысының айтыскер ақыны. Кез келген додаға салсаң, жүлде алады. Мықты болсаң, қарсыласып көр» деп үлкен айтыстарға алқалап апаратын адам жоқ. Біздің жасымыз болса, алпыстан асты. Жоғарыда айтқанымдай, Балғынбек пен Жандарбек басқа жакта тұралды. Аякөз қыз бала, жат жұрттық болып ол да кеткен. Қазаққа Ақын Сарадай дара туғандарын сыйлаған өңірде айтыс өнері мүлде кенжелеп қалды, соңғы жылдары Сараның бір сінлісі ел аумағына танылмады деген ерсілеу естіледі екен. Бірақ жағдай солай екенін қазақтың төл өнерін қадір тұтатындардың барлығы сезіп, біліп жүр...

Балалардың, жастардың арасынан іріктеу жүргізіп, таңдаудан өткендерді баулуға қажетті қолдау жоқ. Осындайда бүкіл жұртты телеарналарға телміртіп, мәдениет үйлері мен концерт залдарына сыймай тамашалататын сол бір кездерді аңсайсың, айтысты өз шамасы жеткенше қолдаған ел ағаларын сағынасың. Біздің айтыста жүлде салған, одан кейін Балғынбектер жалғастырған кездерде біздің өңірде айтыстың өзіндік мектебі бар болатын. Сол дәстүр жылдар бойы жарасымды жалғасып жататын. Соны үзіп алдық.

— Жалпы, Жетісу өңірін басқарған әкімдердің ешқайсысы айтысқа қырын қарамаған еді. Серік Үмбетовтің тұсында тіптен үлкен қолдау болғаны есте. Сол жылдары ғой деймін, Жетісу айтыс ақындарының мектебін құрдыңыздар. Сол бастаманың соны не болды?

— Менің ойымша, айтыс та спорт сияқты. Баптау мен жағдай жасауды қажет етеді. Бірінші кезекте ел ішін аралап, жас дарындарды тауып, олардың жолын ашу керек. Өзің де білесің, Алматы облысының орталығы Талдықорғанға көшіп келгеннен кейін облыстық Білім басқармасын Токқожа Естенов деген ағамыз біраз жыл басқарды. Сол жылдары экономикамыз әлі толық енсе тіктей қоймағанына, Талдықорған аймағын өркендетуге өзгеше назар салынып жатқанына қарамастан, ол кісі мүмкіндігінше айтысты қолдады. Ең бастысы, оқушылар арасында аудандық, облыстық, республикалық айтыстардың ұйымдастырылуын қолға алды. Сонын арқасында облыстың аудандарын айтпағанда, еліміздің аймақтарынан жас ақындар топтап шыға бастағанын ұмыта қойға-

нымыз жоқ. Солардың ішінде топ жарған ұлым Жандарбек пен жоғарыда есімі аталған Аякөз Серікқызын менің шәкірттерім ретінде атап айта аламын. Қазір «Жетісу» телернасын басқарып отырған Думан Алтынбекұлы да бастапқыда жақсы өнер көрсеткен, кейін түбегейлі журналистикаға бет бұрып кетті.

Жалпы, біздің облысты басқарған әкімдердің ешқайсысы айтысқа қырын қарамағаны рас. Әрқайсысы руханиятты қалай түсінетініне, айтыс сияқты ұлттық өнерді құрметтейтініне қарай, мүлкінді-гінше қолдау көрсетті. Ел ішін аралап, таланттарды іріктеп, Талдықорғанға әкеліп, оқытатынбыз. Менің өзім де

бірнеше рет ауылдарды аралағаным бар. Қазір де Талдықорғандағы саз мектебінде он шақты баланы сөз өнеріне үйретудемін. Оның бірнешеуін айтысқа баптап жүрмін. Нақтырақ айтқанда, айтыс ақынын дайындау оңай емес. Ақындыққа таласы бар жүз адамның ішінен бір айтыскер ақын шыкса, қуанасың. Ақындық мектеп инкубатор емес қой. Жүз жұмыртқа салып, соның бәрі балапан болатын...

Жоғарыда айттым, біздер облысымыздағы айтыскерлердің қалыптасқан мектебін құртып, жұлгесін үзіп алдық. Айтудан кенде емеспін, Мәдениет басқармасы басшыларының есігін тоздырып, «ең құрығанда жылына бір рет болса да облыстық айтыс өткізейік» деп жыларман боламын. Ешқайсысы құлақ аспады. Қазір соның зардабын тартып отырмыз. Бүгінде көзбояушылыққа баратын болдық. Республикадан айтысқа қатысу туралы тапсырма келсе, жанталасып, басқа облыста тұратындарды жалынып, жалпайып шақырамыз. Көпекөрнеу халықты алдап, соларды облыстың атынан жарысқа қосамыз. Бірақ ел бәрін біліп отырады. «Бөріктің намысы бір» деп іштен тынады. Өзің ойлап қарашы, 2018 жылы Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров кентінде Ақын Сараның 165 жылдығына арналып республикалық айтыс өтті, соған Сара шыққан өңірден оның бірде-бір сінлісі қатысқан жоқ. Маскара ғой!

Ақын Сарадемекші, Талдықорғандағы саз мектебі ашылғалы да бірнеше жыл болды. Оған Сара Тастанбекқызының есімі беріледі дегенде ел қуанып еді. Бұл мәселе де шешілмей қалды. Осыдан біраз бұрын облыс әкімімен жолыққанда соның жай-жапсарын сұрап едім. Ол кісінің айтуынша, Ақын Сараның есімі «Ұлы тұлғалар» тізіміне енбей қалыпты. Соның кесірінен мектепке есімін беру кешеуілдеп жатқан көрінеді. Мұны Жетісу облысындағы мәдениеттің басы-қасында жүргендердің білместігі, әлде әдейі істелген қысастығы дейміз бе, білмеймін? Сара Тастанбекқызы еңбеген «Ұлы тұлғалар» тізімінің құны қанша? Міне, Жетісу жеріндегі мәдениет пен руханияттың, ұлттық құндылықтардың жағдайы осындай. Ал дәл қазір Жетісу айтыскерлер мектебінің жоғалу алдында тұрған даңқын қайта қалпына келтіру үшін бұл салаға нақты қамқорлық пен жанды қолдау керек. Мәселен, Қызылорда, Түркістан, Маңғыстау облыстарында жылына түрлі деңгейдегі бірнеше айтыс өткізіледі. Айтыс ақындарын мүмкіндігінше қолпаштап, қолдап жатады. Сондықтан да болар, осындай өңірлердің өнерпаздары мәртебелі айтыстарда топ жарып, облысының намысын асқақтатады. Біздің қолдан келері, солардың жетістіктеріне сұқтанып, бармақ тістеп отыру.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы



«Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы» (Айқын. №44, 20 сәуір 2023ж.) аталатын Мөлдір Төлепбайдың мақаласын оқыған соң, Сұлтанмахмұттай асау жүректі ақын тағдыры, әдеби мұрасы жайында ойға берілдім. Ойыма бар ғұмырын Сұлтанмахмұттың тағдыры үшін жанпида күреске арнаған профессор Бейсембай Кенжебайұлы оралды. Сұлтанмахмұт үшін күрес – Алашорда үшін күрес еді ғой, бәтір-ау. Сұлтанмахмұт «Алаш ұранын» жазды. Алаш ұранын жазғаны өлідей өзіне сор болды. Алашорданың өзге аймүйіздері тірідей қудаланып, бірде кешіріліп, бірде қайыра қудаланып, ақыры сотталып, атылып кетуіне себепкер болса, Сұлтанмахмұттың өлідей сәт сайын «сана сотына» түсіп, сан рет большевиктік айыпталуына себепкер сол «Алаш ұраны»! **«Алаш ұраны» мен Алаш рухты шығармалары!**

Әкедей әзіз Бейсекең, Бас сұлтанмахмұттанушы — профессор Бейсембай Кенжебайұлымен арадағы әңгіме тағы да осы бағытта өрбіген еді.

Бейсекең қызыл пүліш жабылғы жабылған диванда тыныстап отыр еді. Әжімді жүзі терең теңіз тербеген судың бетіндегі су тербелісіне ұқсайды. Жыбыр, жыбыр... Қасына таяп келе жатқан мені де аңғарар емес. Осылай ерте тұратын әдеті. Ұлғайған жас, сергек ұйқының адамы. Жары татар қызының ұқыпты-лығынан қалыптасқан дағды ма, әлде өз ұқыптылығы ма, әйтеуір құланиектен тұрып алады. Бізді оянып кетпесін дейтін болуы керек. Әлде, танғы сауамл аудан жұтып-жұтып, кең тыныстап алғысы келе ме, әйтеуір тырп-тырп басып далаға сейілге шығып кетеді. Бір сағаттай аулада жүріп келіп, осы диванда отырады. Оған дейін біз де оянамыз. Жатын бөлмеден тұрып келіп, сәлем беремін. Күнделікті дағды.

— Ассалаумағалайкөм, әкей? — Қайырлы таң, қарағым! — Жаксы ұйықтап тұрдыңыз ба? — Шүкірі! Шүкірі!

Бейсекеңнің «шүкіршілгінен» кейін, кешегі әңгіме ойыма түсті. Кеше түннің бір уағына дейін бүкіл өмірін арнап, зерттеп келе жатқан асау жүректі дауылпаз ақын Сұлтанмахмұт жайында әңгімелескен едік. Шама-лауымша, кешегі әңгімеден асақал әлі айыға алмай отыр. Оған күмән жоқ. Өмір бойы зерттеп, жан-тәніне еркін еніп кеткен тақырып болғандықтан ба екен. Әйтеуір күндіз-түні ойынан Сұлтанмахмұт ақын шықпайды-ау, шықпайды. Бейне күндіз ақынмен сұхбаттасып, сырласып бір жүретін, түнде ұйқыға бірге жататын секілді әсерде боламын кейде. Шығармашылық психологиясы. Диванға келіп, аксақалдың қасына жайымен жайғастым.

— Сонымен, өмірден қыршын кеткен Бернияз ақынды асау жүректі ақынмыз Сұлтанмахмұттың бірінші ғұмырнамашысы атауға болады ғой? — дедім сосын сұраулы жүзбен.

— Болады, өрине. Әттең-ай, Бернияз ақынның үш поэмасын кімнен алғанын айтпаған, жазбаған. Жиырманшы (Ол осылай қолданады. К.Е.) жылдары Ахмет Байтұрсынұлы «наркомпрос» болған. Сол кезде ұлы ақындарымыз жайында екі комиссия құрған. Бірі — данышпан ақынмыз Абай мұрасы жөнінде. Оны Мұхтар Әуезов басқарған. Екіншісі — Сұлтанмахмұт Торайғырұлының әдеби мұрасы жөнінде. Оны — ой, жорға жазушы, қазақтың тұңғыш «Психология» оқу-лығын жазған Жүсіпбек Аймауытұлы басқарған.

Кейде маған мынадай да ой келеді. Бернияз 1922 жылы «Қазанда» кітап қылып басып шығарған «Адас-қан өмір» кітабына енген үш поэманы Жүсіпбектен алмады ма екен деген де ой келеді.

— Сонда Жүсіпбек Аймауытұлы Сұлтанмахмұттың өлеңдерін, ұлы ақын дүниеден өте салысымен жинауға кіріскен бе?

— Солайдеуге болады. «Түркістанреспубликасының» үні — «Ақ жол» деп аталатын тамаша газет болған, қара-ғым. Оның ұйымдастырушы шығарушысы, редакторы

— Сұлтанбек Қожанұлы есімді асқан қайраткер, «Токпак» деген тақуалламен өзі де небір ұытты өлендер жазған, аса өткір қаламгер болған. Аға еді, ұстаз еді бізге. «Ақ жол» газетіне жазуға талабы бар жастарды тартып жүруші еді. Ташкентте «Луначарский үйі» аталатын Мәдениет сарайы болды. Сонда небір айттыс, тартыс өтер еді. Соған біздің қатысуымызды қалайтын. Ол бөлек бір әңгіме. Орайында бір әңгімелеп берермін.

— Иә, сөйтсенізіші. Ол Сізге келіп, сәлем беріп кететін Зибә есімді апайдың әкесі ғой. «Сталиннен ықпаған, бетіне тура айтып алып, қарап отырар кісі болып еді» деп, Сіз де еске аласыз ұдайы. Сұлтанбек Қожанұлы жайында, жалпы «Түркістан республикасы» жайында әңгіме қызықты болар еді. Бірақ, ол тақырыпты арнайы әңгіменің еншісіне қалдырайық. Бүгінгі әңгіме Сұлтанмахмұт Торайғыров жайынан болса.

— Болсын, болсын. «Ақ жол» газетін тілге алған соң, айтылып қалып жатқан сыр ғой, қарағым. Мынау «Социалистік Қазақстан» өзінің бастауын түрлі газеттерден алып жүр ғой. «Ақ жол» бір жағынан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ұйымдастырып шығарған қазақтың тұңғыш ұлттық газеті «Қазақ» газетінің жалғасы деп айтуға болатын, бір жағынан осы «Социалды Қазақстан» (солай айтты. К.Е.) бастауында тұрған баспасөз деуге келуші еді. Басшыларына әрдайым айтамын. Тындамайды. Жанынан безіп, қорқады. Безілдеп қоя береді. «Түркістан республикасы» — советтік республика ғой. Оның үні «Ақ жол» советтік баспасөз ғой. Неге қорқады? Білмеймін. Ұлт мәселесін қозғайтын. Ұлт мәселесін қозғамаса, ол қалай қазақ газеті болады? Осылардың түсінігі қызық, әйтеуір.

Сол «Ақ жол» газеті бетінде Жүсіпбек Аймауытұлы өмірден жас кеткен отты ақын Сұлтанмахмұттың әдеби мұрасын жинау жөнінде үндеу тастағаны есімде. Оқырманға құлаққағыс жасағаны ғой. Қазақтың Шығабудин Маржаниі секілді әрі ақын, әрі ғалым, әрі жинаушы, әрі фольклорист, әрі тарихшысы Мәшһүр Жүсіптің үлкен баласы Мұхамедәмин бізге Ташкентте №14 жетім балалар үйінде сабақ берді, тәрбиеледі бізді. Бір персиан байы кісі жұмсап өлтіртіп жіберді. Қарашубар, бетінде шешек дағы бар сұсты бозым еді. Өте талапшыл жігіт еді. Өлең жазатын. Мәшһүрдің үмітті перзенті еді ғой. Сол Әмен қайтыс болғанда Жүсіпбектің Мәшһүрге жылап отырып, жазған көңіл айтуы бар. Сонда да Сұлтанмахмұт жайынан біраз әңгіме айтады Жүсекең. Қысқасы, Жүсіпбек Сұлта-нмахмұт мұрасын газет, журнал беттерінен, архивтерден, жинады. Жаңағы айтқанымдай, газеттерге хабар-өтініш жазып, жеке кісілерден сұратып алды.

— Онда жаныңыздай жақсы көрген жазушыңыз Жүсіпбек Аймауытұлы Сұлтанмахмұттың бірінші биографы бола ма?



АСАУ ЖҮРЕКТІ АҚЫННЫҢ ЕКІНШІ БИОГРАФЫ – ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ

— Болады, қарағым, болады. Егер жидашылығын қаперге алсақ, Жүсіпбек бұл істе тұңғыш аталуға, Сұлтанмахмұттай асылдан алғашқы ғұмырнамасын түзуші аталуға тиісті.

— Жүсіпбек Аймауытұлы қыршын кеткен елдес, жерлес, дос-жар ақынның бар әдеби мұрасын түгел жинады деуге бола ма?

— Жо-жок. Бейсекең көзі шапыраштанып кетті. — Жок. Жүсіпбек Сұлтанмахмұттың әдеби мұрасын түгел жинады деуге болмайды.

— Неге болмайды, аға? 1920 жылдан сабылып іздеп, ел-жұртқа жарайта жүріп жинағанда түгел жиналмағаны қалай?

— Сұлтанмахмұттың әдеби мұрасы дегенің мүлде шашылып қалған ұлан-байтақ көп дүние ғой, қарағым-ау. Оларды бір кісі бір дүркінде толық жинап, түгендеп ала қоярға келмес еді. Түгендей алмас еді бір адам...

— Бір әңгіменің есімде. Сіздің айтуыңызға қарағанда, Сұлтанмахмұттың шығармашылығы алабөтен көп секілді. Дегенде, бұл игілікті іске ақынның көзі жұмылсымен, ізі суымай кірскен жанашыры Жүсіпбек қанша мөшерде жинады деуге келеді?

— Бірсыпыра мол жинады. Бернияз Күлеев ақынның көркем шығармаларын, онда да үш поэмасын ғана жинақтап алып, сол күйі кітап етіп бастырған еді ғой. Жүсіпбектің бір жақсысы ол Сұлтанмахмұттың көркем шығармаларын ғана жинамай, хаттары мен күнделіктерін де жинаған еді.

— Апыр-ау, не дейсіз? Аз ғұмырында поэтикалық ұлан-асыр шығарма жазып қалдырған ақын жазылған хатты жинап эпистолярияға ұқыптылық танытқаны ма? Ол да мейлі-ау, қазақ әдебиеті, қазақ жазушылары жазушылық мәдениетіне әлі сәбиетке мемуарды бір бұтағы — КҮНДЕЛІК те жазып, жүргізіп отырғаны ма? Жазушылық осыншама мәдениеттің бәрін Сұлтанмахмұт қайдан үйреніп, аз ғұмырында қалай жүзеге асырып үлгерген, бәтір-ау?

— О, Сұлтанмахмұт қара сөзге ден қойып, роман да жазған, жұртқа жазған хатын да ұқыптап сақтаған, күнделікті ойға алғанын, ойына келген ойларын күнделік етіп те жазып отырған сұрапыл дарын ғой.

Аксақал екі қолын жайып, таңырқаған кейіп танытты.

Менің есіме орыс ақыны Александр Блоктың музейі қызметкерлері дайындаған, В.Орлов редакциясын басқарған «Әдеби мұра» жинағы түсті. Онда психикалық дертке ұшырап, бір жағынан аштық қысып тақсіретпен өлген Александр Блоктың күнделіктерін өзі жуан бір том боларлықтай еді. Әлеуметтік сарыны, философиялық ойлары, махаббат драмасы, шығармашылық психологиясы ерекше қызықтырып еді. Енді, міне, қазақ ақыны Сұлтанмахмұттың да мемуарлық, эпостоларлық тұрмыстық жазбаларына тап болғандай әсердемін.

— Өзінің көзінізбен көрдіңіз бе? Оқыдыңыз ба? Ол хаттар, күнделіктер қайда? — дедім жалма-жан.

— Е, ақын өмірі қандай қасіретті болса, оның әдеби мұрасы да сондай қасіретті ғой, қарағым.

Қарт тұнжырады. Әлдесін, басын көтеріп, әңгіме сабақтады.

— 1932-33 жылдары Қазақстан баспасының басшысы әдебиетші Мансұр Ғатаулин есімді жігіт болды. Екеуіміз көңілі жақын дос едік. Кейбір мақалаларды екеуіміз қол қойып, бірге жазған кездеріміз де бар.


— Тіпті Бейімбет (Майлин) досыңызды да аямай, солақай сынап жіберген мақалаларыңыз да болды... — Е, болды, болды. Бейімбет сол жолы сен айтып отырған мақаламыз жарыққа шыққанда қатты ренжіп еді: «Ей, Мансұрды қойшы. Ол әдебиетші емес қой. Саған не болды, Бешім-ау?» — деп. Бейімбет екеуіміз дос едік. «Сын, өзара сын» принципке айналған кез. Сынадық сосын Бейімбетті. Ол сынға шамданатын, шамырканатын кісі емес еді. Шамасы, біздің сынымыз социологиялық сынаржақ сын болып шықса керек. Ол басқа әңгіме жүлгесі. Иә, Мансұр екеуіміз дос едік. Тату-тәтті жүрер едік. Пікірлес едік. Мен «Партиздатта», ол «Қазақстан» баспасында дегендей, қатар жүріп көп сырластық.

Бірде оның кабинетінде әңгімелесіп отырдық. Ондайда әңгіменің тақырыбы да белгілі ғой, қай баспаның қандай енбекті кітап етіп бастырып шығару жайы әңгіме болады. Мансұр «Бізде мынадай бар, мынадай бар» деген ретпен маған құшақ жазылған бір топ қолжазба көрсетті. Қомақты қолжазба еді.

Жүсіпбек Сұлта́нмахмұттың өзі жинаған дүниелерін тегіс қолымен көшіріп (ол кезде қазақ тілінде машинка болмайтын), кітап етіп бастыруға «Қазақстан» баспасына әкеліп табыстаған екен. Алдыңғы лекте

көргеніміз көпке белгілі, атакты туындылары. Өлеңдер, роман, поэмалары... Одан әрі қарай парактағанда Сұлтанмахмұттың хаттары мен күнделіктері көзге түсті. Жүсіпбектің қолы маржандай еді ғой асылында. Одан әрі парактағанымызда, Сәбит Дөңентаевтың, Мұхтар Әуезовтің, тағы Сұлтанмахмұтты жақсы білетін кісілердің естеліктері де жинақталғанын көрдім. Есімде айрықша қалғаны осы екі кісі. Сәбит Дөңентаев пен Мұхтар Әуезовтің естелік жазатын реті де бар. Бірі Алашорданың Алаш қаласындағы штабында кіші хатшы болған кезінде қызметтес болған. Тілектес, ниеттес жүрген. Тағы бір жылы Сұлтанмахмұт Абай ауылына барып қымыз ішіп, өкпе ауруынан емделеді. Сол кезде бала Мұхтар оны білген, көрген, аздап тіл қатысып әңгімелескен дегендей. Әңгіме әуеніне беріліп кетсем керек, әңгіме айтып отырған карт профессордың сөзін бөлдім.

Сұлтанмахмұттың айналасында еуропалық жазушылық мәдениет қалыптаса бастаған екен-ау. Хат, күнделік, өлген кісі жайында естелік әңгіме айту, айту ғана емес, хатқа тәпсірлеп жазу бәрі де еуропалық мәдениет. Қандай ғажай! Бірақ, Сұлтанмахмұттың күнделіктері, хаттары да, тіпті ақын жайында өзіңіз көріп едім деп отырған Сәбит Дөңентаевтың, Мұхтар Әуезовтің естеліктері де не ақынның жинағында, не авторлардың жинағында жарияланып жүрген жоқ. Мен «Мектеп» баспасы үшін Сәбит Дөңентаевтың жинағын құрастырып, көлемді алғысөз жаздым. Сұлтанмахмұт жайында Дөңентаев естелігін көрмедім. Мұхтар Әуезовті оқып, зерттеп өсіп келеміз. Ол кісінің де шығармалар жинағынан Сұлтанмахмұт жайында Әуе-зов естелігін оқыған емеспін.



Өмір бойы қазақ әдебиетінің жазба тарихын әріге, әріге — тарих тұңғышына жетелеймін деп, өмір бойы «Алаш ұранын» жазған Сұлтанмахмұтты большевиктік әділетсіз сыннан қорғаймын деп, өзі сыналып, өзі сотталып өтіп келе жатқан, рухы шарнамаса да, тәні тозған, моральдық тұрғыдан кетілген сынық жан ұйыған денесін қикандатып, жауырынын жазып-жазып алып, мұңдылау мақаммен сөйлеп кетті.

— Мен де осыған танымн. 1933 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағы» аталып, бір томдығы жарыққа шыққан кезде Мансұрдан өзім бір әуестік жөніп, қызығып қараған күнделіктер мен хаттардың жайынан сұралым. Сонда Мансұр мына жойтті айтты еді: «Жүсіпбектің жайын өзін білесін. (Атылып кеткен. К.Е.) Ондай жағдайдан кейін тиісті орындар жарыққа шыққан кітапқа май шаммен қарайтыны белгілі. Сондықтан Сұлтанмахмұтқа зиянымызды тигізбеуді ойладық. Алғысөз жазған Сәбит Мұқанов та, кітапқа редактор болған Өтебай Тұрманжанұлы да өзара ақылдаса келе, Жүсіпбек жиған, көшіріп ұсынған дүниелердің ішінен алдымен даусыз көркем шығармаларын шығаруды ойладық. Кітапқа жазған Жүсіпбектің өмірбаяны жайында мақаласын авторсыз ұсындық. Тіміскілесе де тани қоймас деп ойладық. Өзін көрген күнделік, жазысқан хаттарды, естеліктерді алып қалуды мақұл көрдік. Олар, міне». Мансұр Ғатаулин столының тартпасын тартып қалып, бір буда материалды шығарып қолыма ұстатты. Байкастап қарасам, ақынның күнделіктері, хаттары, естеліктер екен.

Қолжазбаны қарап, кейбірін оқып шығып, қол-жазбаны Мансұрға қайтардым. Сұрап алып кетпегеніме әлі өкінем.

— Кап, өттеген-ай! Алып кеткеніңізде ғой, шіркін. Өзіңіз жазғандай, асау жүректі ақынның әдеби шығармашылық сырлары ашылар еді. Ішкі арман дүниесі: қуанышы, күйініші бүгінгі оқырманға жеткен болар еді...

— Айттым ғой, өзім де өкінем, бармағымды тістей-мін. Аял қанша?!

— Ол мемуарлық, эпистолярлық қолжазбалар қайда болуы мүмкін?

Әлде бір қаскөйдін қолында жүр ме?

— Сұлтанмахмұт мұрасы сақталып қалуы мүмкін деген архивтерді түгел сүзіп шықтым. «Қазақстан» баспасының архивін де қарадым. Таба алмадым. Тегінде баспадан кетерде Мансұр өзімен бірге ала кеткен болса керек.

— Мансұр Ғатаулиннің архиві сақталуы мүмкін бе?

— Сақталды деп айта алмаймын.

— Бұл да 1937 жылы атылып кеткен сормандайдың бірі ме?

— Мансұр 1934-35 жылдары Қарқаралы округтік партия комитетінің секретары болып, партия қызметіне ауысып кетті. Кетерінде округтік газет редакторлығына мені қалап, шақырған еді. Көңіліміз жақын, өзіміз тату жүретін достар едік қой. Оған дейін Павлодар облыстық «Кенес туы» газетін құрып, «Еңбекші қазаққа» қайта оралғанмын. Оған дейін Оңтүстік Қазақстан Өлкесінің үні «Оңтүстік Қазақстан» газетін қорғасынын жинаудан бастап құрғанмын. Алғашқы газеттен қайта шақырып алған тамаша әдебиет сыншысы, «Еңбекші қазақ» газетінің бас редакторы Ғаббас Тоғжанов. «Сен

журналист қана емессін. Өнімді, батыл жазып келе жатқан әдебиет сыншысысың. Облыстық газетте көп жүріп қалсаң, қаламың шектеліп қалады. Орталыққа қайт...» деп қара шаңыраққа қайтарып алып еді. «Оңтүстік Қазақстан» газетінен кетуімнің көп себебі болды. Бұл кезде «Еңбекші қазақтан» Ғаббас Тоғжанов кетіп, орнына Өйтіке Мусин есімді Тройцк жағының жігіті келген. Бар тірлігі шала, дүниетанымы шарқы азамат еді. Онымен жүзіміз жараспады. Оңтүстік Қазақстан Өлкесіне бүгінгі Жамбыл, Оңтүстік, Қызылорда қарайтын. Бірінші хатшысы Восканян фамилиялы армян. Восканов болып жазылады. Орыс болып есептеледі. Восканов «Өңірде жасалып жатқан индустрияны жазындар» дейді. Ал көше-көшеде аштан бұралып өліп жатқан Арқа казактарында шаруасы жоқ. «Индустрия, мына салынып жатқан зауыт, фабрика кім үшін? Қазақ қырылып жатыр...» деп мен де болмадым. Газетте аштықты жазуға, көрсетуге тиым салынған. Біздің газет аштықты ашынып жазды да отырды, жазды да отырды... Ақыры менің партиялық мәселемді қарап, сөгіс беріп, орнымнан алды. Мен Алматыға қайттым. Енді Мансұр дос өңірлік газетке шақырып отыр. Не істеу керек? Шайлыққан жүрек, жылы орнымды суытқым келмеді ме, әлде әйелім Меңжамал көңбелді ме, әйтеуір дос қолқасын қолдап, бара алмадым.

Мансұр сол Қарқаралы округінде жүріп бес кісі қол қойып, қазақтың аштан қырылып жатқанын Сталинге жазды. Сталин арқылы әділет табамыз деп ойлайды ғой. Қайдан? Сол хаты себеп болды ма, әлде аштықты жасыра алмағаны себеп пе, ұсталып, сотталып, атылып кетті.

— Өкінішті!

— Өңірлік газетке редактор болып барғанымда мен де атылатын едім.

Құдай сақтады. Ал Мансұрдың архиві жойылып, жоғалып кеткен шығар...

Сәл мұнды шегініс жасауға тура келеді. Сол жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясында Ғатаулина есімді бір ғалым істейді екен. Бейсекең сырттай біліп, бақылап жүреді екен. Бейсекең бір күні мені сол Ғатаулинаға жұсады. «Досымның ұрпағы болар ма?» деп дөмеленгені шығар. Бейсекең жұмсаған соң, не тұрыс бар? Бардым. Сөйлестім. Жуан орыс әйелі. Ақырын баспалап сұралым: «Мансұр Ғатаулиннің ұрпағы емессіз бе?» «Жок. Таза орыспын. Татар ғалымның әйелімін...». «Татар билеген ел қараң қалмас па?» — (Ғ.Мүсірепов) — деп ішімнен әлдекімдерге ызалана қоштасып, қайтып оралдым.

Әлхисса әңгіме сабағын үзбейін. Мансұр Ғатаулин жайындағы мұнды әңгімені қайыра Жүсіпбек Аймауытұлына қарай жетелеуді жөн көрдім. Тағы да сұрақ.

— Е-е, онда түпнұсқасын іздеу керек екен ғой. Түпнұсқа қайда болуы мүмкін, аға?

— Түпнұсқа деймісін? Түпнұсқа, өрине, ақын мұрасын тірнектеп жинап, көшірген Жүсіпбек Аймауытұлының архивінде болуға тиісті ғой.

— Жампоз жазушының архиві сақталған ба? Сақталуы мүмкін бе? Сіздің айтуыңызға қарағанда, Алашорданың арасынан алғаш ұсталып, «ұлтшыл» деп танылып, атылып кеткен Жүсіпбек Аймауытұлы емес пе?!

— Жүсіпбек Сұлтанмахмұт шығармаларын жинап, көшіріп, 1930 жылы «Қазақстан» баспасына бергенін жоғарыда айттым. Артыныша өзі қамалып кетті ғой. Архиві болса, әйелінің қолында сақталуы мүмкін. Онда болмаса, жоғалды деп білу керек. Ал Жүсіпбектің әйелі, балалары кезінде Шымкент қаласында тұрушы еді... Кейін көз жазып қалдым.

Жүсіпбек Шымкентте педтехникумда директор болып істеген. Өзі бірнеше пәннен сабақ берген. Жүсіпбектен оқыған адамның бірі біздің мына Әбділда (Тәжібаев. К.Е.). «Ақбілес» романы, педагогикалық, психологиялық еңбектері, біраз әңгімелері сол Шымкентте жазылған. Ол біздің бала кезімізде Ташкентке келіп тұратын. Оны «Луначарский үйіне» көргенім есіме түседі. «Әбділдаға Жүсіпбек ұстазын жайында естелік жазбайсың ба? Ақтамаймыз ба? Ақтау қолында ізденбейміз бе?» дегем кезінде.

— Жазды ма?

— Қайда? Қорықты ғой. Жаз алмады. Мәселе көтеруге де бармады. Ана жылы Мағжанның азаматтығы ақталды. Өлендері, шығармалары ақталмады деген бір жай болған. Онда да Әбділда біздің ұстазымызды қолдай алмады. Қайта «Өмір және поэзия» аталатын зерттеу еңбегінде Мағжанды сынанқырады. Әбділда маған іні болып жүретін адам. Қаз Гу-ге оқуға түсуіне себепкер болғаным бар. Соны бағалап, мені ұстаз тұтатыны бар. «Өмір және поэзия» монографиясы жайында мақала жаздым. Жалпы аңғарын мақтағаным-мен, Алашорда өкілері жайында жағымсыз пікірлерін сынағанмын.

— Әңгіме Сұлтанмахмұт туралы еді ғой, аға... Жүсіпбек Аймауытұлының ақын шығармаларын жи-науы, кітапқа ұсынуы, сақталу-сақталмау жайын осы-мен түйіндейміз бе?

— Аяулы адам еді ғой, Жүсіпбек. Ғажап жазушы. Әлгінде айтқан 1933 жылғы жинаққа төгілтіп өмірбаян-дық очерк жазған да Жүсіпбек. Атын атап, түсін түстей алмай жүргеніміз болмаса, Сұлтанмахмұт өмірі мен шығармаларын алғаш жете зерттеп, жеткізге айтқан — Жүсіпбек Аймауытұлы! Жоғарыда әңгіме еткен ақынның 1933 жылы жинағының басындағы авторсыз жарық көрген аса манызды өмірбаяндық очерк — Жүсіпбектікі! Ақиқатты айтқызбады, айтпай өтіп келеміз... Ол аз десең, 1918 жылы «Абай» журналында «Екеу», «Абайдан кейінгі ақындар» аталатын мақала жариялады. «Екеудің» бірі — тағы да Жүсіпбек Ай-мауытұлы!

— Ой, пәлі! Еңбектеріңізде осы айтылған жайлар қамтылған ба?

Жасырып, бүгіп айтып келемін. Жүсіпбек туралы «Телегей теңіз» атап естелік жазып, Орталық архивке тапсырып қойғаным өзіне аян.

— Аса құрметті Бейсеке, Сіздің әңгіменізден кейін асау жүректі, қарасөзден қара дауыл тұрғызатын дауылпаз ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлының тұңғыш ғұмырнамашысы — Жүсіпбек Аймауытұлы десек жарасатындай екен. Ойым дұрыс па, аға?

— Дұрыс. Өбден дұрыс! Әзірге айтқызбайды. Түбі ақиқат ашылмай қалмайды. Бар шындық айтылады, бүркеменің бәрі ашылады. Жүсіпбек Аймауытұлы — Сұлтанмахмұттың әдеби мұрасын тұңғыш жинаушы, өмірбаянын түзіп, жинағын толықтай тәртіпке келтіріп, «Қазақстан» баспасына алғаш тапсырушы болып мойындалады!

Аксақал соңғы сөздерін айрықша екпін түсіре айбарлана аяқтады.

Жақында жұмыс бабымен сауда орталығына келдім. Негізгі жоспарым сауда жасау емес, әріптестермен маңызды мәселені ақылдасу еді. Орталыққа кірген бойда жағымды иістің аңқып тұрғанын сездім. Байқағаным, сауда орталығының бірінші қабатынүнемі солшош иіс алып тұрады. Ең қызығы, орталыққа кіргеннен бастап хош иістен сыртқа шыққың келмейді. Керісінше, сауда орталығын аралап, дүкендерді қалай жағалап кеткеніңді байқамай қаласың. Көрдіңіз бе, маркетингтің қуаты қандай?!

ИІС ПЕН ӘУЕН – НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ

Бүгінде тауар мен қызмет түрлері артқан сайын адам психологиясын саудада пайдаланатын сатушылар көп. Қазір әлеуметтік желіден бір өнімді қызықтап қарай қалсаңыз, ертеңіне-ақ «лентаңызда» сізді қызықтырған тауар жайлы контенттің қаптап кеткенін көресіз. Соңы саналы түрде шешім қабылдап, өнімді сатып алуға дейін алып барады. Сатушы мен тұтынушы арасындағы мұндай байланысты ғылымда «нейромаркетинг» деп атайды.

Тарихқа үңілсек, «нейромаркетинг» ұғымын алғаш рет ресми түрде 2002 жылы Эразм Роттердам университетінің профессоры Әйл Смитс енгізді. Маркетологтардың пікірінше, маркетинг – елімізде енді ғана канатын жайып келе жатқан сала. АҚШ-та маркетинг туралы курстар 1902 жылы университеттерде өткізілген. Ал Жапонияда 1960 жылы Мацуи есімді кәсіпкер сұранысы төмен тауарларды белгілі бір уақыттан кейін дүкеннен алып тастап отырған. Тұтынушылар өздеріне қажет тауарларды осы дүкеннен алады. Сауда да өскен. Бұл әрекеттері ресми құжаттарға енгендіктен, қазіргі таңда маркетингтің отаны Жапония деген деректер де кездеседі. Нейромаркетингтің басты миссиясы – адамның тұтыну психологиясын зерттей отырып, тауарды өткізу. Яғни, адамның миына еніп, оның қажеттіліктерін, талғамын, сұранысын анықтайды.

Маркетинг саласы адам психологиясын саудада қалай қолданады? Қазіргі нарықта жиі қолданылатын негізгі құралдары қандай?

Оның бірі – аромамаркетинг. Иіс сезу мүшелері арқылы тұтынушының өнімді сатып алуына әсер етеді. Жоғарыда келтірген мысалымыз осы құралдың айла-тәсіліне жатады. Сауда орталықтары мен дүкендерде маркетингтің бұл түрімен жиі ұшырасамыз. Қазіргі тілмен айтқанда тұтынушыға «комфорт» сыйлайтын иістерді қолдану арқылы клиенттерін «ұстап қалуға» тырысады. Көп жағдайда тұтынушылар иіс арқылы маркетинг құрбанына айналғанын байқамай қалады.

Маркетингтің аудиомаркетинг дейтін түрі де бар. Супермаркет аралағанда үнемі көңілді әуен қосылып тұратынын байқаған боларсыз? Әуен де тұтынушыны жіберіп алмаудың бір тәсілі. Мысалы, тұтынушы дүкенді асықпай аралап, біршама қажетін сатып алу үшін баяу, сананы сергітетін әндер тандалады. Ал ырғақты әуендер көбіне тұтынушының жылдам шешім қабылдауына, қалайда дүкеннен бір зат сатып алуға итермелейді. Бұл әдіс мейрамханаларда да кең қолданыста.

САУДАҒА СЕНІ НЕ МӘЖБҮРЛЕЙДІ?

Нейромаркетинг саласында тәжірибесі мол даниялық маркетинголог Мартин Линдстром тұтынушыны сауда жасауға мәжбүрлейтін бірнеше қулықты атап өткен. Олар:

- **Айна тәріздес нейрондар**

Құрбыңыздың әдемі сөмке ұстап алғанын көріп, дәл сондай сәндігі сөмке өзіңізде де болғанын қалайсыз. Өзіңізді өзгелердің орнына қою арқылы ішкі қажеттіліктеріңізді өтегіңіз келеді. Айна тәріздес нейрондар мидың лимбикалық жүйесіне сигнал жібереді.


- **Дофамин**

Дофамин – қуаныш, бақыт сезімі. Киім дүкенінен көптен бері қалап жүрген затыңызды сатып алған соң, бір-



НЕЙРОМАРКЕТИНГ:

САНАҒДЫ АЛДАП, САУДАҒА ШАҚЫРАДЫ



шама уақытқа дейін өзіңізді көңілді, бақытты сезінесіз. Яғни, сатып алудан кейін миымыз дофамин гормонын бөледі.

- **Ассоциативті бағандар**

Көптеген ірі компания логотипсіз жарнаманы пайдаланады. Мәселен, Philip Morris компаниясы Marlboro логотипін еске түсіретін жиһаздар мен түстерді қолданады. Осындай әрекеттердің нәтижесінде табысын арттырады.

- **Соматикалық маркерлер**

Кейде біз тауарды сатып алар алдында затты белгілі бір нәрсемен байланыстырамыз. Тіпті, сатып алуымызға заттың өзі емес, ойымызда байланысып жатқан екінші себебі әсер етуі мүмкін. Мысалы, ұялы телефон сатып алар алдында, оны шығаратын компанияның танымалдығы мен өнімдерінің сапасы қызықтырады. Яғни, біз өнімді сатып алу үшін оның өткені мен осы уақытқа дейінгі прогресіне де тәуелдіміз.

- **Иіс**

Деректерге сүйенсек, саудагерлердің бұл саясаты «Сенсорлы брендинг» деп аталатын көрінеді. Мәселен, фастфуд желісінде шығып тұратын тауық иісін RTX9338PJS коды бар аэрозольды баллонның көмегімен таратады екен.

- **Дыбыс**

Аудиобрендинг мәселесі 1950 жылдары көтеріле бастаған. Бұл тармақтың қарапайым мысалдарын жоғарыда атап өттік.

МАРКЕТИНГ ҚҰРБАНЫ БОЛМАС ҮШІН НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Жоғарыда атап өткеніміз – «офлайн маркетинг», яғни адамның сезімдеріне тікелей әсер ету мақсатында жүзеге асатын сатылым түрлері. Бірақ күн санап артып келе жатқан фактілерге қарап, онлайн маркетингтің дәуірі ме дерсін. Технология күші артқан заманда

тұтынушылар қажетін алу үшін үйде немесе офисте отырып тапсырыс бере алады. Бір тауар үшін әбiгерге салынбайды. Осы тұста адамдардың назары онлайн дүкендерге ауады. Мамандар да сауда орталығындағы дүкендерден гөрі әлеуметтік желі арқылы контент ұсынып, тауарын саудалап жатқан онлайн дүкен иелерінің табысы өрге басып жатқанын жокқа шығармайды. Ал бұл – маркетингтер үшін «жұлдызды сәт».

«Үш досыңызды тіркеп, бізден тегін iPhone 13 Pro Max ұтып алыңыз», «Бұрын-соңды болмаған жеңілдік. 24 990 теңге төлеп, өзіңіз қалаған кез келген үш иіс су түрін таңдап алыңыз», «10 000 теңгеден жоғары кез келген тауарды сатып алу арқылы қосымша екі сыйлыққа ие болыңыз»... Сіз үшін таныс жағдай ғой, иә? Күмәнім жоқ. Қазір көптеген дүкеннің әлеуметтік желіде паракшасы жұмыс істейді. Дүкен паракшасынан мұндай сарындағы мәтіндерді жиі байқайсыз. Бұл тек онлайн дүкендерге ғана емес, блогерлер мен курс сатушыларға да қатысты мәселе. Бірнеше күн бұрын әлеуметтік желідегі оқырманым қомақты қаражатқа тіл курсы сатып алғанын, бірақ курстың өзі күткендей болмағанын айтып шағымын жеткізіп еді. Осыған ұқсас оқиғалар сіз бен біздің айналамызда жиі болатыны жасырын емес.

Алматылық Динара Боранбай жарнамасы көкті шарлап, тұтынушыларды өзіне шақырған онлайн дүкеннің науқанын жіберіп алғысы келмеген.

– «Науқан» деген жазу көзге түссе елең ете қаламыз ғой. 1-курста оқып жүрген кезімде «AirPods жана үлгісін қосымша сыйлықпен бірге алыңыз» деген жарнамаға көзім түсіп сатып ала салдым. Затты онлайн алдым. Сатып алған тауарым бастапқыда көңілімнен шықты. Кейіннен дұрыс жұмыс істемей бастады. Қазір бұзылып қалды. Одан кейін маркетинг құрбанына айналмаймын деп шештім. Әлеуметтік желідегі мүмкіндігім, талғамым, шама-шарқым жететін байқаулардан қашпаймын. Ал гивке келер болсам, оған уақытымды арнағым келмейді. Түбі нәтиже жоқ, – дейді Динара.

Маркетинг маманы Нұрбол Шыныбай бұл сала ешқашан тоқтамайтынын, керісінше күн сайын дами беретінін айтады. Оның сөзінше, уақыт

өткен сайын өндіріс орындары көптеп ашылып, тауар түрі көбейе береді. Сөйкесінше, халықта таңдау көбейеді. Әрі қарай кімнің маркетингі ұнайды, сол компанияның тауарын таңдайды.

– Маркетинг – бірнеше жылдан бері қолданыста келе жатқан сала. Маркетинг – ғылым. Сондықтан маркетингтің құралдары да өте көп. Бұл жерде тауарды адамның қандай ниетпен қолданып жатқандығы маңызды. Пышақ секілді. Себебі, пышақпен адам нан тұрайды немесе адам өлтіруге қолдануы мүмкін. Адамның қалай қолданғанына байланысты. Маркетинг саласын кейбір сатушылар дұрыс қолдана алмай, адамдарды алдағаны үшін толығымен зиян санаудың қажеті жоқ. Мәселен, тәуелсіздігімізді енді алған тұста тауар

түрлерінің саны аз еді. Сұраныс көп, ұсыныс аз. Ал қазір керісінше. Бір тауардың мыңдаған түрі бар. Бір ғана телефонның әлемде 30-дан астам бренд түрі шығарылады. Сұранысқа сай ұсыныстар да көп. Ұсыныс жасайтын компаниялар бір-бірінен ерекшелену үшін әртүрлі маркетингті қолданады, – дейді маман.

Маркетолог тұтынушылық тәуелділіктен қоғам болып саналы түрде бір уақытта бас тарту мүмкін еместігін айтады. Бәрі – уақыттың еншісінде.

Уақыт өте келе эмоцияға беріліп зат сатып алған, зардабын тартқан адамдар келесіде ой елегіне салып, сараптап сатып алатын болады. Қоғамда ақырындап осы әдет қалыптасады:

– Маркетинг саласы тұтынушылармен әртүрлі бағытта жұмыс істейді. Кейбір компаниялар теңізрек пайда табу үшін эмоция қосып сатуға тырысады. Ал маркетинг саласында ұзақ уақыт жұмыс істегісі келетін компаниялар брендингқа, reputation-ға, компания басшыларының жеке брендіне мән береді. Сол арқылы ұзақ уақыт нарықта болуды жоспарлайды. Олардың тұтынушылармен қалай жұмыс істейтіні бизнес иелерінің ниетіне байланысты.

Дәл қазіргі нарықта екі типтегі кәсіпкерлер мен кәсіп түрлері бар. Менің айналымда бір кәсіп ашып, аз уақыттан соң қайта жауып екіншісін ашатын кәсіпкерлер бар. Себебі олар белгіленген уақыт ішінде ақша тапқысы келеді. Кейбір кәсіп иелері бірнеше жылдан бері бір өнімді сатумен айналысады. Өйткені олар нарықта ұзақ уақыт жұмыс істеп, брендін шетелге шығарғысы келеді, – дейді Нұрбол Шыныбай.

Сондай-ақ маман «маркетинг құрбаны» болмас үшін тұтынушы білуі тиіс кеңесімен бөлісті. Маркетологтың айтуынша, тұтынушы ең бірінші сыны ойлай білуі тиіс. Сатушылардың айтып жатқан сөздері қаншалықты шынайы, бұл өнім маған қаншалықты қажет деген сауалдарға іштей жауабы болуы маңызды. Кейде адам өзі қолдан жасап алатын заттарды ақшаға сатып алады. Мұндай типтегі адамдар үшін қолдан істемей, ақшасын төлей салған ынғайлы. Өкінішке қарай, қарапайым адамдар да қалтасының жұқалығына қарамастан қажеттілігін ақшамен жапқысы келеді. Бұл нәтиже алып келмейді.

Нарықтағы кез келген мәселе адамның білімі мен қаржылық сауатының деңгейі көрінеді. Бәсеке мен таңдау артқан заманда өзімізді де, келер ұрпақты да психологиялық тәуелділіктен арашалап, қаржылық сауатымызды дамыту – жылтырағанға алданбаудың негізгі құралы.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы





Қасиет қонған

«АҚСҮЙЕК» ПЕН «ҚОЗЫБАСЫ»

Аңыздарға қарағанда Мойынқұм ауданындағы Хан тауын Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы хан қоныс қылған десеі. Өлкеде ол кездері құландар үйір-үйірімен жортып жүрген екен. Бірде Жошы ханның еркетотай баласы аңға шығып, бір топ құланның үстінен түседі. Құландардың күйлеп жүрген кезі болса керек, үйір ішіндегі құланның аналығы ат үстінен баланы жұлып алып шайнап, тепкілеп өлтіреді. Ұлының қазасын естіген хан қаһарына мініп, құлан біткенді қырып, бір орға көмген екен. Міне, осы құлан қырылған ор «Ханның оры» атанып кеткен. Аңызбен астасқан оқиғаға байланысты «Ақсақ құлан» күйін XIII ғасырда атакты күйші Кетбұға шығарған. Қырылған құландардың сүйегі тау-тау болып үйілген жер кейіннен «Ақсүйек» деген атау алды. Бүгінде Мойынқұм ауданына қарасты Ақсүйек ауылына халық қоныстанып, тарихи орында тіршілік етуде.

Осы Хан тауында Қазақ мемлекетінің тұңғыш Туы көтерілгені де белгілі. Керейді ақ киізге отырғызып, хан қылып көтерген жер «Қозыбасы» деп аталады. Аты аңызға айналған Қазақ елінің тұңғыш ханымыздың тұрағы «Керегетаста» болған. Күні бүгінге дейін «Хан қорасы» деп аталатын осы қасиетті мекен Қарабөгет ауылынан 15, Ақбақайдан 50 шақырымдай жерде жатыр. «Хан жолы» деп аталатын күре жол Ақбақайды тіліп өтіп, сонау Арқаға қарай жосылып жатыр.

Ал «Қозыбасы» атауының шығуына келсек, ертеде хандар такка отырғанда оның қарауындағы қалың жұрт кезекпен жабыла қозы сойып, ел болып жиналып етін жейді екен. Сөйтіп, қозының бас сүйегі үйіліп қалатын көрінеді. Содан бастап бұл аймақ «Қозыбасы» атанып кеткен. Мұның бәрі көнеден жеткен



аныздар екенін жоққа шығармаймыз. Дегенмен әдемі әсерлі әңгімелер.

АҢЫРАҚ ПЕН АНДАС БАТЫР
Тарихтағы атакты Аңырақай шайқасы Мойынқұм жерінде өткенін біреу білсе, біреу білмес. Аңырақай шайқасы 1729 жылы жаз айында басталып, 44 күнге созылған. Аңырақай шайқасы басталар алдында қалмақтардың 25 мың қолы Хан тауында бекініп дайындалады. Ал қазақтардың 29 мың қолы Шу бойында жатады. Осы қалың қолмен қазақтар Хан тауындағы қалмақтардың 25 мың қолына аттанады. Келесі күні Хан тауында қақтығыс басталып, ортаға «жекпе-жек» деп Аңырақ батырдың өзі шығады. Қазақтар жағынан Сатай бидің баласы Бөлек батыр атқа қонады. Бөлек батыр жан алысып, жан беріскен айқаста Аңырақ батырдың желкесінен шоқпармен ұрып құлатады. Кейін Хан тауындағы Аңырақ өлген жер «Аңырақай» атанып кеткен.

Андасай жайында да аңыз дерек аз емес. Андасай — Бетпақдала бесігі, Сарыарканың есігі саналады. Бетпақдала мен Мойынқұмның қиылысар тұсында

Саятхан САТЫЛҒАН

Жамбыл облысында ең үлкен елді мекен Мойынқұм ауданы саналады. Батысы Жамбыл тауымен, шығысы Қозыбасымен шектесіп жатқан өлкенің қойнауы қандай құтты болса, тарихы да аңыз-әпсаналарға бай. Әсіресе, аудандағы жер атауларының шығу тарихы талайды таңғалдырады. Есте жоқ ескі заманнан сыр шерткен мұндай мекендердің тылсымы мен құпиясы да аз емес.

Андасай атты қорғалым бар. Бұл — табиғаты әсем, аң-құсқа бай тарихи жер. Осыдан екі жарым ғасыр бұрынғы Ақтабан шұбырынды тұсында мұнда Андас атты сері саятшы жігіт өмір сүрген екен. Жамбыл тауының етегіндегі дүбірлі бір жиында баған басындағы жамбыны атып түсіріп, ел аузына іліккен сол батыр жонғар шапқыншылығында ерлікпен қаза табады. Ол оққа ұшқан жер содан бастап «Андасай» деп аталып кеткен. Бүгінде «Андасай» қорығында құланнан бастап, Қызыл кітапқа енген аң-құстардың сан түрі мекен етуде.

«ЖЕЛТАУ» ДЕГЕН ЖЕРДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Мойынқұм ауданындағы Ақбақай ауылы Бетпақдаламен қойында-сып, Арқамен жанасып жатыр. Ақбақай-

дың ауасы басқа жердікінен бөлекшелеу болып келеді. Арқаның ақырған аязын, құмның аптап ыстығын, оңтүстіктен соққан желін осы жерден табасың. Сондықтан Ақбақайдың аспанында ұшқан құстың қанаты талып, жерінде жортқан аңның тұяғы тозады. Жаздың шілінгір ыстығында жер өз-өзінен түтіндеп тұрады. Тау-төбе, қырка қыраттарда өрт шалғандай қара қошқылданып, түнжырай түнере түседі. Ал дауыл дегенін Ақбақайда үйреншікті құбылысқа айналған. Жылдың он екі айы соғатын желіне байланысты бабаларымыз бұл мекенді ертеде «Желтау» деп атапты.

Ал Ақбақай атауын халық атакты «Ақбақай» әнімен байланыстырады. Бұл әнде «Ақбақай» атты текті тұлпардың жүйріктігі суреттеледі. Сондай-ақ «Ақбақай» сәйгүлігі Қабанбай батырдың тұлпары болған деген де аңыз бар. «Қолбасы ер Қабанбай ту ұстаған, Қайраты қаһарланса құрыштаған. Үш жүздің бар батырын ұйыстырып, Маңына қас дұшпанын жуытпаған!», — деген жырда Қабанбай батырдың «Ақбақай» атты тұлпары болғаны айтылады.

ҚҰТ мекені



Демек «Ақбақай» Ақан серінің «Құдлагері» секілді тарихи тұлғаның жүйрігі болғанға ұқсайды. Сол себепті қойнауы қазынаға толы бұл мекен ел есінде ерекше қалсын деген ниетпен «Ақбақай» деп қойылған секілді.

ҚЫСТА СУЫ ҚАТПАЙТЫН «ҚЫЗЫЛЖАРТАС»

Ақбақай кентінен он бес шақырымдай жерде орналасқан «Қызылжартастың» табиғаты таңғаларлық. Жартас қынамен боялғандай, қызыл шырайымен сонадайдан көз суыра қылаңдап, кейде сағым орана сылан қағып тұрады. Содан болар, жартас сонау Ақбақайдың қоңыр қыратқырқалы биігінен бері құлаған заматта құлды қолдан қалаған қабырға кейінде қылаң беріп қалады. Ал жартас жапсарласқан тауды тіліп, тасты жарып шыққан тұнба суы тұнық та мөлдір қалыбын бір бұзбаған. Ең таңқаларлығы, аққан су Ақбақайдың боранды аязында қатпайды, аптап ыстығында құрғамайды. Қашан көрсен де бұл жердің суы өзекшенің табанын қуалай жылжып келіп, жартастың жылға-жықпылына сынаптай жылтырай сіңіп жатады.

Ақбақайдың арғы бетіндегі Көшкінбай сайындағы жарқабақтың түбінде де бір тұма бар. Бірақ жердің қалың қыртысынан қайнап шығып жататын судың көзі көп ретте өз-өзінен жоғалып кетеді. Соның салдарынан бұл сайдың «құйқасы» жұқалтындау болып келеді. Ал Қызылжартас пен Көшкінбай сайындағы судың Ақбақайдың екі жағында ауылдан бірдей



қашықтықта жатуы еріксіз ойға қалдырады.

ЕЛІ КЕТКЕН ЕН ДАЛА — «БЕТПАҚ»

Арқа мен Жетісу аралығындағы ұлан-ғайыр далаға «Бетпақ» деген ат берілген. Бетпақдала — шөл даланың сүйкімсіз, сұрықсыз қалпына қарай парсы тілінің «бад-бахт» (жаман, жексұрын, жиренішті) сөзінен шығуы мүмкін деген болжам бар. Бұған қосымша Бетпақдала өте көне заманда су жайылған жер болуы да ықтимал. Уақыт өткен сайын су тартылып, оның орнында батпақты дала пайда болып, міне, сол кезде оған «Батпақдала» атауы

білектей әрі аттылы адам көрінбейтіндей биік те қау болып өскендіктен, бабаларымыз төрт түлікке өрісті осы өңірден сайлаған. Ол кезде бұл өлкенің балығы тайдай тулап, бақасы қойдай шулаған. Алайда жаратылыс жұмбағымен Жетісу мен Арқаның аралығындағы ұлы даланың жерасты суы тартылып, түрлі арналар арқылы алыс қиырға қарай қаша бастайды. Соның салдарынан өзендер сарқылып, бұлақтар тартылып, айдай атырап тақырға айналған. Қорегін 80 метр тереңдіктен тартатын сексеуіл, жусан, бетеге, баялыштан басқа өсімдіктің бәрі жер жұтқандай жоғалған. Осылайша, кезіндегі көкөрай көркем атырап біртіндеп құлазыған қу



далаға айналған. Жұтаған жұрт Оңтүстік пен Арқаға қарай ауа көшіп, Хан ордасы Түркістанға, қараша қалың қауым Жетісуға қарай қоныс тепкен. Сөйтіп, елі кеткен ен дала сұп-сұр реңінен бір жазбай, жылдың төрт мезгілінде де бедірейіп жата беретін болды. Осындай тұр-түсіне орай бұл даланы жұрт «Бетпақ» деп атап кетті» деген де ақиқаттан ауылы алыс емес аңыз бар.

“

Осы Хан тауында Қазақ мемлекетінің тұңғыш Туы көтерілгені де белгілі. Керейді ақ киізге отырғызып, хан қылып көтерген жер «Қозыбасы» деп аталады. Аты аңызға айналған Қазақ елінің тұңғыш ханымыздың тұрағы «Керегетаста» болған. Күні бүгінге дейін «Хан қорасы» деп аталатын осы қасиетті мекен Қарабөгет ауылынан 15, Ақбақайдан 50 шақырымдай жерде жатыр.

P.S

Негізі Жаз-ата ауылының біз білмейтін құпия сыры көп. Хан тауын мекен еткен жұрт бүгінгі күнге дейін Аңырақай даласындағы қиян-кескі шайқастың үні естілетіндігін айтады. Әсіресе, Ай туған түні ең дала ерекше кейіпке бөленіп, салт аттылар сайын даладан жүріп өткендей әсер қалдырады екен. Естеріңізде болса, өткен жылы дәл осы Хан тауының маңындағы моладан адамның айқайлаған даусындай үн шығып, әлеуметтік желі қолданушыларының үрейін алған болатын. Кейіннен мола басына молдалар барып құран оқып, бұл оқиға басылған. Осы сынды елді мекенде сананы сан-саққа жүгіртетін орындар мен тылсымға толы оқиғалар көп. Бұл Мойынқұмды әулие-әнбиелер мекен еткен қасиетті қоныс екенін айғақтап тұрғаны анық.

Жамбыл облысы

БИЫЛ 154 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Кеше еліміздің барлық өңірінде «Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» тақырыбымен білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесі өтті. Аталмыш конференцияның биылғы ерекшелігі, әр өңірде әртүрлі тақырыптық бағыттарға сәйкес секциялық отырыстар ұйымдастырылды. «Жайлы инфрақұрылымды қалыптастыру» бағыты бойынша өткен Астана-дағы пленарлық отырысқа офлайн және онлайн режимде 11 мыңға жуық мемлекеттік және жекеменшік ұйым басшылары, еңбек ардагерлері, педагогтер, мәслихат хатшылары қатысты.



Сессия жұмысына Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Аида Балаева, Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысты. Олар онлайн трансляция арқылы жаңа оқу жылымен құттықтады.

Пленарлық отырыстың модераторы ретінде жиынды Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жүргізді. Бағдарлама аясында қатысушылар білім беру саласындағы басты үрдістерді, сапалы білім берудің қолжетімділігін және «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысын талқылады. Тамыз кеңесінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев бүгінде Ұлттық платформа негізінде мұғалімдерді аттестациялау процесі автоматтандырылып жатқанын, педагогика мен оқыту әдістемесі бойынша тестілеу алынып тасталғанын жеткізді.

— Ұлттық платформа негізінде аттестаттау процесі автоматтандырылды. Енді мұғалімнің қызметі туралы барлық ақпарат оның жеке кабинетінде жинақталған. Сонымен бірге, педагогика және оқыту әдістемесі бойынша тестілеу алып тасталды. Мұғалім тек өзі сабақ беретін пән бойынша ғана тестілеуден өтеді. Онда да модератор немесе сарапшыға өткенде ғана. Алдағы уақытта педагог-зерттеуші мен шебердің біліктілік санатын беру тәртібі толықтай өзгереді. Кәсіби қызметке алғаш рет кірісетін немесе жұмыс өтілінен

үзіліс алған педагогика мамандығының түлектері үшін санаттылық олардың пайдасына қайта қаралады, — деді министр Ғани Бейсембаев.

Жиын барысында сөз алған Премьер-министрдің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова оқу жылын ұзартуға дайындық жасауды тапсырды.

— Осы оқу жылынан бастап оқу ұзақтығын 36 апталық оқу жылына 2025 жылдан кейін ауысуға дайындық жүргізуді бастауды тапсырамын. Соның ішінде оқу бағдарламаларын соған сәйкес дайындау қажет, — деді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бүгінде елімізде «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы әзірленуде. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға кәсіби мамандарды тарту үшін осы жылдың қыркүйек айынан бастап тәрбиешілердің жалақысы 30 пайызға артады. Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында инфра-құрылымды дамыту жұмыстары да қоса жүргізілуде. Биылдың өзінде 12 апатты және 29 үш ауысымды мектепті қысқарту мақсатында 132 мың оқушыға арналған 154 мектеп салынады. Келесі жылы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 461 мың оқушыға арналған тағы 217 мектеп пайдалануға берілмек.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ



ҚАРАСУЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Қарасу ауылындағы бұл мектептің құрылысы 2020 жылы басталған еді. 108 орындық оқу ордасының құрылысын жүргізген мердігер жұмысты орта жолдан тастап, нысан біраз сынға ұшыраған болатын. Облысқа басшы болып келген Нариман Төреғалиев аудандарды алғаш аралаған сапарында алыс аудандардағы бітпей тұрған мектеп құрылыстарын жеке өзінің бақылауына алатынын айтқан еді. Енді араға уақыт салып, сол мектеп жаңа оқу жылында есігін айқара ашқалы отыр.

Жұлдыз ауылындағы бұл мектеп Кеңес одағы-ның батыры Ахмедияр Құсайынов атында. Ауылдың бұрынғы мектебі апатты деп танылып, орнына осы жаңа мектеп бой көтерді. Бір мерді-герден екінші мердігерге өтіп, ырғалып-жырғалып құрылысы біткен мектеп ауыл тұрғындарына үлкен қуаныш сыйлады. Енді онда 130-дан астам бала білім алатын болады.

Жаңа мектепті аралап шыққан аймақ басшысы мектеп ұжымына жаңа оқу жылында табыс тіледі.

Оқу жылы демекші, облыста биылғы оқу жылында да біраз мектептің құрылысы аяқсыз қалып отыр. Атап айтсақ, қазіргі уақытта облыс көлемінде 23 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде 15 мектеп аудандарда орналасқан. Жоғарыда аталған 23 мектептің 18-і биылғы оқу жылына үлгермейді, олардың құрылысы тек осы жылдың соңында аяқталады.

Бұдан бөлек «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста тағы 18 мектеп салу жоспарланған. БҚО Білім басқармасының басшысы Айгүл Мынбаеваның айтуынша, олардың ішінде 9 мектеп 2024 жылы, ал қалғаны 2025 жылы салынады.

Апатты және ескі мектептерді күрделі жөндеу-ден өткізу де күн тәртібінен түскен емес. Бүгінде облыста 6 мектептің жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Үш мектептің жөндеу жұмыстары тек жылдың аяғында бітеді. Жөндеу жұмыстары бітпеген мектептердің оқушылары уақытша әкімдіктер мен ауыл клубтарында оқи тұруға мәжбүр.

Құрылысы бітпей тұрған мектептердің бірінде аймақ басшысы өзі де болды. Казталов ауданына жұмыс сапарында облыс әкімі Нариман Төреғалиев Алма Оразбаева атындағы мектептің құрылысымен танысты. Мектеп — 600 орындық. Бұл мектептің де құрылысы бірнеше жылдан бері созылып келеді. Ал ауыл балалары болса сөмкелерін құшақтап көшіп-қонып білім алуға мәжбүр.

— Мектеп құрылысы жаңа оқу жылына үлгер-мейтіні анық. Мен сіздерге жұмысты 1 қарашаға дейін аяқтауды тапсырамын. Балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасалатын болсын. Мен бұл мектептің де құрылысын өз бақылауыма ала-мын, — деді Нариман Төреғалиев.

Ж.ҚАЙЫРҒОЖИНА

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАДАҒАЛАУДЫ ҚАТАҢ ТАПСЫРДЫ



БҚО-да 766 білім беру мекемесі бар. Онда барлығы 15 104 мұғалім білім береді. Білім беру саласының қызметкерлері биыл да әдеттегідей тамыз кеңесінде бас қосып, жаңа оқу жылын ашық деп жариялады. Тамыз кеңесіне Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев пен аймақ басшысы Нариман Төреғалиев қатысты.

Облыстың білім саласына бөлінген бюджет қазіргі таңда 165,3 млрд теңгені құрайды. Оның 141,6 млрд теңгесі аудандық (қалалық) білім беру бөлімдеріне тиесілі. Бюджеттің 76,7%-ы еңбекақыға, 23,3%-ы білім мекемелерінің басқа да шығындарына жұмсалмақ. Бұл туралы кеңесте алғаш болып сөз алған облыстық Білім басқармасының басшысы Айгүл Мынбаева айтты.

Тамыз кеңесінде сапалы білім беруді, балалардың тасымалын қауіпсіз ұйымдастыру, мектептердегі қауіпсіздік шараларын күшейту бойынша жасалуы керек жұмыстар айтылды. Мысалы, облыстағы білім беру мекемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 511 млн 980 мың теңге қаражат бөлініпті. Бұл қаржыға мектептерге бейнебақылау жүйесі мен турникеттер орнату көзделген.

Балалардың қауіпсіздігін сақтау, жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу мәселесіне ерекше назар аударылды. Кеңесте сөз алған облыс әкімі Нариман Төреғалиев те қауіпсіздік мәселесіне ерекше ден қоюды тапсырды.

— Білім мекемелері талапқа сәйкес жабдықталуы қажет, яғни оқу жылы басталғанға дейін нұсқаулыққа сәйкес толық қамтамасыз етілуін қатаң бақылауға алынуы тиіс. Жас ұрпақтың өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін және құқығын қорғау — жауапты міндет. Өкінішке қарай, биылғы жаз мезгілінде 4 көмелетке толмаған жасөспірім су айдындарында қаза болды. Білім басқармасы, аудан, қала әкімдері жазатайым оқиғалардың орын алуын болдырмау мен алдын алу мақсатында ата-аналар және оқушылар, көлік жүргізушілері арасында түсіндірме жұмыстарын күшейту керек. Бүгінгі таңда облыста көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс деректерінің артып отырғандығы алаңдатпай қоймайды. Сол себепті тәрбие үрдісінде әлеуметтік жағынан осал, өмірлік қиын жағдайдағы балаларды анықтап, оларға көмек беру, құқықбұзушылық пен қылмыс жасауға бейім балалармен жұмыс, жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысын жетілдіру қажет, — деді Нариман Төреғалиев.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Объявление о проведении закупки услуги «Аутсорсинг и сопровождение информационной системы» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуги «Аутсорсинг и сопровождение информационной системы» (Количество лотов — 1, на общую сумму 39 817 000,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 04 сентября 2023 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:30 часов 04 сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Аутсорсинг және ақпараттық жүйені сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Аутсорсинг және ақпараттық жүйені сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 1, жалпы сомасы 39 817 000,00 тенге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 04 қыркүйекте, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 04 қыркүйекте, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о проведении закупки услуг «Техническое обслуживание ГПА (RR)» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание ГПА (RR)».

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. (Количество лотов — 7, на общую сумму 1 205 269 312,00 тенге без учета НДС).

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 04 сентября 2023 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 04 сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

Қайта ашық тендер амалымен «ГАА (RR) техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГАА (RR) техникалық қызмет көрсету» қызметін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. (Лот саны — 7, жалпы сомасы 1 205 269 312,00 тенге, ҚҚС-сыз).

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 04 қыркүйекте, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 04 қыркүйекте, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.



Биыл Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанының 300 жылдығы ел көлемінде аталып жатыр. Бұл уақиғаның құрметіне алдымен түбі бір түркінің бесігі Түркістан қаласында ескерткіш орнатылды. Ал 17-18 тамызда халқымыздың ғұламаларының бірі Салық Зиманов айтқандай, «...қазақ елі тарихындағы тұтас бір құбылыс» болған Қожаберген жырау дастанының тойы туған жерінде аталып өтті.

Петропавлдағы Оқушылар сарайында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманының «Елім-ай» дастанына — 300 жыл» атты ғылыми-практикалық конференцияны СҚО әкімі Айдарбек Сапаров ашып, құттықтау сөз сөйледі. Ол XVIII ғасыр қазақ тарихында жер бетінен құрып кете жаздаған сұрапыл жылдар болғанын еске сала келіп, сол жылдардың шындығы, жоңғар шапқыншылығының канқұйлығы, басқарған қонтайшылары мен батырлары, күшеюі себептері, шапқыншылықтың географиялық аумағы, жер-су атаулары — бәрі-бәрі «Елім-ай» дастанында суреттелгенін жеткізді. Сөзінің қорытындысында ол қазақ бар кезде «Елім-ай» дастанының ұмытылмайтынын, қай кездегі, қай замандағы билік буындарына, елдің сөзін ұстайтын адамдарына, зиялы қауымға сабақ бола беретінін айтты.

Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегман өзінің құттықтау сөзін Жазушылар одағының жаңа басшысы Мереке Күлкеновтің атынан айтып, Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанының қазақ әдебиеті мен тарихындағы орны ерекше екенін атап өтті.

«Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының төрағасы Бекет Тұрғараев өзінің құттықтау сөзінде Түркістанда атқарылған мерейтойлық шаралар туралы айта келіп:

«Біз бүгін үш ғасыр өткен оқиғаны еске алып, ұлы бабаларымыздың рухына бас иіп, «Кеуденде шыбын жанын болса егер, Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын» деген Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жырының мәнін түсініп бас қосып отырмыз. «Елім-ай» жыры — тәуелсіздіктің жемісі, соның арқасында жарыққа шығып халыққа жетуіне мүмкіндік туды. Алдыңғы толқын ағаларымыз кешегі кеңестік кезеңде, мұндай шыңғырып тұрып шындықты айтқан шығарманы дәріптеуге мұршасы болмады. Өйткені кеңестік идеология

орыс пиғылының әшкереленуіне жол бермеді», — деді.

Одан әрі ол халық жадынан өшпеген ұлы тұлға Қожаберген жырау Толыбайұлын тарих қойнауынан аршып алып, оның ел тағдырын айқындаған тарихи оқиға — «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» арналған «Елім-ай» жыр дастаны ел игілігіне, халық қазынасына айналып отырған ұлы шығарма екенін айтты. Сондай-ақ Б.Тұрғараев өзі сөзінде «Қожаберген жырау болмаған, «Елім-ай» дастаны қолдан жасалған» деп жырдың тарихи маңызын ескермей, әдеби көркемдігінен мін тауып, әлеуметтік желіде жоққа шығарғысы келіп жүргендер туралы да айтты.

«Осындай халық санасынан өшпеген, жүрегіннің тереңінде сақталып, ауыздан-ауызға жатталып, бүгінге жеткен ұлы жырды ұлықтаудың орнына «бұл қайдан келді, кімнің шатпағы» деп шалқасынан түсіп жатқан кейбір ұлы көшке, ұлы дастаңа топырақ шашып, көңілге көленке түсіріп жүрген өресі төмен азаматтарға «сананды сілкіндір, есінді жиып, көпке топырақ шашпа!» дегіміз келеді», — деді.

Одан әрі 300 жылдық тарихы бар «Елім-ай» дастанын мәңгілік есте қалдыру үшін қасиетті Қаратаудың беласуына тұғыртас орнатылып, «Елім-ай» дастанында сипатталған ел тағдырының қасіретті кезеңінен мағлұмат беріп, мәңгілік өшпес ерліктің иесі халық екенін болашаққа хабардар етіп тасқа таңбаланғаны айтылды. «Елім-ай» жыры 2007 жылы құрылған «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының бастамасымен 15 мың дана болып шығарылып, халыққа тегін таратылғаны да белгілі болды.

«Қаһармандар» қорының төрағасы, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау жөніндегі» мемлекеттік комиссия құрылуының ұйытқысы болған Сабыр Қасымов да жиын барысында сөз сөйледі.

«300 жыл бұрын жазылған дастанда көрсетілген барлық жер, су атаулары, қай

Жыраудың жыры



жерлерге бабаларымыздың қаны төгіліп, көмілгені, олардың басына қойылған белгілер жерімізге көз алартқан кеудемсоқтарға өңірдің нақ кімдікі екенін көзге шұқып көрсетіп беретін дәлелдер. Әсіресе, осы жағынан алғанда «Елім-ай» баға жетпес құнды дерек көзі екені даусыз. Басқа халықтар осындай ежелгі дастандарын тарихи мұра ретінде пайдаланып, сол кездегі бабаларының ақыл-ойын, көзқарас өрісінің кеңдігін, ел үшін жасаған еңбегін, ұрпақ қамын қалай ойлағанын, билеушілері мен халқының қатынастарын көреді, дереккөз ретінде пайдаланады. Ал біздің арамыздағы кейбіреулер дастанның тілінің көркемдігінен, кейбір сөздердің сол заман тарихына сәйкес емесінен кінәрат тауып, ауыздан-ауызға тарағанда қосылған қоспалары үшін «Елім-айды» жоққа шығарғысы келетіні өз тарихымызды бәлкімен шабуға ұмтылу десе болады», — деді заңгер.

Одан әрі спикер Қызылжарда және басқа өңірлерде өткен Қожабергенге арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияларда айтылған ұсыныстардың толық орындалмағанын сынады. Мектеп, орта және ЖОО бағдарламаларында тым үстірт айтылатынын тілге тиек етті.

Алматы мен Астанада ат терлетіп жеткен ақын-жазушылар, тарихшы, әдебиетші, заңгер ғалымдар қатарында елімізге танымал азаматтар Бексұлтан Нұржеке, Кәдірбек Серізбайұлы, Иран-Ғайып Оразбай, Қасымхан Бегманов, Серік Негимов, Аманжол Күзембайұлы, Күлбек

Ерғөбек, Зиябек Кабылдинов, Сұлтанхан Аққұлұлы, Кәрібай Мұсырман және жергілікті өлкетанушылар Ербакыт Амантай, Сәуле Мәлікова — бәрі де конференцияда өздерінің ғылыми баяндамалары мен сөздерін оқыды.

«Елім-ай» дастаны — тарихи дерек» атты баяндама жасаған тарихшы, профессор Аманжол Күзембайұлы бүкіл әлемдік тарихта жазбаша дерек жоқ болған жағдайда ауызша деректер пайдаланылатынын атап өтіп:

«Сондай ауызша мағлұматтардың бірі және бірегейі — Қожаберген жырау шығармалары. Өкінішке қарай, осы құнды деректер талдаудан, саралаудан, тексеруден өткізіліп, осы күнге дейін тарих ғылымының кәдесіне жарамай отыр», — деді.

Одан әрі жырау шығармаларының зерттелуіне тоқталған ғалым оны алғаш рет 1927 жылы Сәкен Сейфуллин, 1936 жылы Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов бастаған арнайы тарихи-этнографиялық экспедиция зерттегенін айтып, аласапыран заманда бұл материалдар із-түзсіз жоғалып кеткенін жеткізді.

«Содан кейін тәуелсіздіктің еле-аланында жазушы Нәбиден Әбутәлиев Қожаберген мұраларын жүйелеп, жинап, бастыруға үлкен еңбек сіңірген. Ал 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-зерттеу тобы Қызылжар өңіріне келіп, жыраудың басына зиярат етіп, көнекез қариялардан мол мағлұмат алып қайтқан екен. Аты-жөні Ш.Нұрғожаұлы, М.Тырақиев, Н.Сатин

сияқты ақсақалдар жыраудың Қаратай Биғожин әдеби мұралар қорына тапсырған шығармаларынан басқа да жырларын айтып берген. Одан бері Қызылжардағы «Асыл мұра» тобының іздеушілері Қожабергенге қатысты бірнеше кітаптың жарық көруіне мұрындық болған. 2000 жылы республикалық конференция өткізіліп, онда академик Манаш Қозыбаев және басқалар баяндама жасап, «Қожаберген-тану» орталығын ашу туралы ұсыныс болады. «Елім-ай» дастанының алғашқы нұсқасын Қаратай Биғожин тапқан, ал екінші нұсқасын Мәдина Дастанова деген зерттеуші жариялады. Көлемі 9 баспа табак, онда жыраудың «Елім-ай»-дан басқа шығармалары да енгізілген. Екі нұсқаның кейбір өзгешеліктері болмаса мазмұны бір мәселеге арналған. Ол XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысы», — деді А.Күзембайұлы.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Серік Негимов өзінің баяндамасында Бұқар жыраудың «Қамалды бұзған құлшына» өлеңінің мына жолдары:

*«Күрзімен жсауды басқа ұрған,
Қалмақтың ханын састырған.*

Жаралы дұшпан басышын

Ап тұяғына бастырған», — деген жыр

жолдарын ұстазы Қожабергенге арнағанын тілге тиек етті.

«Елім-ай» — ұлы дала тарихында ұлы бабаларымыздың ұлт, халық, мемлекет, жер қорғау қайғысынан туған аяулы, асыл түйдекті лебіз. Тарихи-этнографиялық, тілдік, палеосемантикалық қымбат құндылықтар мен ақпараттарға бай Орхон жазба ескерткіштеріндегі «Елім-ай!», «Туған жерім-ай!», «Бектерім-ай!» (152 мәрте), «Қонысым-ау!» (749 рет), «Қара жерім-ай!», «Жоғарыда Тәңірім-ай!», «Қара орманым-ай!», «Ынтымақ-ай!» және т.с.с. Ұлы дала жұртының бойтұмарындай киелі, жұлынды сөздері «Елім-ай!» дастаны оқығанда тарихи сабақтастық тайға таңба басқандай жалғастық танытады. «Елім-ай!» дастанында геостратегиялық жағдай, әскери колонизация, соғыстың тарихи саясатпен стратегиясы, саяси мақсат пен ниет, жаһандық билік мәнісі терең, толық сипатталған», — деді.

Одан әрі Серік Негимов «Елім-ай» дастанының ел арасына ауызша да, қолжазба күйінде де тарағанын айтты.

«Жазбаша нұсқасын сақтаған Қожаберген жыраудың ағасы Қарабастың ұрпағы Шақшақ батыр Көшекұлы, Одан Сегіз сері көшіріп, одан соң Ер Есенейдің жиені Тәштит Тәбейұлы Барлыбаевтан Шыңғыс Уәлиханов, Зілғара шешен басы Мұса үйренген. Ең ақырында Қожахмет Дәрібайұлы (1891-1978) насихаттаған», — деді ол.

Конференцияда сондай-ақ филология ғылымдарының докторы Күлбек Ерғөбек, журналист, қоғам қайраткері Кәрібай Мұсырман, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Кабылдинов, журналист Ербакыт Амантай, архивариус, тарих ғылымдарының кандидаты Сәуле Мәлікова баяндама жасады.

Конференцияның қорытындысы бойынша қарар қабылданып, онда Қызылжардағы әскери институтты Қожаберген жыраудың атына беру, мектеп оқулықтарына Қожаберген жыраудың өмірі мен шығармашылығынан деректер беру, «Елім-ай» дастанынан үзінділер беру секілді ұсыныстар Оқу-ағарту, Қорғаныс министрліктеріне жолданатыны айтылды.

Жаксыбай САМПАТ

GALLUP ӨМІРІНДІ ӨЗГЕРТЕ МЕ?

Әр адамның бойында ортамен қарым-қатынас жасай алатын, мақсатқа жеткізетін қарым-қабілеттері бар. Бірақ кез келген адам ол талантын білмеуі де мүмкін. Осы ретте Gallup тест көп адамның мамандығын өзгертіп, бағыт-бағдарын айқындауына септігін тигізеді.

GALLUP 86% ДҰРЫС НӘТИЖЕНІ КӨРСЕТЕДІ

Gallup — адам бойындағы 34 талантты анықтауға арналған тесттің бірі. Оны алғаш 1999 жылы америкалық психолог Дональд Клифтон қолданысқа енгізген. Көпшілігі Gallup деп атағанымен, тесттің негізгі ресми атауы — CliftonStrengths34. Жалпы, тест 170 сұрақтан тұрады, берілген сұрақтарға 20 секунд ішінде жауап беру қажет. Тесттің нәтижесі бойынша 25 беттен тұратын қорытындысы беріледі. Gallup тестінің ерекшелігі, Fortune 500 компанияларының 90 пайызы жұмысқа алу кезінде қолданады. Бұдан аңғаратынымыз — Gallup тесті шынымен де адамның барлық қабілетін ашып көрсетеді екен. Осы уақытқа дейін тестті 35 миллионға жуық адам тапсырған. Оны ғалымдар 80 жылдан астам уақыттан бері зерттепті. 160 мемлекетте тест тапсырған азаматтар бар.

ТЕСТТІҢ ҚҰНЫ ӨЗ БАҒАСЫНА ЛАЙЫҚ ПА?

Gallup тест онлайн форматта өтеді, құны — 50 АҚШ доллары. Біздің теңгеміз шаққанда — 22 мың теңге. Көпшілігі тесттің құнын қымбатсынып, сенімсіздік танытуы мүмкін. Себебі интернетте қабілеттерді анық-



тауға арналған қаншама тест бар. Сондықтан көпшілігі Gallup-тің олардан алып бара жатқан ерекшелігі жоқ деп күмәнмен қарауы қалыпты жағдай. Осы ретте сарапшылар бұл тесттің құны сапасына лайықты деп санайды. Себебі АҚШ — ғылым мен бизнесті ұштастыра білген алпауыт мемлекет. Ең мықты компаниялардың шоғырланған мекені. Ғалымдар бизнеске үлес қосады, бизнес ғылымды қолдайды.

— Жалпы, 2019 жылғы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Білім және ғылым министрлігінің статистикасы бойынша елімізде адамдардың 60%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Яғни, көп адам бойындағы қабілеттерін дұрыс қолдана алмағандықтан, өзіне ұнамайтын, қызық емес салада жүруге мәжбүр болады. Осы тұрғыда Gallup адамдарға өз бағыттарын табуына көмектеседі. Бойымыздағы мықты қабілеттерді табу арқылы өмірімізді өзгерте аламыз. Сол үшін де мен

қабілеттің комбинациясынан шыққан нәтиже болады. Файлды ашқан кезде күлгін, қызғылт, көк және жасыл түстен тұратын 34 қабілеттің кестесі бар. Ол Executing, Influencing, Relationship Building және Strategic Thinking деген 4 бағаннан құралған. Тест нәтижесі алғашқы 5 қабілет туралы толық ақпарат береді де, басқаларына қысқа-нұсқа тоқталып өтеді. Тағы айтып өтетін жайт, тесттің нәтижесі ағылшын тілінде болғандықтан, оны аударып оқу керек. Алған нәтиженің қандай ерекшеліктері бар екенін, оны қалай дұрыс қолдану керек екені жөнінде арнайы тест талдайтын мамандарға жүгіну керек. Тест нәтижесінде барлық 34 қабілет рет-ретімен қойылған. Оларды дамытып, әрі қарай өмірде қолдану үшін іс-әрекеттер жасау керек. Мәселен, Learner (Білім алу) қабілетін пайдалы сабақтарға қатысып, кітап оқу арқылы күшейтуге болады. Тағы бір қабілет — «Эмпатия», ол өзін басқа адамның орнына қою, оны сезіне алу қабілеті. Бірақ мұның теріс жақтары да бар. Яғни, эмпатияның кесірінен көбі басқа адамдар үшін уайымдап жүруі мүмкін. Бұлай жалғаса беретін болса, түбі адамның энергиясын жейді. Көп стресске, депрессияға түседі. Ал қабілетін танып, оның қолдану аясын меңгере алған адам олай өмірін қиындатпайды. Керісінше, өз қабілетінің шекарасын біліп, қолдана алады.

— Тесттің нәтижесінде алғашқы 10 қабілеттен жұмыс істеу керек. Әсіресе, біріншісімен жұмыс істеуді игерсеңіз, басқа қабілеттерді дамыту оңай болады. Қабілет пышақ секілді. Не оны сен кесесің немесе ол сені кеседі. Яғни, қабілеттерді жақсы жаққа да, теріс жаққа да қолдану өзімізге байланысты. Тест арқылы мықты қабілеттерді ғана емес, әлсіз қабілеттерді де анықтауға болады. Тесттің қорытындысын алған соң түсіну-қабылдау-әрекет ету деген алгоритммен

жұмыс істеу керек. Түсіну кезінде таланттар бойынша жақсылап оқып, түсінген абзал. Оларды түсініп болған соң неге ондай талант жоқ деп емес, менің таланттарым осы екен деп қабылдай алу. Содан соң оларды өмірде қолдануға тырысу, — дейді Gallup талдаушы Ержан Болатұлы.

ЖАСТАР ТЕСТ АРҚЫЛЫ ҚАБІЛЕТІН АШУДА

Gallup біздің елімізде де сұранысқа ие. Әсіресе, жастар арасында оған қызығушылық көп. Себебі жастар тест арқылы бойындағы әлсіз және мықты қабілеттерін игеріп, онымен жұмыс істеу арқылы жетістікке жеткісі келеді. Кез келген дамушы ортадағы жастардың айтатын басты тақырыбы — осы Gallup. Арнайы тест талдайтын мамандарға жүгініп, зерттеп, ізденетін жастар қатары аз емес.

— Менің бұл тестті тапсыруыма түрткі болған нәрсе — өзімді тану. Өзімнің ішкі қалауларымды, қандай іске икемім бар екенін білгім келді. Осылайша, Gallup жайлы жан-жақты іздене бастадым. Тест тапсыру арқылы бойымдағы қабілеттерімен жұмыс істеп, оларды дамыту керек екенін түсіндім. Мәселен, менде алғашқы орында тұрған «Контекст» таланты, ол сенің ойлау қабілетіне байланысты. Ондай адамдар көбіне өткен шақпен ойланады және бүгінгі күнін сол бұрынғы жасаған таңдауларының нәтижесі деп біледі. Сондай-ақ ол бір істі немесе құбылысты түсіну үшін оны өткеніне үңілісі келіп тұрады. Жақын достарым «сенің есте сақтау қабілетің мықты» деп мақтайтын, ал оның бәрі осы бір талантымның арқасы ғой негізі, — дейді Gallup тапсырушы Ерзат Мейрамбекұлы.

Gallup-тің негізгі мақсаты — адамдардың бойындағы мықты қабілеттерін көрсетіп, сол арқылы дамыту.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір, күлдіре білу — өнер, күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжехметұлы



26.08.2023 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы



ОСЫ ЖҰРТ НЕ БОП БАРАДЫ?

Бүгін жексенбі. Әйелім бала-шағасымен төркін асып кетті. Қашып кеткен жоқ, балаларым нағашыларын ұмытып қалмасын деп төбе көрсетуге жібердім. Жалғыз жатсам да ұйқым қанбады. Таң атпай шырылдаған есіктің қоңырауынан жынданып ояндым. Осы жұрт неге маза бермейді?...

— Кім бұл?
— Ағай, мен ғой, Торсық.
— Айналайын, Торсық емес, борсық болсаң да, ерте-леп біздің үйді неге мазалап тұрсың?
— Ағай, папам танкі сатып алып еді ғой, соны келіп көріп кетсін дейді.
— Танкі, кіммен соғысайын деп жатсыңдар? Қарағым, папаңа сәлем айт, самолет сатып алса да, баратын уақытым жоқ. Бар тайып тұр...

Айқайлап қуып жібердім. Төсегіме құлай кеттім. Есікті біреу тепкілеп жатыр. Осы жұрт жынды ма?...

— Кім бұл? Қоңырауды баспайсың ба?
— Кешіріңіз, қоңырау жасамайтын шығар дедім. Мен ғой, Қопақтың баласы Нөкенай...

— Иә, неменең келдің?
— Папам суда жүзетін үлкен корабль сатып алып еді ғой, соған келсін дейді, көрімдігін берсін дейді.

— Папаның есі дұрыс па? Бұл ауданда теңіз түгілі, аяқпен кешетін шалшық су жоқ. Корабльді қайтеді?
— Ағай, келесіз бе, келмейсіз бе? Келмесеңіз тізімнен сызып тастаймын.

— Бармаймын, бар екеңе сәлем айт... Жұрт сияқты үйде ешкім жоқта, бір тынығып алайын десең міне, көретін күнің осы. Корабль деген қымбат емес пе? Оны қалай сатып алған? Осы жұрт қалай байып кетеді?...

Біреу терезені тырсылдатып тұр. Жапқышты ашып қалсам, көршінің баласы екен. Терезенің форточкасынан айқайлады.

— Есік тұрғанда терезені неге қағасың?
— Ағай, бәрібір емес пе?
— Иә, жәй жүрсің бе?
— Қатты жүрсем терезеңіз сынып кетер еді.

— Қылжақтамай шаруаңды айт, — дедім ашуланып.
— Папам Ташкенттен үй салатын қырық өзбек сатып алды, соған той жасап жатыр. Тойға келсін дейді.

— Өзбек сатып алғаны қалай, бұл адам саудасы ғой. Бұл — қылмыс.

— Сіз тойға келесіз бе, келмейсіз бе?
— Келмеймін.
— Неге?
— Шаруаң болмасын, табаныңды жалтырат...

— Қызғанып тұрсыз ба? Ішіңіз тар екен, — деді де өлгі жүгірмек терезеге былш еткізіп бір түкірді де тайып тұрды.

Мына баланың қорлығы өтіп кетті. Бұлар қонаққа шақырғанымен қоймай, адамның жүйкесін тоздырып кетеді.

Осы жұрт не істеп пысық болады?...

Ойланып жатырмын, бұрын қазақ көлін түсіргенде, құда келгенде қонаққа шақыратын еді. Қазір не болса соған шақыратын болған ба? Тағы біреу есікті соққылап жатыр.

— Соншама ұрғылап не болды?
— Енді тал түсте есікті жауып алып не істеп жатсыз? — дейді маған.

— Жексенбі күні демалып жатырмын. Онда сенің не шаруаң бар?
— Ағай, біздің папа деген аудан әкімін, аудандық ішкі істер бөлімін, жер комитетін, қаржы басқармасын сатып алды ғой.

— Қалай?
— Мен қайдан білейін?
— Көкем-ау, олар зат емес қой сатып алатын?
— Білмеймін, сатып алды.

— Мәдениет үйінің директорын неге сатып алма-дыңдар?
— Папам айтады, олар мәдениетті қайыршылар ғой, — дейді.

— Папаңа айт, министрді сатып алса да бара алмаймын, ұқтың ба?
— Ағай, көре алмайсыз ба не?
— Иә, көре алмаймын, — дедім жынданып.

— Қазақ сол ғой, «Бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды» — дейді әлгі бала. Өзінің жасына жетпей мақалшылан қара.

Осы жұрт бәрін қалай сатып алады?...

Осыдан кейін ұйқы бола ма? Есікті ашып тастадым да, беті-қолымды шайып, теледидарды қостым. Тым жақсы жарнама қарап отыр едім, біреу кіріп келді.

— Ассалаумағалейкум, аға!
— Уағалейкумассалам, бұл қай бала?
— Мен ғой, Жанталаптың баласы Қанталап.

— Иә, папаң қонаққа шақырып жатыр ма?
— Папам ақша жеп, былтыр шетелге қашып кеткен.

— А, жолы болсын, жәй жүрсің бе?
— Мамам айтады, біздер ауданды түгел сатып алып едік қой, соған құжатарын алып келсін дейді.

— Ауданды халқымен сатып алса, мен де сатылып кеттім бе?
— Иә, солай шығар, оны мамамнан сұраңыз.

— Айналайын, қайда шақырып жатыр?
— Үйге.

— Жақсы міндетті түрде барамын, рахмет! Бұған бармасам болмайды. Ауданды қалай сатып алған? Біз бір машина сатып алуға қаражат таппай отырмыз. Қыруар қаржыны қайдан алады?

Осы жұрт қалай жейді?...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

МАҚТАҒАН МАЛ ТАБАДЫ

Күн сайын әйеліммен ұрысып қаламын. Үйден берекет қашты. Интернеттен осыған сауал іздедім. Сүйтсем, әйелді мақтау керек екен. Мен сорлы оны білмеппін. Түс мезгілінде күндегі әуенін бастайын деп, домбырасын келтіріп жатыр еді:

— Жанымдағы жалғызым, армандаған аяулым, — дедім.

— Ааа, мына сөз сенің аузыңнан шықты ма? — деп, әйелім көзі адырайып тоқтап қалды.

— Енді не, менің аузымнан тек былапыт сөздер ғана шығады деп жүрсін бе?

— Таңғалып тұрғаным, — деді әйелім.

— Сенің нәзік қолдарыңмен жасалған бүгінгі түскі ас қандай керемет. Дәмі тілімді салақтатып жіберді. Кешкі асқа не пісіресің жаным?

— Иә, рас айтып тұрсың ба? Саған бүгін бірдеңе болған жоқ па? — деп әйелім аң-тан.

— Шынымды айтып тұрмын, жаным. Өзіңді көрмесем отыра алмайтын күйге душар болдым...

Негізі, қолдары нәзік емес, сиырды сауғанда төрт емшегін жұлып ала жаздайды. Білегінің жуандығынан көрші ауылдың қатындары сескеніп қашып жүреді. Әйелімді жамандап отыр деп ойламаныздар.

— Ботадай көздерін жанып, үйдің ішін жарқыратып жіберді ғой, жүзіңнен жүзімнің шырыны тамып тұр, — деп едім бөшкедей әйелім диванның үстіне барып сылқ етіп шалқасынан құлады. Ее, мынау жақсы әдіс екен...

Әйелімнің ұрысы су сепкендей сап тыйылды. Еркелеткенді кім жек көрсін?...

Ерігіп көшеге шықтым. Дүкеннің алдында қайыр сұрап айқайлап алкаш отыр екен, оны да мақтай жөнелдім.

— Күс-күс жарық қолдарың батырдың білегіндей жуан екен, құрметтім?

Маскүнем көгеріп кеткен екі қолына алма-кезек қарады.

— Шың ба? — деді, ісік көздері жыпылық қағып. Өзі ықылық атып тұр.

— Иә, әрине, — дедім.

— Кезінде спортпен айналысқанмын, — деп мақтанды ол.

— Иісің қандай керемет, сендей адам жер бетінде жоқ қой, — деп едім, ыржалаңдап мәз болды.

Ішкіштер де мақтағанды сүйеді екен. Өзі қайыр сұрап отырса да,



екі жүз тенгесін менің алақаным барды.

Көшенің бір бұрышында ала таяғын асынып май қызметкері тұр. Аяндап қасына бардым.

— Ассалаумағалейкум, сендер болмасаңдар біздің күніміз не болмақ?

— Жәй ма?

— Осындай қара суықта адамның өмірі үшін жол тәртібін қадағалап тұрсыздар.

— Енді, жұмысымыз ғой.

— Қандай адал жансыңдар, сендердің еңбектерің елеусіз, — деп едім, әлгі май қызметкері көтеріп тұрған ала таяғын төмен түсірді. Енді бір сөз айтсам құлайын деп тұр.

— Біз кімге керекпіз? — делі май қызметкері міңгірлеп.

— Сендер халыққа, бізге керексіңдер, сіз сондай парасатты адамсыз. Бауырмал екеніңіз көзіңізден көрініп тұр. Ел үшін туғансыз...

— Рахмет! — деп, май қызметкері танауы шелектей болды.

— Өлгенше қолыңыздан ала таяғыңыз түспесін, бай болыңыз...

— Ой, бәрекедді, тоқтай тұрыңыз, — деп төс қалтасына қолын салып жіберіп, қып-қызыл бес мың теңгені қалтама сүнгітіп жіберді. Әзірге жаман емес. Базарға қарай бет алдым. «Қымбат» сауда үйінен атакты бизнесмен кезінде сотқар атанған Бекертуған құрдасым шықты. Ол өмірінде ешкімнен жылы сөз естіп көрме-ті. Мектеп қабырғасында жүргенде мұғалімнен жегені таяқ, естігені қарғыс еді.

— Амансың ба, құрдасым?

— Шүкір, шүкір, түкір-түкір, — деді Бекертуған.

— Естілді бе?

— Нені?

— Кеше сені теледидардан мақтады.

— Не деп?

— Қазақ елінің экономикасына елеулі үлес қосып жатыр, — дейді.

Сен сияқты азаматтар көп болса, дағдарыстан құтыламыз, — деп айтты. Құрдасым көзі аларып, мәз болды.

— Шыны айтып тұрсың ба? — деді ол қуанып.

— Әрине, сендей құрдастар қазақ ұлты үшін дефицит қой, — деп едім. Туғалы мақтау естімеген құрдасым сол жерде бұтына жіберіп қойғандай мелшііп қатып қалды. Бетіме ала көзімен қалалып тұр. Менің сөздерім ұнамай қалған болар деп, кетуге ыңғайлана бастадым.

— Токта, — деді маған. Дауысы қатты шықты. Метепте жүргенде талай рет жұдырықтасып едік.

«Келсең кел» делім ішімнен.

— Мына астымдағы автокөлігіміңізді кілтің саған, — деп, кілтің қолыма ұстатты.

— Бәке, мұнын не? — дедім. Мүмкін, қалжыңдап тұрған шығар.

— Мендей сорлы тентекті мақтайтын да адамдар бар екен бұл өмірде, — деп өкіріп жылап жіберді.

Ойбай-ау, мақтаудың құдіреті қандай десенші, мұны мұрнымның иісі бұрын неге сезбеген?

Кеше қара жаяу жүрген адам, бүгін астымда қымбат көлік. Мен бақыттымын. Бақыттың бұйымен

аудандық әкімшілікке бардым. Есіктегі күзетшіден бастап, еден сыпырушы әкесін танып мақтадым-ау кеп. Олар барлық есіктерді айқара ашып тастады. Бір қарасам аудан әкімнің есігі де жартылай ашық тұр. Зып етіп кіріп бардым.

— Ассалаумағалейкум, алтыннан ардақты, күмістен салмақты, бәсеке, — деп қолымды бердім. Ол сәлемімді аузының ұшымен жыбырлап әрен алды. Жақтырмай тұрғаны көзінен көрініп тұр. Бірден үйренген әдісіме көштім.

— Сіз жүрген жолмен жүргім келеді,

Сіз ішкен суды ішкім келеді, — деп әңдете бастадым.

— Ее, дұрыс, — делі әкім.

— Сіз отырған орынға қызық-қым келмейді,

Сіз мінген көлікті мінгім келмейді, — делім тағы. Өлендерімнің ұйқасы жоқ болса да, аудан басшысына ұнап барады.

— Дұрыс, дұрыс, — деді.

— Сіз салған ізбен жүргім келеді,

Болыңыз осы ауданның тірегі...

— Керемет! — деп, әкім бетімнен шолп еткізіп сүйіп алды. Қолымды қысып, құшағына тартты. Қайта-қайта арқамнан қакты. Сүйгіп, қуанып қайттым.

Ертеңіне үйге әкімшіліктен телефон соқты. Мені жақсы қызметке және мемлекеттік сыйлыққа ұсыныпты. Енді бұйырса облысқа барып, түгелдей мақтап қайтайын деп жиналып отырмын...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

«ШАҚ-ШҰҚ!»

Қандай түлен түрткенін қайдам, компания жұмысшыларымен бірге мен де наразылық митингісіне шықтым. Талабымыз біреу: «Еңбекақымызды көтермесе, жаппай жұмыстан кетеміз!»

Компания президенті бізге менсінбей қарап шықты да, былай деді: — «Еңбекақыларыңды көтеремін. Ол үшін ұялы телефондарыңдағы вацаппа дауыстап хабарлама жазасыздар!»

«Шақ-шұқ!» — дейсіздер. Кім қанша «Шақ-шұқ!» дейді, бухгалтер сағаттар бойынша «шақ-шұқтарыңызды» есептеп, айлықтарыңызды өсіреді. Әр шақ сөзі — жүз теңге, шұқ сөзі — екі жүз теңге. Егер асықпай, жәй айтып жазатын болсаңыздар, он-ак теңгеге есептеледі!» — деді.

Еріккен, кенкелес президенттің науасына ұйықтап қалмасак та, сол жерде хормен: «Шақ-шұқ, шақ, шұқ!» — деп айқайлай бастадық. Сол жерде бір сағаттай «шақ-шұқтадық», ауызымыз алақандай болып, ауырып, тілдеріміз саландап кетті. Шетелдік жұмысшылардың айлықтары пәленбай мың, біздікі сиыр сигендей болған соң, көшеде келе жатып та, «шақ-шұқ!» — деумен болдым! Бала-шағамды асырауым керек

қой! Бір кісі тоқтатып: — «Жындыхана қай жерде?» — деп сұрап еді, «Шақ-шұқ!» — дедім. Бір әйелді байқамай соғып кетіп едім, кешірім сұраудың орнына: «Шақ-шұқ!» — дедім. Автобуста да аузым тынбады.

Бәрі маған танырқай қарайды. Содан, «Каспий» банктен бір қыз ызбандалды. «Несиенізді қашан төлейсіз?» — деп. «Шақ-шұқ!» — дедім мен. Үйге кіргеннен «шақ-шұқтап» аузым жыбырлап, диванға жата кеттім. Бірақ «Шақ-шұқты» қояр емеспін.

Әйелім:

— Есің ауысқан ба? Тамақ іш! — деді. «Шақ-шұқ!» — дедім мен.

«Вермишель таусылды», — деді ол. «Шақ-шұқ!» — «Немене, шақ-шұқ?» «Шақ-шұқ!» Әйелім басыма тәпішкесімен салып қалды. «Шақ-шұқ!» «Аштан қырыламыз ба?» «Шақ-шұқ!» Ол желел жәрдем шақырды. Ақ халатты қыз: — «Ағай, қай жеріңіз ауырады?» — деп сұрады. «Шақ-шұғым!» —

дедім мен. Бір ай бойы «шақ-шұқтан» тынбадым. Бүгінде жындыханада жатырмын, шақ-шұқ!

Мұхтар ШЕРІМ



Соңғы жылдары ғалымы да, ғалым емесі де Шынғыс ханды қазақ етіп шығаруға тырысып жүр. Бұған негіз де жоқ емес. Мұны оның өмірі Дешті Қыпшақ даласымен тығыз байланысты болғанынан және тұңғыш ұлы Жошының кесенесі Ұлытаудың етегінде тұрғанынан да аңғаруға болады. Сталин өкімет басына келгеннен соң «Шынғыс ханның бүгінгі ұрпақтары кімдер?» деп сұрағанда жанындағы ақылмандары «Олар — казактар» деп бірауыздан жауап берген деседі. «Мұны немен дәлелдейсіңдер?» дегенде «Қазақ болмаса ұлы солардың атамекенінде жерленер ме еді?» деп жауап берген дейді.

Жә, мұны ғалымдар мен зерттеушілердің еншісіне қалдырайық. Қазір екі қазақтың бірі «біз Шынғыс ханның ұрпағымыз» деп кеуде соғатын әдет тапты. Оны өздеріне еншілеп алған рубасылар туралы айтқымыз жоқ. Жарайды! Ұлы қағанның ұрпағы екенімізді әлем мойындасын. Кезінде қызыл империя көсемдері «даланың жабайылары өздерінің ататегін білсе, әлемді билейді, сондықтан олардың өткен өмірін санадан өшіру керек. Олар қайта бас көтеріп жүрмесін» деп біздің түп тарихымызды шамның жарығы түспейтін тереңге көміп тастады дейік. Ұлт көсемдерін жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқаны, атқанын атып, қалғанын без тергізіп жібергені соған айғақ деп бір түйіндейік.

Бірақ біз сол Шынғыс ханның ұрпағы сияқты қандай өнеге танытып жүрміз? Ақыры, түп бабамыз Шынғыс хан болып шықты дейік. Сонда ұлы қаған өсиеттеріне қаншалықты адалмыз? Ойланып көріңізші. Шынғыс хан өзіне бағынышты жұрағатын бір уыста, бірлікте ұстады. Алауыздыққа жол берген жоқ. Ал біз, казактар ру-руға бөлініп, қырықпышақ болып айтысып, қызылкенірдек болып жатамыз. Бірлігімізден гөрі ірілігіміз көп. Әр ру өмірде болған-болмағаны белгісіз батырларын тауып, ескерткіш қойып жатыр. Тіпті, бір ауылда екі-үш мешіт бар. Әр ру өз мешітіне барады. Кісісі қазаланса, өз зираттарына жерлейді. Осылай ел алатайдай бөлектеніп жатыр. Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Шынғыс хан заманында сауда-саттық, барыс-келіс, алыс-беріс әділ болды. Арамнан тамақ тапқандар заматында жазаланды. Бізде қалай? Қазір базарға барсаңыз, жағанызды ұстап қайтасыз. Бағалары удай. Билік басындағыларды, ірі помещиктерді былай қойғанда сатушының өзі таразыдан жейді. «Бүгінде жемейтіндер



ШЫҢҒЫСТЫҢ ШАПАЛАҒЫ

жер астында». Бүгінгі қазақ осылай сөйлейтін болды. Сол жегіштер шетінен ұсталып, темір торға тоғытылып жатыр. Сонда да жегендерін тыймайды. Ашкөзденген арамтамақтар темірдің өзін тонналап жұтады. Оларды жазалап жатқан жүйе жоқ. Ұстап алса да қалтасын қағып, қайта қоя береді. Түрмеге түскендеріне жандары ашып, аяушылық сезімдері ояна кетіп, шылбырын шешіп босатып жібереді. Қылмыскерлер әділ жазаланбайды. Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Елімізде жемқорлық өршіп тұр. Әсіресе, билік басындағылар бұл жағынан алға шықты. Ана жерде де, мына жерде де әкімнің өзі немесе

орынбасары ұсталыпты деген суық хабарлар дүңк-дүңк естіледі. Ірі компаниялардың, басқармалардың басшылары жемқорлықпен ұсталыпты десе, таңқалмайтын болдық. Етіміз үйреніп кетті. Паракорлықпен, сыбайлас жемқорлықпен ұсталғандар есебіне жетуден қалдық. Елімізді тонап, шетелдерге қашып кеткендер қаншама? Алақандарын ысқылап, ақша тілеп отырған өңшең бір жебірлер елінде отырған сынайлымыз. Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Қылмыстың барлық түрі жер бетіне шықты. Бұрындары біреу адам өлтіріпті дегенді естісек, төбе шашымыз тік тұрушы еді. Бүгінде бұл үйреншікті

жағдайға айналды. «Е, қой өліп қалыпты ғой» дегендей немқұрайлы қабылдаймыз. Бабаларымыз мал екеш малының амандығын тілеуші еді ғой. Педафиль деген жік шықты, екі құлағы тік шықты. Бес жасар баламызды зорлап, жиырма жерінен пышақтап тастайды. «Е, ауру екен ғой байғұс» деп айуанды бостандыққа жібере саламыз. Осындай азғындарға қарастырылған заңымыз солқылдақ. Сол солқылдақтың арқасында біздегі жалмауыздардың өзі түрмеде бір күн түнемей, сайрандап көшеді жүр. Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Елдің тұтқасы, қазақтың қамын ойлайды деген биліктің ұшар басында отырған мұрттыларымыз мемлекетті сатты деген айыппен қамақта отыр. Сол сұттының інісі де мінсіз емес екен, күні кеше он жылға бас бостандығынан айырылды. Аман болса, бір-екі жылда түрмеден босап шығатынына күмән келтіре алмаймыз. Сол мұрттылардың бірқатары шетелдерде жасырынып, жан бағуда. «Балық басынан шіриді». Отыз жыл ел билеген, кезінде көсем атанған көкеміздің де біраз былықтары ашылып жатыр. Соның қамқор қолын көргендердің алды шетелдерде тығылып жүргені жасырын емес. Партия тізгінін қолына беріп, тайрандатаып қойған ымыраласының өзі бүгінде ел бетіне көрінуден қалып, тығылмашақ ойнап жүр? Жер асты, жер үсті байлықтарымызды басқаларға шүлен үлестіргендей үлестірдік. Еесесіне, сорлы қазақ жалаңаш қалды. «Егер әркім өз пиғылын арам ойдан тазартатын болса, бүкіл ел ұры-қарыдан, зиянды әдеттен пәк болар еді» деген Шынғыс хан өсиеті ұмытылды. Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Еліміз жын-ойнақтың ұясына айналып бара жатқаны да ойландырмай қоймайды. Алматыда гейлер бізге еркіндік беріңіздер деп көшеге шықты. Атауға ауыз бармайтын азғындық етек алып барады. Біржыныстылардың бір-біріне үйленулерінің бой көрсетуі ақырзаманның көрінісі емес пе деп шошынатын болдық. Оларды ойлағанда жезөкшелерге жылап көрісетін жағдайға жеттік. Зайырлы елімізде бұларға тыйым салынатын заң жоқ. Қане, Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Бүгінде Иман ағзам қауымындағы мүсылмандар мың сан тарауға бөлініп алып, бір-бірімен қырқысып, айтысып жүр. Сүлейменшілер, гуленшілер, вахабистер, тәніршілер, сақалдылар, қысқа балақтылар, толып жатыр. Қайсысының жолы дұрыс? Жөн сілтейтін адам жоқ. Жөн сілтейді деген Үлкен

кісінің інісі солардың бір тобын басқарды дегенді ел айтып жүр. Кімге сенеміз? Тура жол қайсы? Құдайдың үйі деп санайтын мешіттерде осындай былық көбейген соң басқаға не жорық? Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Жастарымыз жұмыс таппай шетелдерге ағылуда. Тіісті ведомство-ның мәліметінше, шетелдерде жұмыс істеп жүрген қазақстандықтар 194 мыңнан асыпты. Адам қабылдамайды деген Оңтүстік Кореямен жұмыс іздеп барған адамдарымыздың бетінен қақпа деп келісім жасап жатырмыз. Еліміздегі қымбатшылық қарапайым халықтың еңсесін езіп барады. Үкіметтің өзі қымбатшылықты жоюға дәрменсіз болып отыр. Шынғыс хан дәуіріндегі аласапыран, қан-қасап соғыс кезінде халқы қымбатшылық зардабын тартыпты дегенді оқығаныңыз бар ма? Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Ұлы Абай айтып кеткен «Жаксы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртын» кемшілігіміз әлі бар. Аузымен орақ орған өңкей қыртың тонның битіндей өріп жүр. Бас-басына би болған өңкей кикымдар әр ауылдан табылады. Елдің сиқын кетіріп жүрген де осылар. Ырықтары өз қолдарынан кеткен олар өздерін түзей алады деуге тағы сенбейміз. Бірлік, береке, шын пейіл болмаған соң бар байлығымыз көрінгеннің ауызында кетіп жатыр. Күндістік деген елдің шырқын бұзып ол тұр. Тиянақсыз,тұрлаусыз тіршіліктің түйіні қашан шешілмек? Қаншама мініміз бойымызда атойлап көрініп тұрса да бір-бірімізді сыртымыз-дан мазак етіп, жыртын-жыртын, пыш-пыш күлгеннен аса алмай жүрміз. Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Жарықтық ұлы қаған: «тауда жоғалған нөрсені өзен түбінен іздемейді» деп нені мензеп кетті десенші. Ал біз жоғымызды қайдан іздеп жүрміз? Жалған өтіріктен! Көзбояушылықтан! Аярлықтан. Шын-дықтың түбіне жетіп, шырылдатып қой-дык. Жүрт шындықтың қайсы, өтіріктің қайсы екенін ажыратудан қалды. Қане, біздің Шынғыс ханның ұрпағы болғанымыз?

Сірә, Шынғыс ханның ұрпағы болғмыыз келген екен, оның шапалағына да әзір болайық. Әуелі қисық мінезімізді, жалқаулығымызды, жалтақтығымызды, жағымпаздығымызды, жалпақшешей-лігімізді, басқа толып жатқан кемшілік-терімізді түзеп алайық. Ғайыптан тіріліп келсе, қане, қайсымыз бетіміз күймей, жүзіміз жарқын болып ұлы қағанға қарсы қарап тұра алар екенбіз?

Әй, білмеймін...


Сабырбек ОЛЖАБАЙ

Облысқа жаңа әкім келді. Жаңа әкімнен жаңалық күту халықтың арманы ғой, шіркін! Жаңа басшы келгелі мемлекеттік орындарда тыным жоқ.

Қайдан тыныштық болсын? Әр бастық өз кара басының қамын ойлап сандарын соғып жүр. Жұрттың бәрі «жаңа әкім ескертусіз, нөкерлерсіз кіріп келеді» деген соң, облыстық мәдениет басқармасының да мазасы қашты. Олардың мазасы қашса, мәдениет мекемелеріне тыным жоқ. Облыстық театрдың жаңа маусымының ашылуына облыс әкімі келіп қалуы мүмкін деген сыбыс тарағалы, театрдың төрт есігіне тәулік бойы қарауыл қойылды. Әрине, ол кісі келсе, жаксы ырым ғой. Содан не керек, театр әкімшілігінің күн ұзақ күткен аса қадірлі қонағы келмеді. Кешкілік театр жаңа қойылымын әкімсіз бастап жіберді. Залда жарық өшті, шымылдық енді ашыла бергенде қою қараңғыда екі кісі ербен етіп кіріп келді де, алдыңғы орындарға жайғасты. Сол-ақ екен билет тексеруші бір келіншек:

— Ойбай, ойбай, театрға әкім кіріп кетті, — деп ойбайлап жүгіріп келді.

Қаралы хабар әкелгендей қабағы түсіп кеткен. Театрдың ішінде жүрген бірен-саран адам мұны естіп, қараңғы жерге зып берді. Мұндай хабарды тосыннан естіген театр директоры шошып,



ТЕАТРҒА ӘКІМ КІРІП КЕТТІ...

есенгіреп қалды. Ғимаратта жүр-гендер сендей соғысты. Өйткені бұл театрға ешқашан әкім аяғын баспапты. Билет тексеруші құбыжық көргендей есін жияр емес. Тірі әкімді көрмеген байғұс талып жатыр.

— Жағың қарыссын, адамның жүрегін жара жаздадың ғой, — делі театрдың бас әкімшісі Мүгілсін. Ол да тірі әкім көрмеген бейшара ғой.

— Шырағым, неге шошисың? Ол да адам баласы ғой, — делі бір аға өргіс.

— Мен осы уақытқа дейін спек-такльге әкімнің келгенін көрген емеспін, — дейді әлгі келіншек енгітіп. Шынымен де көзі шарасы-нан шығып кеткен. Бетіне мұздай су бүркігеннен соң қалпына келе бастады. Бұл хабарды естіген еден сыпырушылар театрға адам жегіш маньяк кіріп кеткендей сыпыртқы мен шелектерін тастай сала қашыпты.

— Көрмесең міне көрдің, бұл біз үшін үлкен қуаныш, — деп жатыр театрдағы үлкендер қауы-мы.

Бұл әңгіме қас қағымда сахнадағы әртістердің құлағына да жетті. Әкім көрмеген жас әртістер сөздерінен шатасыпты. Театр басшысы әлі есін жинай алмай әбіржіп тұр. Оның ойы әкімді сырттан дұрыс күтіп ала алмады. Сол үшін ертең басқарма басшы-сынан сөз естиді. Күткен күзетші-лері қырағысыз болып шықты. Өзінің басын өзі ұрып отыр.

— Театрға келген облыс басшы-сымен қалай болғанда тілдесіп қалуымыз керек, — деп, бір ақ шашты, көпті көрген актриса апай ұсыныс тастады.

Театр қызметкерлерін әкімнен үрікпеуге, қорықпауға шақырды. Олар қойылым біткенше шағын дастарқан әзірлеп үлгерді. Ойлары өнердің қара шаңырағында отырып, театрдың шешілмей жүрген үлкен мәселелерін айтып қалу ғой. Тарихи қойылым керемет өтті. Халық жылы ықыласпен қабылдады.

Залда жарық жанған кезде, театр директорының жүрегі орнына түсті. Облыс әкімі деп күтіп отырғандары, қаладағы белгілі ұстаз, профессор Жартай Жаржанов болып шықты. Қасында Желдібай Бермағамбетов деген атакты зейнеткер бар. Сүйтіп, театр ұжымы бір дүрлікті.

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

ЖАҢЫЛТПАШТАР

«Атты кісі
Аттан түсіп,
Жаяу кісі
Жатып қарағандай
Сұлу!» дейді әпкемді.
Міне, тағы
СМС-пен хат келді.

Тілазарды жұмсасаң,
Азар да безер.
Зығырынды қайнатып,
Ығырынды шығарар.

Ойынға
Мойын бұрып,
Алаңдады.
Далаңдады.
Сыныпты өрең
төмамдады.

«Жаксы оқиды!» деп
Қызығасың.
Қызғанасың.
Іші күйгендер
Тұз жаласын.

Ұйқысының
Ұйқы-тұйқысы шығып,
Жанарына жас
тығылыпты.
Жас тығылған себебі —
Жастықта жатып
бастырылығыпты.

Өзгені шағыстырып,
Өзі білінбеді.
Өсекшіге өкпелеп,
Көзім ілінбеді.

Албасты басқыр қасқыр
Қалын қойды ықтырды.
Ықтырғанын көріп,
Төбе шашым тік тұрды.

Күн батып,
Қас қарайды.
Қас қарая көрсетті
Аспан айды.

КҮЛКІ
КЕРУЕНІ

ЖАТЫПАТАР ЖАҢЫЛТПАШ

Тілазарды жұмсасаң,
Азар да безер.
Зығырынды қайнатып,
Ығырынды шығарар.

Қызығасың,
Қызғанасың,
Іші күйгендер
Тұз жаласын.

Ұйқысының
Ұйқы-тұйқысы шығып,
Жанарына жас
тығылыпты.

Жас тығылған себебі-
Жастықта жатып
бастырылығыпты.

Өзгені шағыстырып,
Өзі білінбеді.

Өзі білінбеді.
Өсекшіге өкпелеп,
Көзім ілінбеді.

Албасты басқыр қасқыр
Қалын қойды ықтырды.
Ықтырғанын көріп,
Төбе шашым тік тұрды.

Күн батып,
Қас қарайды.

Қас қарая көрсетті
Аспан айды.

Мойнға

Әлі кеп,
Ойнағаны ғанибет.
Мені мен
Әтсе

Тәп кеп,
Қосыса қалар тар ілеп.

Сара апандың
Сары шалы,
Самсыны
Шайнай алмай шаршанды.

пер десей үш етіс,
Бір етімің місе тұт.

Бір ағайды
Тынығқырамадым.
Тынығқырамағанымна
Жабырқағыңқырадым.

Сатыр-сұттар,
Тасыр- тұсқорға

Бір сот

Тынарқап тұрсақ.

Тыларқай бысыртп қып,

Соққан екен бұшақ.

Бейқамға не айтам?
Не айтам да бейқам.

Бір пәнді ғана

Жаксы оқитын Нұрғамды,

Жұрт алды деі алмаймыз.

Дәу қарға

Тауларға қонайды.

Тауларға қонайтын

Дәу қарғаға дәу бар ма?

Жетісу облысының әкімі Әлем чемпионы Исхар Құрбаевқа құрмет көрсетті. Қазақ балуандары грек-рим күресінен көптен бері әлемдік додада жүлде ала алмай жүрген еді. Ересектерді айтпағанда, жастар арасында топ жармағанымызға жеті жылдан асыпты. Ал жетісулық балуан Нұрбақыт Теңізбаев жастар арасында Әлем чемпионы атанғалы бері 20 жыл, Олимпиадада жүлде алғалы бері 15 жыл өтіп кетіпті. Әлем чемпионатында жүлде бұйырмаған сол жеті жылдық үзілісті жетісулық жас балуан Исхар Құрбаев бұзды. Ол Иорданияның Амман қаласында грек-рим күресінен жастар арасында өткен Әлем чемпионатында топ жарып, жеңімпаз атанды.



Төгілген ТЕРДІҢ өтеуі

Болат АБАҒАН

Исхардың жетістікке жетуі жолында әкесі әрі жеке бапкері Мұхамет Нұғымановтың үлесі зор. Баласының бойындағы спортқа деген бейімділікті ерте байқаған әке оның ынғайын тап басып, жаттықтырудан жалыққан емес. Кішкентайынан күрес әліппесімен таныстырып, өзі білетін айла-тәсілдің барлығын үйретіп, бала қырандай баулады. Аянбай тер төкті және ұлының да жеңіске деген жігерін жанып, тасқайрақтай қайрады. Сенді, үміттенді. Жыл сайын шеберлігі шындалған Исхар да белестерді біртіндеп бағындыра бастады. Облыста оза шауып,



республикада олжа салды. Халықаралық жарыстарда алдан көрінді, құрлықтық додаларда жеңіске жетті. Осылайша, сатылап өсіп, жастар арасындағы әлем чемпионатына жолы түскенде барын салып, елімізге алтын медальмен оралды. Иордания астанасы Амманда өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында 55 келіде күрескен казак балуанына қарсылас шак келмей, тұғыр төрінде тұрды. Финалда әзербайжан Фарид Садилиди ойсырата ұтқаннан кейін қуаныштан кілем үстіне атып шығып, еліміздің көк

сынды жастар арасында топ жарғандар қатарына тағы бір жаңа есім қосылды.

Исхар бүгінгі биігіне аяқастынан шелектеп тер төкті. Талай сынақта қара үзіп шықты. Ол грек-рим күресінен Қазақстанның спорт шебері. 2018-2019 жылғы қалатер арасында әлем және екі дүркін Азия чемпионы. 2023 жылы ересектер арасында грек-рим күресінен Қазақстанның чемпионы. Сондай-ақ 2023 жылғы ақпан айында өткен Қазақстан Республикасының VI Жазғы спартакиадасының

керек. Алдағы олимпиада ойындарына қатысып, ел намысын абыроймен қорғағым келеді. Мені қолдаған жанкүйерлерге, туған-туыс, достарыма алғысым шексіз. Еліміздің Туы әрдайым биікте желбіреп, Әнұранымыз әуелей берсін», — деген жанкүйерлері алдында су жаңа әлем чемпионы.

Парижде өтетін олимпиада ойындарына да бір жылдай уақыт қалды. Оған дейін Исхар бар күш-жігерін сол дүниежүзілік додаға жолдама алу жолында жұмсамақ. Грек-рим күресінен Нұрбақыт Теңізбаевтан кейін олимпиадада жүлде алған казак балуаны жоқ. Жетісулық балуанның даңқты жолын келесі жетісулық қайталайды деген сенім үлкен.

Күні кеше жастар арасындағы әлем чемпионы мен оның жаттықтырушысын арнайы қабылдаған Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев та өзінің құттықтауы барысында осындай ойды айтты.

— Жетісу таланттарға кенде емес. Соның ішінде спорттан дарындыларымыз талай биікті бағындырып жүр. Осыдан 20 жыл бұрын жерлесіміз Нұрбақыт Теңізбаев осы грек-рим күресінен жастар арасында әлем чемпионы атанып, 2008 жылы олимпиада ойындарында жүлдегер болған еді. Енді, міне оның жолын сен жалғап, әлем жастары арасында үздік шықтың. Бұл жетістігің біріншіден, өзіңнің күш-жігерің мен тынымсыз еңбегіңнің арқасы, екіншіден, сені 7 жастан осы күреске баулып, жаттықтырған өкениң еңбегіңнің жемісі. Сен тек өз әулетіңді, Жетісу өңірін ғана емес, Қазақстанды әлемге таныттың. Енді ересектер арасында топ жарып, Олимпиада шынына шығуына тілектеспін. Шаршамай-талмай жаттығып, еңбектен. Біз саған барлық жағынан қолдау көрсетеміз, — деді облыс әкімі.

Жас спортшы әкіммен әнгіме барысында Әлем чемпионатының қалай өткенін қысқаша айтып берді. Сол сияқты өзінің спорттық жолы, ең мықты қарсыластармен белдесуден кейінгі түйген ойлары, алдағы жоспарлары жайлы баяндалды.

— Жастар арасында Әлем чемпионы атанғаным менің ғана емес, еліміздің жеңісі деп білемін. Алда жоспарларым көп. Олардың бәріне тынбай жаттығудың арқасында жетемін деп ойлаймын, — деді Исхар Құрбаев.

Жаттықтырушы Мұхамет Нұғыманов шәкіртінің келесі жылы ересектер арасында белдесетінін білдірді. «Исхар қазір Алматыдағы Спорт және туризм академиясының 3-курсында оқиды. Жаттығуға, үлкен максаттарға жетуге барлық мүмкіндігі бар. Көрсеткен қолдауларыңыз үшін алғыс айтамыз», — деді бапкер өке.

Облыс әкімі спортшы мен оның жаттықтырушысын Құрмет грамотасымен марапаттап, чемпионға 1 млн теңгенің сертификатын тапсырды.

Жетісу облысы

СЫР ЕЛІНДЕ СОНЫ СЕРПІЛІС

Биыл Сыр өңірінің бас шаһары – Қызылорда қаласында көп игі бастама қолға алынып, тың жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Қала көркі айшықталып, әлеуметтік салада серпіліс байқалады. Экономикалық бағытта да өсім бар.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Жалпы, жыл сайын облыс орталығында көпқабатты тұрғын үйлерді абаттандыру, қасбеттеріне күрделі жөндеу жүргізу, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Соның ішінде маусым айынан бастап демеушілердің қолдауымен облыс орталығындағы 28 үйдің қасбеті заманауи панелдермен қапталуда. Соңғы үлгіде жаңарып, сапалы материалдармен қапталған тұрғын үйлердің қасбеттері қаланың сәулеттік келбетін айшықтай түсті. Аталған жұмыстар жергілікті демеушілердің ықпалымен жүргізілді. Нақты айтқанда, бұл қала құрылысшылары мен кәсіпкерлердің қолдауымен жүзеге асырылып отыр.

Сонымен қатар осы жылы облыс орталығының тұрғын үй құрылысын дамытуға, инженерлік және инфрақұрылымды жақсартуға бюджеттің барлық көзінен 121,2 млрд теңге бөлінген. Аукымды жобалар сапалы жүргізіліп, ел игілігіне берілмек.

Бұған қоса, қалада құны 1,6 млрд теңгені құрайтын неке сарайының іргесі қаланды. Сондай-ақ 3,7 млрд теңгеге 1000 орындық «Өнер орталығы», 2,8 млрд теңгені құрайтын «Облыстық қан орталығы» мен Сырдария өзенінің сол жағалауынан жалпы құны 1 млрд теңге болатын автобекет құрылысы жүргізіліп жатыр. Сол сияқты өңірдің инфрақұрылымдық әлеуетін арттыруда «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы үлкен маңызға ие. Бұл нысан Болат Өтемұратов қорының қолдауымен 25 млн АҚШ долларына салынуда.

Облыс орталығында жүзеге асырылып жатқан өміршең жо-

«Сыр өңірінің 85 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өту мақсатында облыс аумағында көп шара ұйымдастырылатын болады. Соның ішінде кітап көрмелері, жыр кештері, Қызылорда туралы ретро-концерт, халықаралық фольклорлық музыкалық өнер фестивалі, республикалық акындар айтысы, бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметіне арналған танымдық конференциялар өтеді. Сондай-ақ аймақтың қоғамдық-саяси дамуы мен тарихи оқиғалардан сыр шертетін республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу жоспарлануда. Қазір облыстың тарихын кеңінен баяндайтын «Қызылорда облысы: тарих, бүгін, болашақ» тақырыбында арнайы деректі фильм түсіру қолға алынды. Жалпы, мерекесі қарсаңында атқарылатын жұмыстар мен өткізілетін шаралардың ауқымы кен», — деп түсіндірді бұл жайында арнайы өткізілген брифингте Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов.

Мерейлі күнді қала аумағында да кең көлемді атап өту қазірден бастап жоспарланған. Бұл жайында Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шаменов былайша түсіндірді.

«Қала күні барша қызылордалық асыға күтетін мерекеге айналды. Биыл мерейлі күн аясында 20 тармақтан тұратын іс-шаралар жоспары бекітілді. Осы жоспарға сәйкес, қыркүйек айынан бастап қазан айының екінші онкүндігіне дейін қала тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл күй сыйлайтын түрлі іс-шара ұйымдастырылады. Соның ішінде Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аукымды шаралар, жастардың карнавал шеруі мен республикалық жайдарманшылардың фестивалі өткізіледі. Сонымен қатар



балар мұнымен шектелмейді. Белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Анағатазым» орталығының құрылысы сәтті аяқталуға жақын. Көп ұзамай осы орталық пен «Неке сарайы» ел игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Биыл Қызылорда облысының 85 жылдық және қаланың 205 жылдық торталы тонын кең көлемде атап өту жоспарланып отыр. Көс мерекенің арнайы жоспары бекітіліп, түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар өткізу көзделуде.

облысқа қарасты 7 аудан ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін ұйымдастырып, соны мерекелік концерттік бағдарламаға ұласады», — деп атап өтті брифингте қала әкімі.

Жалпы, осы күні тәрбие-лік-танымдық бағыттағы түрлі жиын мен көңілді кеш көпшілік назарына ұсынылып, мерекені жоғары деңгейде атап өту көзделіп отыр. Соған орай құрылыс алаңына айналған Сыр еліндегі әрбір серпінді іс көс мерекеге толағай тарту болары сөзсіз.

Қызылорда облысы

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГІ

AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботағаз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Саятхан САТБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАК —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорыңдар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4343
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,